керуенсарайларда жүргізген болса, ал этнографиялық жұмыстарды Қарақалпақстан және Түрікменстандық бөлімдері ұйымдастырды. Осы жылға зерттеулер 8 қарашаға дейін жалғасқан[8, 13 б.]. Экспедиция құрамында археологиялық барлау бөлімі қызмет атқарады. Солардың бірі, «Орал – Үстірт» бағытында археологиялық барлау жұмыстарын атқарады. Олардың міндеттері «Орал – Үстірт» бағыты бойынша жолда кездесетін қорғандар, ескерткіштер мен керуенсарайлардың орындарын тауып белгілеу болды. Авиа-барлау кезінде бөлім қызметкерлері 1946 жылы сауда жолы тармағында орналасқан Білеулі деп аталатын керуен сарайды анықтаған болатын. 1950 жылға келіп арнайы барлау бөлімі бұл жерде нақты зерттеулерді бастайды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде көптеген белгісіз жатқан қорғандар мен ескерткіштер анықталып, тыңғылықты зерттеле бастады.«Орал-Үстірт» бағытындағы 15 адамнан тұратын барлау бөлімі 1950 жылы Жайық өзені бойындағы қала мен қоныстарға барлау жасады. Зерттеулер барысында Сарайшық қаласына да бет бұрады. Ежелгі қала моңғол кезеңінің дереккөздерінде кездеседі және зерттеушілер Сарайшық қаласын моңғол, Алтын Орда заманына жатқызады. Осы орында С.П.Толстов Сарайшық атамасы анық мәлімет емес екендігін айта келе, қала орнында оған дейін Саксин деп аталатын елді-мекен болғанын тағы айтады [8, 14 б.]. Бұл мәселе жөнінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Мұқтар «Сарайшық киелі мекен» атты ғылыми мақаласында археологтың Сарайшыққа қатысты пікірлеріне назар аударған[13]. Профессор мақаласында С.П.Толстовтың Сарайшықтағы зерттеулеріне назар аударып қаланың мәдени қабаты моңғол кезеңіне дейін қалыптасты деген тұжырымына маңыз береді. Бұған негіз болған, археологтардың Сарайшықтың мәдени қабаттарынан VIII ғасырға жататын жәдігерді табылуына орай, ғалымдар Сарайшық қаласының қалыптасуына байланысты бірнеше тұжырымдар келтіреді деген пікірде. Мысалы, кейбір ғалымдар Сарайшық қаласы астында «Сақсын» қаласы болды десе, ал екіншілері «Сақсын» оғыз-печенегтер тайпасына тиісті деген пікірде[13]. 1950 жылдары Сарайшықта археологиялық зерттеу-жұмыстарын жүргізген археолог Ә.Х.Марғұлан шығармаларында Сарайшықтың мәдени қабаты Моңғол кезеңі, Алтын Орда және Ноғай-Қазақ заманы деп аталатын 3 бөліктен тұратындығы келтіріледі. Ал мәдени қабаттың тереңдігі 4 м-ге дейін жеткендігін көрсетеді. Олай болса, жоғарыда келтірілген деректерді басшылыққа ала отырып, Сарайшықта археологиялық зерттеулерді жалғастыру арқылы тұжырымдардың ақиқатылығына жете аламыз [14, 411 б.]. Сонымен қатар, ортағасырлық Сарайшық Алтын Орданың, Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының мәдени, саяси-экономикалық және сауда орталығы болғаны баршамызға мәлім. Ол туралы археолог М.Касеновтың «Городище Сарайшык-в источниках» атты мақаласында Ә.Марғұланның: «В связи с возникновением феодализма во времена расцвета и оживления международной торговли и обмена, появлялись поселения вдоль торговой пути...» - деген пікірін келтіре

қаланың сауда керуен жолының маңызды орталықтарының бірі болған деген пікірге тоқталады [15, 179 б.].

XVIII ғасырда Ресей империясы Хиуа хандығына алып баратын қолайлы жолдардың бағыттарын зерттеу мақсатында бірнеше әскери экспедициялар жіберіп отырды. Бұл экспедициялардың бастапқы тірек нүктесі Сарайшық қаласы және Ноғай жолы болды. Экспедиция географиялық аймақтардың табиғаты, жануарлар әлемі, жер бедері, тарихы, мәдениеті туралы ақпараттар жинады. Осындай ғалым-саяхатшылардан И.Г.Гербер, И.П.Фальк, А.И.Левшин, Ф.Ф.Берг, В.Григорьев, А.Е. Алексеев, А. Лоскутов т.б. зерттеушілер өз еңбектерінде зерттеушілер үшін құнды деректерді жазып қалдырған[16].

Солардан бірі, 1824 жылы ортағасырлық Сарайшықтың қирандыларын өз көзімен көрген А.И.Левшин болды. Ол өзінің «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацских, степей» атты еңбегінде Сарайшық және Хиуа қалалары ортасында сауда керуен жолының төмендегі үш тармағын бөліп көрсетеді. Алғашқы бағыт Сарайшықтан Тентек Сор арқылы жүріп өтіп, Үстірт арқылы Ақтөбе Күркіреуіне бағытталды. Ал екіншісі Жем өзені арқылы Желді тауының жанымен жүріп отырып Үстірт арқылы Үргеніш қаласына жеткен. Үшінші бағыты Сарайшықтан Хиуаға қарай алып баратын жол болған[17, 109 с.]. А.И.Левшиннің деректері негізінде қала ортағасырларда маңызды сауда орталығы болғандығын аңғаруға болады.

Сарайшықтың қолайлы географиялық нүктеде орналасуы, қаланың сумен және құрылық арқылы сауда жасауға мүмкіндік берген. Хорезм экспедициясының бөлім жетекшісі М.А.Орлов Сарайшық пен Хиуа қалалары арасындағы сауда жолы мен елді мекендерді бақылайды [17, 30 б.]. Ал А.И.Левшин болса, «Известия о древнем татарском городе Сарайчик» атты шығармасында Сарайшық қаласы бойымен өткен көптеген сауда керуендері туралы: «...Впрочем, как бы то ни было, но в XIV столетии Сарайчик уже существовал, и был известен и Генуэзцам. Их купеческие караваны ходили через него из Азова в Ургенч, Отрар, и даже в Пекин. Флорентинец Пеголетти, бывший очевидным свидетелем тех торговых путешествий в 1335 году, и описавший подробно их направление, не только упоминает о Сарайчике, но определяет его расстояние от Астрахани, Сарая и Ургенча», - деп жазып дерек қалдырады[18, 42-43 бб.]. Еңбекте сауда жолы бойынан өткен көпестер мен олардың қалдырған деректері жайлы бағалы мәлімет келтірілген. Археолог С.П. Толстов зерттеулерінде сауда жолдары бойында орналасқан керуенсарайлардың да заманының архитектуралық ерекшелігі мен өзіндік тарихы болғандығына тоқталған. Солардың бірі, Мақат және Жамансор темір жол станциясы арқылы Сағыз өзені жағасындағы ортағасырлық Таскешу керуенсарайына келді. Керуенсарай өлшемі 42х45 м, тікбұрышты пішінге ие. Ол күйдірілген кірпіштен қаланған. Кірпіш көлемі 28х28х6 см. Экспедиция мүшелері керуенсарайдың солтүстік бөлігі шурф салып, ол

жерден ерте ортағасырға жататын керамика сынықтар, жануар қалдықтары, құрылыс кірпіш сынықтары табылды[8, 14-15 с.]. Сауда жолы бойында орналасқан Таскешу керуенсарайынан кейін, Қосқұдық, Білеулі деп аталатын орындар да сақталған.

Археолог, ғалым С.П. Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы 1937-1991 жылдары аралығын өте кең аумақты қамтыған археологиялық, этнографиялық зерттеу-барлау жұмыстарын жасады. Бұл зерттеулер Орта Азия, соның ішінде Қазақстан даласындағы археологиялық кешендерді анықтап, олардың тарихын зерттеуге алғашқы қадам болды. С.П.Толстовтың өз кәсібіне деген қызығушылығы мен ұйымдастырушылық қасиеті нәтижесінде көптеген жас ғалымдар археолог, этнограф мамандар қалыптасып, осы экспедиция деректері негізінде өздерінің зерттеулерін одан әрі қарай жалғастырды. Ғалымның жүргізген кең ауқымды зерттеулері нәтижесінде ежелгі және ортағасыр қалалары орны анықталды. Бүгінгі таңда бұл зерттеулер тарих ғылымы үшін материалдық дереккөзі екені сөзсіз. Сарайшық қаласы орнын зерттеуде С.П.Толстовтың зерттеулерінің тарихи құндылығы жоғары деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1 Итина М.А., Першиц А.И. С.П. Толстов — историк-востоковед, археолог, этнограф, антрополог. // Сайт: <http://archaeologyca.su/?p=1167>. Пайданылған уақыты: 10.01.2021 жыл, сағат: 00:47;

2 Толстов Сергей Павлович // Сайт: <http://ethnographica.kunstkamera.ru/w/index.php?title> Пайданылған уақыты: 10.01.2021 жыл, сағат: 01:15;

3 Толстов С.П. Древний Хорезм: Опыт историко-археологического исследования. М.: Издания МГУ, 1948. - 440 с.

4 Виноградов А.В., Тысячелетия, погребенные пустыней. Сайт: <http://historic.ru/books/item/f00/s00/z0000134/st004.shtml> Пайдаланылған уақыты: 10/01/2021 жыл, сағат: 16:01;

5 Топыраққала// Сайт: <https://e-history.kz/ru/kazakhstanika/show/10865/> Пайдаланылған уақыт: 10.01.2021 жыл, 16:25;

6 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. /Бас ред. Б.Аяған. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. – Т.IX. - 688 б.

7 Жұмабаев А.Ж. Хорезм және Сарайшық, «Жайық шұғыласы» газеті. 21 мамыр 2020 жыл // №21-10 б.

8 Археологические и этнографические работы Хорезмской экспедиции. 1949–1953 гг. / Ред. С.П.Толстов. — М.: Изд-во АН СССР, 1958. –Т.II. - 824 с.

9 Советская этнография // Отв. ред. С. П. Толстов. — М.: Изд-во АН СССР, 1947 г // №3. — 186 с.

10 Археологические и этнографические работы Хорезмской экспедиции / Ред. С.П.Толстов. – М.: Изд-во АН СССР, 1958. –Т.III. – 433 с.

11 Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР 1948. – 328 с.

12 Жарылқасынов Р. Алтын асар құпиясы. // «Егемен Қазақстан» газеті.

Сайт: <https://egemen.kz/article/28078-altyn-asar-qupiyasy> Пайдаланылған уақыт: 11 01.2021 жыл. Сағат: 00:26

13 Мұқтар Ә.Қ. Сарайшық - киелі мекен // «Егемен Қазақстан» газеті. 9 тамыз 2017 жыл // №151 (29132) – 6 б.

14 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары – Алматы: «Алатау», 2010. – Т.IX. – 472 б.

15 Касенов М. «Городище Сарайшык-в источниках» // «Жошы Ұлысы және Сарайшық Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (10 қазан, 2019 жыл) // Жалпы редакциясын басқарған Ә.Қ. Мұқтар, Ө. Қанай – Алматы, 2019. – 310 б.

16 Ахметова Ұ. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы (1887-1918жж.) Монография: -Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. -320б.

17 Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.2.: Сочинении А.Левшина. - СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. - 264 с. +1 карта.

18 Сарайшық –бабалар мұрасы //Құр. Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 б.

УДК 902

ҚР ТАРИХЫ КАФЕДРАСЫ ЖҮРГІЗГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Байбулсинова А.С..

М.Өтемісов атындағы БҚУ,

*ҚР тарихы кафедрасының меңгерушісі,
тарих ғылымдарының кандидаты*

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ҚР тарихы кафедрасында дәстүрлі негізде бірнеше жылдардан бері археологиялық мектеп қалыптасқан. Университеттің 1932 жылы құрылуы барысында ең алғашқы ашылған факультеттерінің бірі біздің тарих факультеті болатын. Факультеттің тарих мамандығы бойынша археологиялық қазба жұмыстары 1967 жылдан басталады. Университеттің жанындағы археологиялық қазба жұмыстары 1967 жылдан 1987 жылға дейін ең қарқынды және өнімді жүргізілген кезеңі болды. Бұл кезде археологтар Г.А.Кушаев, Б.Ф.Железников, В.А.Кригер сияқты майталман мамандар қызмет жасады. Аталған жылдары барлығы 300 ден астам қорғандарға зерттеу жүргізіліп, қазба жасалған.



1969 жылғы археологиялық экспедиция барысы. Жетекші Г.А.Кушаев.

1967 жылдан бері табылған археологиялық жәдігерлер осы уақытқа дейін жүргізілген 300-ден астам қорғандарды зерттеу нәтижесінде жинақталған. Бұлар 2003 жылы ашылған ҚР кафедрасы жанындағы археология музейіне экспонаттар ретінде қойылған.

Коллекцияда 1981 жылы Орал маңы ауданындағы Жайық өзенінің орта ағысының оң жағалауынан табылған ежелгі грек мифінің сюжеті бойынша күміспен орындалған ерте темір ғасырындағы ат әбзелдері – Володар фалларлары сияқты бірегей олжалар бар. Мұражайда қола және ерте темір дәуірінің материалдық мәдениетінің заттары мол ұсынылған: сүйек құралдары, аң стилінде жасалған зергерлік бұйымдар, қару – жарақ, түрлі керамика. Біздің өлкеміздің ежелгі тарихы туралы неғұрлым сенімді түсінік беруге мүмкіндік беретін қабір үсті құрылысының – құлпытастың, орта ғасыр дәуіріне жататын кірпіштің және тағы басқалардың фрагменті бар. Археологиялық материалдар, атап айтқанда осы жерде ұсынылған материалдар бүгінгі күні біздің өлкеміздің тарихы бойынша негізгі дереккөз болып табылады. Мұражай студенттерге, мектеп оқушыларына, тарих мұғалімдеріне экскурсияларға, ғылыми конференциялар мен үйірмелер өткізуге ашық.



*Археологиялық экспедицияға, сараманға қатысушы студенттер.
Жетекші Г.А.Кушаев.*



1985 жылғы археологиялық экспедиция барысынан. Жетекші Г.А.Кушаев.

Қазіргі кезде де «Туған жер» жобасын жүзеге асыру аясында және студенттерді ортағасырлық аймақтың тарихымен таныстыру мақсатында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде 2012-2016 жылдары қазба жұмыстары облыстың алыс аймақтарында (аудандарда) жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар жемісті болып, БҚУ 2016 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында иеліктен шығарылмайтын 1-сыныпты №16008582 Лицензия иеленді. Лицензия негізінде 2017 жылдың 29 мамырынан 10 маусымына дейін 5B011400-тарих, 5B020300-тарих білім бағдарламасының 1 курс студенттері, «ҚР тарихы» кафедрасында археологиялық экспедиция ұйымдастырып, студенттер мен облыстағы

жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдері қатыстырылды. Қазба жұмыстары Ш.Сүлейменов фермерлік шаруашылығының құрылысынан шығысқа қарай 350 м жерде, Жайық қалашығының солтүстік-шығыс шетімен шектесетін аумақта жүргізілді.

Жұмыстар басталғанға дейін объектілерді анықтау бойынша барлау жұмыстары жүргізілді. Жұмыстардың негізгі бөлігі шығыс бағытта жүргізілді. Алдыңғы жылдардағы зерттеу нәтижелерінен белгілі болғандай, елді мекеннің көп бөлігі қазіргі ауылшаруашылық жұмыстары кезінде бұзылып, жағалаудың эрозиясына байланысты жойылды. Қалашықтың осы бөлігінде жер үсті құрылыстарының қалдықтары табылған жоқ. Барлаулар қалашықтың Шығыс және солтүстік-шығыс бөлігінде қазіргі көкжиекте күйдірілген кірпіш, металл, керамика сынықтары көп кездесетінін көрсетті. Қалашықтың ауданын қарау кезінде көтергіш материал жиналды, нәтижесінде мынадай заттар табылды: кірпіш түсті саздан жасалған ыдыс-аяқ пен тостағанның 10 ұсақ фрагменттері. Олардың шеттері көбінесе түзу немесе сәл иілген. Алайда, жиектің сөре тәрізді (ішке және сыртқа) дизайны, ішкі жағы бар бұрышты қалыңдату және сыртқы жағынан ролик тәрізді дизайн бар. Қабықтардың қалыңдығы 6-8 мм., онда мыс пен қоладан бірнеше анықталмаған ұсақ бұйымдар, 2 кішкентай дөңгелек жалпақ шыны моншақтар табылды. Қазба көлемі 5x5 м солтүстік-оңтүстік бағытында жүргізілді, кейінірек ұқсас өлшемдегі үш квадратқа кеңейтілді. Жоғарғы горизонтты алып тастағаннан кейін, бұл жерде жануарлардың сүйектері мен керамика сынықтарының көп мөлшері бар құмды-жапырақты табиғаттың өте жұқа мәдени қабаты бар екендігі анықталды. Мәдени қабатты ашу кейіннен тазарту арқылы «штык әдісімен» жүргізілді. Мылтықтың нөмірі бойынша табылған заттарды бекіту жүргізілді.

Алғашқы «найзаның» мәдени шөгінділері тек тұрмыстық қоқыс үйінділері - күл қабаттары мен линзалар, жануарлар сүйектерінің көп мөлшері (қой-ешкі (басым), сиыр, жылқы) және балық, станоктың фрагменттері және көптеген қалыпталған керамика болды. Жоғарғы қабатты алып тастағаннан кейін қазба алаңында тығыздалған толтырылған саздың қабаттары анықталды.



Жайық I қорғанын зерттеу және қазба жұмыстары барысынан көністер. Маусым, 2019 ж. Жетекші Я.А.Лукпанова.

Сол сияқты бірнеше жылдық осы қазба жұмыстары барысында станокты және жабыстырылған керамиканың фрагменттері, жануарлар мен балықтардың сүйектері табылды, сондай-ақ шыны пастанан бірнеше моншақтар табылды. Жылтыратылған керамиканың бірнеше фрагменттерін ерекше атап өтуге болады.



Жайық I қорғанын қазу жұмыстарының барысы. 2019 жыл, маусым. Жетекші Я.А.Лукпанова.

Қазба жұмыстарының барысындағы жеке олжалар аз мөлшерде табылған. Олардың арасында шыны моншақтар өте көп. Моншақтардың басым көпшілігі қара, көгілдір және көкшіл түсті шыны пастадан жасалған; пішіндер әртүрлі: сфералық, бөшке тәрізді, жалпақ сфералық (немесе аймақтық). Пішіні жағынан олар біртекті және Алтын Орда кезеңіндегі Хорезм мен Еділ бойындағы ауылдық елді мекендерден табылған заттарға ұқсас. Материалдар негізінде зерттелген шаруашылық-тұрмыстық құрылыс XIV-XV ғғ.басында археологиялық тұрғыдан салынған деп болжауға болады.

Ал 2019 және 2020 жылдары ҚР тарихы кафедрасының археологиялық қазбалар жұмысын археолог Яна Лукпанова және 2020 жылдан бастап археолог Ерлан Ерсайнұлы Клышев жүргізіп келеді. 2019-2020 оқу жылында археологиялық қазба жұмыстары 22-27 маусым аралығында сараман есебінде жүргізіліп, негізгі жұмыстар одан әрі 30 тамызға дейінгі уақытты қамтыды. Бұл кезде археологиялық жұмыстар БҚО Тасқала ауданындағы Деркул-1, Маңғыстау облысындағы Ақшүкір ауылы маңындағы ертетемір кезеңінің қорғандары зерттелді.



*Деркул I қорғаны. Жұмыс барысынан көрініс. 2020 жыл,
Тасқала ауданы. Жетекші Е.Е.Клышев. Т.Мамиров.*



*Ақшүкір I қорғанын қазуға қатысушы студенттер. 2020 жыл,
Маңғыстау облысы. Жетекші Е.Е.Клышев.*

Бір айта кететін жайт, 2018-2019 оқу жылынан бастап жазғы археологиялық сарамандар Ғылым Ордасындағы Ә.Марғұлан атындағы археология институтының археолог мамандарымен бірлескен ғылыми жобалық жұмыстар (жоба жетекшісі т.ғ.к., археолог Т.Мамиров) ретінде жүзеге асып келеді. М.Өтемісов атындағы БҚУ ҚР тарихы кафедрасымен өзара ынтымақтастық келісім бойынша қазіргі кезде кафедраның оқытушылары профессор М.Н.Сдыков пен магистр-археолог Е.Е.Клышев Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының Нұрсұлтан қаласындағы филиалымен біріккен жобалық жұмыстар жүргізіп отыр. Жобалық зерттеу жұмыстарына кафедрадағы 6В01601-Тарих, 6В02201-Тарих бакалавр білім бағдарламалары, сонымен бірге 7М01601-Тарих білім бағдарламаларының магистранттары қатысты.

Жалпы, ҚР тарихы кафедрасында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында осы уақытқа дейін 300-ден астам тарихи қорғандар қазылып (ертетемір, қола және ортағасырлық кезеңге жататын), олардан 2000-нан астам жәдігерлер табылған.

2020-2021 оқу жылы ҚР тарихы кафедрасында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге рұқсат беретін 2 мемлекеттік лицензиясы бар мамандар бар. Олар тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Н.Сдыков және тарих магистрі, археолог Е.Е.Клышев. Кафедрада соңғы жылдары жазғы археологиялық экспедиция жұмыстарының қорытындысы бойынша және Қазақстандағы соңғы археологиялық жаңалықтарды талқылауды мақсат еткен «Г.А.Кушаев оқулары» атты дәстүрлі республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу қолға алынған. Осылайша, ҚР тарихы кафедрасы 1938 жылы құрылған Тарих факультетінің қалыптасқан дәстүрлі ғылыми-зерттеу мектебін, оның ішінде археология мектебін заңды жалғастырушысы әрі басты орталық қызметін атқарып келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Альбом в ходе раскопок в 1975 году, № 1 (1)
2. Альбом в ходе раскопок в 1975 году, № 1 (2)
3. Альбом в ходе раскопок в 1975 году, № 2 (1)
4. Альбом в ходе раскопок в 1975 году, № 2 (2)
5. Альбом в ходе раскопок в 1975 году, № 3 (1)
6. Альбом в ходе раскопок в 1975 году, № 3 (2)
7. Альбом в ходе раскопок в 1977 году, № 1
8. Альбом в ходе раскопок в 1977 году, № 2
9. Альбом № 1 к отчету Б.Ф.Железчикова, В.А.Кригера «Археологические работы в Уральской области» в 1979 году, № 1
10. Альбом фотографий раскопок УПИ в 1979 году
11. Альбом фотографий раскопок и археологических находок 1978, 1979, 1980 гг.
12. Альбом к отчету М.Г.Мошковой, Б.Ф.Железчикова, В.А.Кригера «Археологические работы на территории Уральской области» в 1980 году.

13. Альбом фотографии раскопок УПИ в 1984 г. «Бубенцы» и «Шайтан-Оба»
14. Альбом № 1 фотографии могильника «КРЕСТЫ» в 1988 г.
15. Альбом № 2 фотографии могильника «КРЕСТЫ» в 1988 г.
16. Альбом № 3 фотографии могильника «КРЕСТЫ» в 1988 г.
17. Альбом в ходе раскопок в 1982 г. на р.Солянка.
18. Альбом в ходе раскопок в 1983 г.
19. Альбом в ходе раскопок в 1989 г. в долине р.Чаган.
20. Альбом № 1 в ходе раскопок в 1991 г.
21. Альбом зарисовок Лебедевки.
22. Прорисовка вещей из могильников: Алебастрово-I, Челкар – II, III, IV, V., Барбастау – I, II, III, IV, V.
23. Зарисовки 1977-1-80 гг. (78 листов).
24. Отчеты археологической практики за 3 года. 2018-2020 гг.

II СЕКЦИЯ

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ХАЛЫҚ ТАРИХЫ: ТІЛ, МӘДЕНИЕТ, ДӘСТҮР МЕН ҰЛТТЫҚ ТАРИХ

ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И НАРОД: ЯЗЫК, КУЛЬТУРА, ТРАДИЦИИ И НАЦИОНАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ

УДК 39(574)

В ТРАДИЦИЯХ И ОБЫЧАЯХ ПРАЗДНОВАНИЯ НАУРЫЗА У КАЗАХСКОГО НАРОДА

Тастаева Ж.К.

*Кандидат исторических наук,
учитель истории
СОШ №16 г.Уральска*

У казахов, как и у других народов, практическая трудовая деятельность с глубокой древности была тесно связана с различными верованиями и обрядами протоказахских племен, живших на территории Великой степи. Некоторые из них за долгие века бытования в исламской среде трансформировались, утратили некоторые архаичные черты и мусульманизировались. В южных земледельческих районах Казахстана сельскохозяйственная обрядность сохранилась в сравнительно более цельных формах, чем в других регионах Казахстана.

Важное место в обрядности казахского народа принадлежит Наурызу - Новому году, празднику пробуждения и воскресения природы, знаменовавшим начало сельскохозяйственных работ. Обычай празднования Нового года восходит к древнеиранской традиции (перс. Ноуруз), получившей широко распространение у народов Передней и Средней Азии. Жанибеков У. верно отмечает, что «не безучастия некоторых горе-теоретиков социалистической обрядности этот очень своеобразный народный праздник был предан забвению в советское время. ...традиция «Наурыза», как известно, возникла задолго до принятия мусульманства в казахских степях» [1, с. 129].

У казахов «наурыз» - название одного из весенних месяцев. Р.М. Мустафина отмечает, что у казахов были известны три Наурыза, связанных с различными датами [2, с. 129]. Это: 1 марта – древний казахский; 9 марта - персидский; 12-13 марта - казыбек-наурыз, который праздновался всеми казахами. Наиболее часто наступление Нового года связывали с днем весеннего равноденствия - 21-22 марта.

В Западном Казахстане Наурыз традиционно праздновался 14 марта - Көріскүні. В этот день было традиционно принято пожать руки друг другу, простить и примириться с окружающими. В Мангистауской области этот день называется Амал Күні. По некоторым этнографическим сведениям «наурызом» казахи называли лишь первый день весны [2, с. 117]. В связи с переходом в России юлианского на григорианский календарь, который был введен с 14 февраля 1918 г., различие между старым и новым стилями в XX в. составило 13 суток, т.е. по новому стилю 1 марта соответствовало 14.

Шакарим Кудайбердиев в письме своему сыну Ахату также отмечает, что «14 март - ескіше 1 март. Бүгін ескіше 1 март, қазақша жаңа жыл, Ұлыстың ұлы күні. Ал жаңа жылдың бұрынғы аты - Наурыз, бұл фарсы тілінде жаңа күн деген сөз» [3]. Это подтверждает, что 1 марта по старому стилю – древний казахский Наурыз.

Тюркологи считают, что исчисление Наурыза 14 марта связано с системой счета времен тюрков. У тюрков Южной Сибири счет времени велся девятками дней, которые группировались в четыре температурных цикла, совпадающих в основном с четырьмя сезонами года. Зимние холодные девять девятидневок - это время «рождения» и «умирания» мороза (с 23 декабря до 14 марта). С 14 марта наступала весна - время «взросления» листьев и пения кукушек. Известно, что раньше апрель называли «Кокек» (кукушка).

Как и многие народы Средней и Передней Азии, казахи отмечали весенний праздник Нового года - Наурыз. Наурыз, восточный праздник, как отмечалось уже выше, берет свое начало еще со доисламской истории народов Средней Азии. Это был не только земледельческий праздник. Пробуждение природы вызывало надежды на плодородие в самом широком смысле слова. Считалось, что в этот день происходит обновление в природе, гремит первый весенний гром, набухают почки над деревьями, буйно прорастает зелень. Если в этот день рождались мальчики, их называли по традиции Наурызбаями или Наурызбеками, а девочек просто Наурыз или Наурызгуль. Если в день равноденствия выпадал снег это считалось добрым знаком. В далеком прошлом казахи называли Наурыз Днем улуса (народа), или Великим днем улуса. В народе есть поверье: чем щедрее будет отмечен праздник Наурыз, тем благополучнее пройдет весь последующий год. Отсюда - изобилие праздничных обычаев и атрибутов.

Накануне праздника весеннего равноденствия люди приводили в порядок жилье, расплачивались с долгами, мирились находившиеся в ссоре, ибо, как утверждали старики, когда Наурыз входит в дом людей, все болезни и неудачи должны обходить их стороной. В ночь перед торжеством в знак пожелания обилия молока, урожая и дождя все емкости наполняли молоком, айраном, зерном, ключевой водой, а в день Наурыза все старались быть в добром расположении духа, при встрече обнимали

друг друга, высказывали самые добрые пожелания, чтобы все невзгоды и беды миновали их.

Празднование Наурыза начиналось традиционной встречей рассвета, связанного со старинным ритуалом «Если увидишь родник - расчищай его исток». Встречая рассвет, все взрослое население, молодежь и дети, взяв в руки лопаты и кетмени, собирались в условленном месте у родника или арыкаи производили его расчистку. Затем все вместе под руководством почтенных стариков производили посадку деревьев. При этом по установившейся традиции произносились слова: «Пусть останется в памяти от человека дерево, нежели стадо» и «Срубил одно дерево - посади десять!». После исполнения ритуальных мероприятий три человека в образе «жыршы» - зазывалы (глашатая), обходили все улицы, площади, дворы и звали всех на праздник. Они одевались в яркие, праздничные костюмы. Ими могли быть персонажи казахских народных сказок - Алдар Косе, Жиренше и красавица Карашаш. После этого начиналось праздничное представление. Люди веселились, поздравляли друг друга с наступлением Нового года, желали друг другу добра, пели песни, которые издавна были сложены специально для этого праздника - «Наурызжыр», устраивали борьбу мужчины с женщиной, состязания в скороговорках - «жанылтпаш», отгадывании загадок - «жумбак».

В эти дни обычно готовилось много еды, которая символизировала достаток и изобилие в наступающем году. В полдень, на установленном месте у селения, резали быка и варили из его мяса блюдо «бель-котерер», что означает «выпрямляющий стан», так как бык всегда считался одним из самых сильных животных, и пища из него давала людям силу и выносливость. Дастархан накрывали в каждой семье. Трапеза приурочивалась к полудню, до и после которой мулла читал молитвы в честь предков. По завершении молитвы, старший по возрасту из присутствующих давал благословение «бата», чтобы из года в год благополучие не покидало семью.

У казахов при праздновании Наурыза обязательным являлось присутствие числа «7», которое олицетворяет семь дней недели - единицы времени вселенской вечности: перед аксакалами ставились семь чаш с напитком «Наурыз-коже», приготовленным из семи сортов семи видов злаков. В состав семи компонентов обычно входили мясо, соль, жир, лук, пшеница, курт, иримшик (творог). О семи составных элементах ритуального блюда писали и дореволюционные авторы и современные исследователи. Однако они не объяснили, почему их количество ограничено числом «семь». Р.М. Мустафина, основываясь на этнографических исследованиях, считает, что число составных элементов в ритуальном блюде должно соответствовать числу дней в неделе. Чтобы не раздавать эти продукты в течение семи дней по отдельности, избавляются от этой необходимости одним котлом. Вероятно, это объяснение представляет собой местную интерпретацию

древних представлений, связанных с традицией празднования Нового года ираноязычными народами. Так, у персов, например, праздничный стол включает семь съедобных предметов, название которых начинается с буквы «син» - «хафтсин» (семь син) или с - «шин»: шароб (вино), шир (молоко), шербет (сладости), которые символизировали благополучие и достаток [4, с. 320]. Число «семь», с которым казахи связывают благополучие в течение всего года, как и у многих народов, очевидно, имеет математическо-астрономическое объяснение, основанное на его взаимосвязи с фазами и циклами Луны (семь дней недели - половина лунной фазы).

В Южном Казахстане широкой известностью пользуются легенды о происхождении и названии Наурыза. Так, по одной из них, Наурыз - имя предка казахов («Қазақтың бабасының аты»), у него не было детей. Перед смертью Наурыз обратился к Абдраиму (пророку) со словами сожаления о том, что ему некому оставить свое имя. Чтобы сохранить имя старика, Абдраим дал имя Наурыз коже. Наурыз день рождения и смерти этого старика. Согласно другой версии, Наурыз - имя нищего. Перед смертью он обратился к старикам со словами, что ему некому оставить свое имя. Старики обещали ежегодно готовить Наурыз-коже и читать молитвы из Корана в память о нем. Эти легенды указывают на то, что образ Наурыза явно связывается с традицией почитания предков. Известно, например, что кочевники-скотоводы в Наурыз обращались к духам предков, совершали им жертвоприношения, возжигали светильники на могилах умерших предков [5, с. 55].

Празднование Наурыза всегда сопровождалось массовыми играми, традиционными скачками, развлечениями. Самыми известными и любимыми в народе были игры «Айкыш-уйкыш» (то есть «Навстречу друг другу») и «Аударыспек», во время которой джигиты перетягивали друг друга из седла. Праздник Наурыз не обходился и без спортивной борьбы, участвовать в которой могли не только юноши, но и девушки. Девушка вызывала джигита на состязание с условием, что если он победит, то приобретет право на ее руку и сердце, а если победит она, то джигит должен повиноваться ей и выполнять любые ее желания. В таких случаях Наурыз превращался в свадебные торжества. Все люди, независимо от пола, возраста и социальной принадлежности, освобождались от повседневных обязанностей и на равных правах принимали активное участие в весельях и играх. В это время снимались всевозможные этические запреты во взаимоотношениях мужчин и женщин, даже те, что всегда существовали между старшим деверем - кайынага - и невесткой - келен. Ученые считают, что эта веселая игра ради забавы есть далекий отголосок свободных встреч и массовых совместных развлечений в дни возрождения умершей природы между двумя взаимообручающимися родами, когда на короткое время снимались запреты и ограничения во взаимоотношениях мужчин и женщин. Здесь внеприкрытом виде вступал культ плодородия [5, с. 52]. День традиционно

заканчивался представлением, где два акына в стихотворной форме состязались в песнях. Их состязания прекращались с заходом солнца, во время, когда добро побеждает зло. Затем разжигали костер, и люди с зажженными от него факелами обходили все окрестности селения, пели и плясали, тем самым завершая праздник весеннего обновления и равноденствия.

В народной памяти и записях знатоков старины сохранилась традиция колядования (жарапазан), которые исполнялись во время празднования Наурыза. Обряд «жарапазан» представляет собой обход домов, сопровождаемый исполнением песен, завершающийся одариванием его участников. Основным содержанием обрядовых песен являются величания, в которых отражаются традиционные сюжетные ситуации и мотивы, сопровождающиеся пожеланиями благополучия, изобилия и другими устойчивыми формулами - благодарственными и даже угрожающими. Р.М. Мустафина считает возможным допустить, что на жарапазан оказали влияние новогодние обрядовые ритуальные приветствия и благожелания, мотив которых тесно связан с культом плодородия, восходящим к древним пластам местной домусульманской традиции [2, с. 123]. Впоследствии, под влиянием ислама сильно преобразованные новогодние обрядовые песни обрели укрытие и новую жизнь в мусульманской обрядности. Пронизанный элементами исламской традиции, сопровождая мусульманский пост, обряд колядования стал частью бытового ислама.

Таким образом, древний праздник «Наурызмейрамы» и в наши дни является общенародным праздником весны, труда и единства. Сегодня этот праздник одинаково дорог всем народам, которые проживают в Казахстане. Потому что основной идеей праздника является единство, целостность народа. В этом празднике сохранены особая ментальность и национальный характер казахского народа. Важность Наурыза отметил Первый Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев, обращаясь к соотечественникам на площади Республики в Алматы в 2006 году: «Наурыз в Казахстане стал ровесником нашей независимости. Именно она вернула нам этот весенний праздник, день возрождения природы, день, когда все живое готовится к расцвету, к будущему» [6]. Н. Назарбаев подчеркнул, что Наурыз стал символом единства и благополучия, взаимопонимания и стабильности казахстанского общества.

Литература:

1. Жанибеков У. Обычай и время. 2-е изд. доп. - Астана, 2007.
2. Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. - Алма-Ата, 1992.
3. Құттымұратұлы Қ. Ертең – көрісу айт! // Орал оңірі. 2012. - 13 наурыз. - №30 - с. 1.
4. Народы Передней Азии // Серия Народы мира. М.: АН СССР, 1957.

5. Кармышева Дж. Земледельческая обрядность у казахов // Древние верования и культы народов Средней Азии. М., 1986.

6. <http://www.akorda.kz/ru/events/glava-gosudarstva-nursultan-nazarbaev-pozdravil-kazahstancsev-s-prazdnikom-nauryz-na-ploshchadi-respubliki-v-almaty>

374.3 (574.1) «20»

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ

Сдыков М.Н.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ,
ҚР тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д.*

Хайруллина Г.С.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ,
I курс магистранты, А.Байтұрсынов атындағы
№10 ЖОББМ-нің тарих пәні мұғалімі*

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды» деген сөзі бар [1, 65 б]. Қазақ халқының тәуелсіздігіне жетуінде білімнің алатын орыны үлкен. Қазақстанның білімі мен мәдениетінің дамуына Батыс Қазақстан облысы орталығы Орал қаласының қосқан үлесі ерекше жоғары. XIX ғасырдың аяқ жағында Қазақстан жеріндегі алғашқы білім ордалары ашылды. Сол білім ордаларының қандай жағдайларда ашылғанын қарастырамыз.

Патшалық Ресейде білім мен өнердің жетістіктері сауатсыз халыққа қолжетімсіз болды. Қанаушы топ жалпы халықтың қараңғы білімсіз болуын қалады. Халықтың білім беру мен мәдениет салаларында патшалық Ресей екі бағытта ұстанды. Біріншіден орыстандыру саясаты, екіншіден халықты надандықта ұстау. Орал қаласының негізін салушы Орал казактары қарабайыр оқымаған адамдар болғандықтан мәдениет пен білім жаршылары бола алмады. Еңбек етіп табиғат өнімдерін пайдаланудың орнына, пайдаланудың орнына, тұрғындардың мал-мүлкін тартып алып, табиғат байлығын талан – таражға салды.

XVII ғасырдың басы мен орталарында орыс халқы едәуір өсіп, отырықшылана бастады. Әскер басшылары, казак старшындары өз басшыларына білім беру тырысты. Себебі заман талабына сай оқыған ұрпақтары ғана дәрежеілі қызметтерге ие бола алатынын түсінді. XVII

ғасырдың ортасында Орал қаласында бар болғаны бес білімді адам болды- әскери атаман, тілмәш және үш старшын болды.

Қалада мектеп болмағандықтан ескі ғұрыптық діни қызметкерлер білгендерін үйретті. Олар көпестер мен әскерилердің балаларын оқытты. Үй мұғалімдері дұрыс білім бере алмады, себебі өздері де шала сауатты болатын. Тек XIX ғасырдың басында генерал-губернаор Далалық өңірге мектептер ашу қажеттілігі туралы мәселе көтерді. Бірақ, қарапайым халықты ойлағандықтан емес, әскери адамдардың балаларына білім беру мақсатын ғана көздеді [2,105 б].

Халықтық білім министрі граф Разумовскийдің қолдауымен Оралда 1812 жылы алғашқы училище ашылды. Бірақ училище 1821 жылы өртеніп кетті. Он жыл өткен соң атаман Покатилов оны қайта ашты. Училищеде 3 сынып болды. Бұл оқу орны Казан оқу округіне қарасты болды. Бұл оқу орны 1857 жылға дейін Оралдағы жалғыз оқу орны болды. 1857 жылы училищеде түбегейлі өзгерістер болды. Үш сыныптың орнына бес сыныптық болып өзгерді, білімді мұғалімдер келді, оқу бағдарламалары жетілдірілді. Орал училищесінде тек қана қала басшыларының балалары ғана оқыды. Қарапайым шаруа балаларына білім есігі жабық болды.

Өнеркәсіп пен сауданың өсуі, 1861 жылғы реформадан кейін Ресей қалаларының өркендеуіне алып келді. Жалпы мәдени деңгейдің жоғарлауы тек орталықтарда ғана емес, шет аймақтарда да байқала бастады. Жоғарғы және орта оқу орындары көбейді. Оқушы жастардың құрамы да өзгеріп, әртүрлі деңгейдегі интеллегенция көбейе бастады. Осының бәрі бірінші кезекте халықтың білімінің дамуына әсер етті. Көптеген земдік қоғамдық мектептер ашыла бастады. Екі өркениеттің қарама- қайшылығы тек орталық Ресей аймағында ғана емес, Қазақстанды да шарпыды. Алдыңғы қатарлы орыс және қазақ мұғалімдері отаршыл таптың қызығушылығын үгіттеп отырған консервативтік молдалармен, миссионерлермен және қожаларға қарсы күрес жүргізе отырып халыққа демократиялық мәдениетті үйретті.

Орыс демократиялық интеллегенциясы патша езгісіндегі бұратана халықтардың ұлттық ерекшеліктерін, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын ескере отырып олардың ұлттық өнерлерін жоғары бағалады. Орыс және қазақ халықтарының арасында мәдени байланыстар орныға бастады. Орал қаласына жаңа экономикалық қатынастар мен қатар жоғарғы өркениет ұшқындары байқала бастады. Патша шенеуніктері де бұл жағдайлар екі ұлттың, яғни орыс пен қазақтардың етене араласуларының нәтежиесі екенін мойындады [2,110 б].

1868 жылы генерал адъютант Н Крыжановский өз жазбаларының бірінде былай жазыпты « Орал қаласында жүргізіліп жатқан іс барысы мені өте қуантады. Оренбургпен салыстырғанда бұл жерде ұлттар арасында (орыстар мен қырғыздар) байланыс орнатылған. Қазіргі уақытта Оралды қырғыздар өз орталықтарындай санайды. Қала қырғыздарға толған, орыс чиновниктерімен қатар қырғыздарда жауапты қызметтер

атқаруда. Бұл олардың өмірлерінде өзекті мәселерелерінің бірі екендегін көрсетеді».

XIX ғасырдың ортасына дейін Қазақстанда мектеп жұмысын ұйымдастыру өте баяу болды. Патшалық Ресей орыс тұрғындары үшін шіркеулік- приход мектептері мен ал қазақтар үшін орыс –қазақ мектептері жеткілікті деп санады. Қазақстанда барлық іс –қағаздар орыс тілінде жүргізілді. Жергілікті тілде балааларды оқытуға және мерзімді басылымды басып шығаруға тиым салынды. Орыс ұлтшылдары патшалықтың моральдық үстемдігін басшылыққа ала отырып, отарлау саясатын жүргізуде православия өкілдеріне арқа сүйеді. Патша үкіметінің идеологтарының жергілікті жерде өз тілдерінде білім беруге қарсылықтарын төмендегі жағдайлармен түсіндірді- «Патша үкіметінің шенеуніктері орыс мектептерінде жергілікті халықтың тілінде сабақ жүргізгені христиан дінінің негіздеріне, православ шіркеуінің заңдарына қайшы келеді» деді. Үкіметтің білім саласындағы саясатының негізі осы болатын. Өзге ұлттар балаларын жергілікті тұрғындардың қарсылығына қарамастан орыс тілінде оқыту, балалардың рухани жағынан кері өсуіне әсерін тигізді [2.1086].

1868 жылғы нұсқаулық бойынша қазақ балаларына арналған орыс мектептерін ашу қарастырылды. Орал облысы әскери генерал-губернаторының білім министріне жазған қатынас қағазында Оралда қазақ мектептерінде оқытушылар даярлайтын айрықша мектеп ашу керектігін жазды. Бірақ, ондай мектеп ашылмады.

1866 жылдан бастап жыл сайын орта есеппен Орал облысында орыс-қазақ мектептеріне 6800 рубль бөлініп отырған. Патша чиновниктерінің өздері де бұл соманың халықтың білімге деген құлшыныстарын қанағаттандыруға жеткіліксіз екенін ескерді. Генерал адъютант Н Крыжановский сол қатынас қағазында «Халықтық білім беруді қазіргі жағдайда қалдыру үкіметімізге лайықсыз ғана емес, өте зиянды».

Ал балаларын оқытқысы келетін қазақтар көп болды. Сол кездегі көптеген архивтік құжаттар соның дәлелі. Сол құжаттардың біреуі «Қырғыздар болыстың және ауылдық старшиндарды ұстауға арналған қаражаттың қалғанына мектеп ашуға мүдделі деп» жазады. Орал облысының әскери губернаторы Веревкин көптеген бастамаларға қарамастан, Оралда орыс-қазақ мектептерін ашу тек 1877 жылы қолға алынды.

1871 жылы қалада барлығы 22 қазақ оқыды. Әрине оқығысы келетіндердің саны едәуір көп болды, бірақ жергілікті әкімшілік оқушыларды оқу орындарымен қамтамасыз ете алмады. Оралда 1871 жылы 200 оқушысы бар, бір классикалық училище, 69 оқушысы бар бірінші разрядты қыздар училищесі, 45 – халықтық мектеп мектеп болды. Сонымен қатар балаларға арналған діни училищелер жұмыс істей бастады. Онда оқыған ер балалар саны -27 болды.

Өз кезегінде казактар, чиновниктер, саудагерлер Орал ерлер гимназиясында қазақ тілін оқыту туралы мәселе көтерді. Бұл мәселе «Орал әскери ведомствалары» басылымында жергілікті шенеунік былай жазады –« Қазақ тілінің оқытылуының пайдасын дәлелдеу мақсатында, мен қазақтар біздің көршілеріміз және әскерде сауда-саттық барлығы дерлік қырғыздармен жүргізіледі, ал олардың тілін білмей сауда-саттықты сәтті және көлемді түрде жүргізу мүмкін емес» деп жазған. Бұдан да басқа Орал облысында тек жер өңдеу ғана емес, сонымен қатар мал өсірумен де айналысқан. Мал өсірушілерді айтпағанның өзінде мал өнеркәсіпшілерінің жұмысшыларының барлығы қырғыздар болды. Осы келтірілген фактілер сауаттылық тек байлардың еншісінде екенін көрсетеді. Сол кездегі білім министріде барлық жерде барлық жерде тек байлар мен буржуазия өкілдері ғана балаларына жақсы білім бере алатынын көрсетті.

Гимназия оқушылары –бұл көпестердің және бай казактар балалары болатын. XIX ғасырдың 70 жылдарының соңына таман Орал қаласында сауда-саттық өркендеуіне, қалада көпестердің саны артты. Ал олар балаларының білімді болуын қалады.

Оқушылар санының аздығына қарамастан , оларға білім беру деңгейі өте төмен болды. Әсіресе Орал облысында халық мектептеріндегі жағдай ауыр болды. 74 оқытушының ішінде жартысына жуығына дейін 40% дейін оқытушылық қызметке арнайы білімі мен дайындықтары болмады. Осы жағдайға байланысты жергілікті қазақтар және бұратана халықты айтпағанның өзінде де , казактардың өзінде де сауаттылықтары өте төмен деңгейде болды. Оны осы Орал облысының әскери генерал – губернаторының 1872-1874 жылдары жасалған есептерінен көре аламыз.

1872-1886 жылдар аралығындағы Орал ер адамдар гимназиясының оқушылары құрамы туралы мәлімет

Жылдар	Казактар	Басқа қалалықтар, казактар	Барлығы
1872	155	36	191
1873	148	36	184
1874	123	37	160
1875	129	40	169
1876	120	60	189
1877	130	67	197
1878	133	58	191
1879	128	62	190
1880	130	60	190
1881	133	79	212
1882	181	64	245
1883	163	68	231
1884	191	31	222
Барлығы	1873	31	2571

[2.1136]

Есептен көретініміз басқа қалалықтар, қазақтарды айтпағанның өзінде де казактардың да сауаттылық деңгейі төмен екенін байқамыз. Мұндай жағдай болуының негізгі себебі болып, білім саласына бөлінетін қаражаттың тым мардымсыз болуы. Оған дәлел 1885 жылы әскерге бөлінген қаржының тек 9,5 % ғана білімге жұмсалған. Бұратана халықтың балалары мен казак балаларының бастауыш білім алуына бөлінген сомма өте мардымсыз болды. Бар болғаны -5428 рубль. 1885 жылы Орал қаласының барлық мектептерінде 4300 оқушы болды. Ол қаланың халық санына шаққанда тек 4,3% пайызын ғана құрады. Бастауыш мектептерде бар болғаны -340 оқушы болды. Олардың ішінде -96 казак, 155 басқа қалалық және 89 казак балалары болды. Осы мәліметке сүйене отырып, біз патшалық үкімет саясатының жүргізіп отырған әлеуметтік жіктелісін байқаймыз.

Орал қаласына 1900 жылы 2222 адам оқыған 27 оқу орны болған деген мәлімет берілген. Яғни 18 тұрғынға шаққанда бір адам оқыған немесе 1441 тұрғынға шаққанда -1 оқу орны деп көрсетілген. Шын мәнісіне келгенде, училищеде 287 адам ғана оқытылған екен. Шенеуніктер мен көпестердің балалары - 14,6%, саудагер мен қолөнершілердің балалары - 19,5%, бал шаруалардың балалары - 16% казактардың балалары - 49,2% шет елдік балалар - 0,7% және бірде-бір казак баласы болмаған.

1913 жылы 1900 жылға қарағанда салыстырмалы түрде жағдай өзгерді. Бірақ оқушылар саны да 1,7 есе өсіп, 496 адамға көбейген. Соның ішінде 14 казак болды. Оқитын оқушылар шенеуніктердің, саудагерлердің қалталы қолөнершілер мен казак байларының балалары болды. Қазақтардың үлес салмағы бар болғаны 2,8% құрады [3, 92 б].

Орал қаласында салынған оқу орындарына тоқталсақ.

Орыс казак мектебі. Оралдағы бірінші оқу орны түрінде - Орал әскери гимназиясы. 1870 ж. Орал әскери училищесі ерлер классикалық гимназиясы болып қайта құрылды, 1890 ж. екінші жартысында алты класстық Орал әскери училищесі болып жаңартылды. Азамат соғысы жылдары Орал педагогикалық институтының биология факультеті, ал соғыстан кейін - колхоз кадрларын, ауылшаруашылығы механизация техникаларын басқаратын мектеп, Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институты. Қазіргі уақытта ғимаратта Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі орналасқан.

Бірінші әйелдер оқу орны. Орал қаласындағы қыздар пансионаты 1857 жылы ашылып, 1877 жылы әйелдер гимназиясы болып қайта құрылды. Гимназияда 1910 жылға дейін 20 тәрбиеленушісі бар пансион болды (кейбір жылдары 27 тәрбиеленушіге дейін болды). Азамат соғысы кезінде 1919 жылдан бастап ғимаратта Орал шаруалар бригадасының далалық көшпелі госпиталы, соңынан мектеп, ал 1930 жылдан бастап Орынбордан ауыстырылған халыққа білім беру институты, 1932 жылдан - Орал педагогикалық институты, ал 1938 жылдан қазіргі уақытқа дейін - пединституттың жаратылыстану-география факультеті орналасқан [4, 35 б].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. –Астана, 2017. «Форма Плюс» баспасы, Қарағанды, 2017.
2. Герасимов З.И. Уральск. Исторический очерк (1613-1917 гг.) – Алма-Ата, 1969.
3. На яике-городок, на Урале –город. (Историко-краеведческие материалы). – Уральск, 1988.
4. Прошлое Казахстана в источниках и материалах/Проф. С.Д. Асфендияровтың ред., – 2-ші басылым, – Алматы: Қазақстан, 1998. 2 жинақ.

УДК 94 (574)

СӘЛІМГЕРЕЙ НҰРАЛЫХАНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Байбулсинова А.С.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ,
ҚР тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.*

Кадешиова А.К.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ,
I курс магистранты,
№50ЖОББМ-нің тарих пәні мұғалімі*

Қазақ халқының тарихында Алаш қайраткерлерінің алатын орны ерекше. Олар өз ұлтының бостандығы жолында басын бәйгеге тіккен, халқын отаршылдықтың бұғауынан босатып, тәуелсіз мемлекет құруда ақтық демдері қалғанша күрескен асыл жандар. Жалпы, қазақ халқының тарихында азаттық аңсап, өз елінің тәуелсіздігін қорғаған тарихи тұлғалар аз емес. Әйтсе де, Алаш қайраткерлерінің олардан бір ерекшелігі бар. Бұған дейінгі бостандық үшін басын бәйгеге тіккен ұлы тұлғалар өз мақсаттарын ақ найзаның ұшымен, алмас қылыштың жүзімен жүзеге асырмақ болса, Алаш қайраткерлері өркениетті елдердің дәстүрімен күресті партия құрып саяси жолмен жүргізді. Соның нәтижесінде Алаш қайраткерлері қазақ жерінде тұңғыш рет қағазға түскен қаулы шешім негізінде бекітілген үкімет құрды. Яғни Алаш қайраткерлері осыдан бірнеше жыл бұрын қазақ халқы толық тәуелсіздік алған жағдайда елді қалай басқарып, қалай дамыту керек, ішкі-сыртқы саясатты қандай жолмен жүргізген дұрыс, көрші мемлекеттермен қандай қарым-қатынаста болғанымыз абзал дегеннің бәрін нақты көрсетіп белгілеп берген болатын. Өкінішке орай, Алаш қайраткерлерінің осы айтып, жазып кеткен бағдарлама-жоспарларын біз әлі күнге жете оқып, зерттеп, оны қазіргі заманға ойдағыдай пайдалана алмай жүрміз. Болашақта Алаш қайраткерлерінің еңбектері мен ой-идеяларын бүгінгі күнге практикалық

тұрғыдан тиімді пайдаланудың жолдары мен жаңа мүмкіндіктерін ойластырғанымыз жөн.

Алаш қайраткерлері туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Біз Қазақстанның бостандығы мен тәуелсіздігі жолында күрескен азаматтарды құрметтеуіміз керек. Алаш қайраткерлері Патшаның тақтан құлауы қазақ халқына бостандықты алып келеді деп сенген еді. Бірақ, олай болмады. Ұлттық идея үшін арыстар өмірлерін қиды, бірақ олар тәуелсіздікке деген ұмтылысымызды одан әрі күшейте түсті. Ол бақытты күнге жету бүгінгі ұрпақ еншісіне бұйырды. Алаш аманаты-өзіміздің тарихи мәдени бірлігімізді сақтау, Алаш аманаты-келісімді сақтау және нығайту болып саналады» -деген болатын.

Ендеше, Алаш идеясы-Қазақстан азаматтарының бірігу идеясы, болашақ дамуының айқын бағыты, егемендігімізді нығайта түсетін Ұлы жол деп түсінуіміз керек.

Алаш қайраткерлерінің тарихы қазіргі ұрпақ, яғни біздер үшін өзекті болып отырған арыстарымыздың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіндегі өз ұлтына деген ыстық сезімі, Отанға деген шынайы адалдықпен тығыз байланысты. Алаш қайраткерлері өз заманының алдыңғы қатарлы оқымыстылары болды. Олар білім алып, өз өңірлерінің жоғарғы оқу орындарында білімдерін шыңдады, зиялы тұлға болып қалыптасты. Солардың бірі – Нұралыханов Сәлімгерей Зұлқарнайұлы 1878 жылы 18 шілдеде Бөкей губерниясының Меңдіханов болысында дүниеге келді. Ол Орынбордағы гимназияға оқуға түсіп, 1899 жылы оны үздік бағамен аяқтаған. Жиырма жасында Астрахандағы округтік сотта тілмаштық қызметке кіреді. Көп кешікпей ұқыпты, тиянақтылығымен көзге түскен жас Сәлімгерей 1905 жылы Астрахан губерниясының ұлықтың көмекшісі болып тағайындалды. Сәлімгерей Нұралыханов жоғарғы қызметке білімінің аздығын сезіндіме, ол өз еркімен сұранып, Қазан университетінің заң факультетіне түседі де, оны 1913 жылы аяқтайды. Осы жылдан бастап, Сәлімгерей Нұралыхановтың біржола ден қойған кәсіби қызметі құқық саласында, Астрахань округтік сотында іс жүргізуші, сот тергеушісі сияқты бірқатар міндеттерді атқарады. Сәлімгерей ұлттық ұстанымы берік, әр басқан қадамына байыппен қарады. Оның басты себебі, Кіші жүздің ханы Нұралы әулетінің орыс патшасының отаршылдығынан туған саяси қысымшылықты ерте көргендігінен еді. 1916 жылғы көтеріліс пен Ақпан төңкерісінен соң Сәлімгерей Нұралыханов Алаш қозғалысының ортасында жүрді. Жалпы қазақ съездеріне Б.Құлманов, У.Танашев, С.Нұралыханов «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланды. 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен I Бүкілқазақтық съезде Алаш партиясынан Бөкей Ордасының құрылтайына делегат болып сайланды. Ал 1917 жылдың 5-13 желтоқсанда II Бүкілқазақ съезінде Алаш үкіметі Халық Кеңесінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. Олар билікке араласқан кезде қарапайым күштеу, зомбылық саясатының ушыққан уақыты еді. Осынау аласапыран тұста билікті анықтаудың өзі

оңайға түспеді. Осы жағдайдың себебін Мақсат ТәжМұрат «Ғұмар Қараш» еңбегінде дәлелдей түсуге тырысады: «Уақытша үкімет комиссары Әлихан Бөкейхановқа арқа сүйеген Бақтыгерей Құлманов Хан Ставкасы Атқару Комитетін тұқыртып алмақ болды. Сөйтіп басқа шауып төске өрлеген сауатсыз, жерсіз бүлікшінің бір екеуін ұстап алып, жұртқа көз қылып, абақтыға салды және Құрылтай жиналысына делегат сайлауды демократиялық негізде, пәрменді жүргізе бастады»-дейді.

Алайда 1917 жылы арпалыс кезінде большевик үгітшілеріне сеніп қалған және Б.Құлманов пен ОАК-не қарсы тұрған қазақ оқығандары Сәлімгерей Нұралыханов, Ишанғазы Саматов, Досығұл Темірәлиев, Ғабит Сарыбаев, Жұмағали Ізбасаров, Ғалым Сәлімов болды. Сол жылы маусымда осы топқа қарсы оңшыл әсер Қадыр Әзербайев, меньшевик Мұстафа Көкебаев, алашшыл Уәлитхан Танашев бастауымен «Жігер» үйірмесі құрылады. Бірақ жер мәселесін сол кездегі саяси жағдайлар одан сайын қиындатып жіберген болатын. Елде алыпсатарлық, азық-түлік тапшылығы одан сайын тереңдей түсті, қазақ жігіттерінің төзімі таусылып, жерді тартып алып, бөліске сала бастады. Кедейлер аштан өліп, көштен қалмауы үшін жанталасты, яғни қарапайым халық та, оқыған зиялы топ мүшелері де бір-біріне сенімсіздік танытты. И.Кенжалиев 1917 жылы 10 қыркүйекте Ордада қазақ зиялыларының жиналысы өткенін, онда Ресей мәселесі бойынша У.Танашев, Бөкейдегі саяси жағдай жөнінде Б.Ниязов, ал жер мәселесі жөнінде Б.Құлманов баяндама жасағанына тоқталады. Бөкей ордасында революцияға дейінгі қазақтардың қоғамдық өмірін, революция кезіндегі ауылдағы саяси ағымдарды және революцияны қолдаған еңбекші қазақтардың күресін бір жақты көрсетуге тырысып бақты.

Уақытша үкімет кезіндегі саяси жағдайды талдауға да ұмтылыс жасаған кейбір ғалымдардың пікірінше, «Уақытша үкіметтің комиссары, Алашорда үкіметінің мүшесі Бақтыгерей Құлманов, Алашорда үкіметінің революцияға қарсы мүшесі Уәлитхан Танашев Бөкей Ордасын басқаруды қолдарына алып, өздері сияқты бай-феодалдарды, монархистер мен ұлтшыл интеллигенцияны жинап, топ құрып, кеңес үкіметін мойындап отырған бұқараға қарсы қатал тәртіп енгізген ірі бай-феодалдардың үкіметін құрды» деп сипаттайды. 1917-1919 жылдары алаштағы басталған қызметін жалғастырған С.Нұралыханов Ревкомның Қалмақ облысына билік жүргізетін басқармасында бастықтың кеңесшісі әрі көмекшісі болады. 1919 жылдың сәуірінде қазақтың әскери полкін жасақтаушы әскери комиссар, кешегі Алаш қайраткерлерінің бірі Мұхамедияр Хангерейұлы Тұңғаншиннің шақыруымен Бөкей губерниясына келеді. Ел аузында есімі үлкен құрметпен аталып жүрген қазақ зиялысы, қадағалау органының тарихында өзіндік із қалдырған осындай прокурорлардың бірі – Сәлімгерей Нұралыханов. Ол Ресей империясының іргелі оқу орны император атындағы Қазан университеті заң факультетінің түлегі. С.Нұралыханов аумалы-төкпелі заманда, яғни ақ патшаның және кеңес

өкіметінің тұсында да жоғары дәрежелі қызметтерді атқарған, өз ортасының беделді азаматы. Бір ғана мысал, кеңестік шенеуніктердің әлеуметтік тегі таразыға түскен кезекті «тазалау» науқанында (1924 жылдың күзінде) Сәлімгерейге Қазақ АКСР Әділет халық комиссары және Республика прокуроры Нұртаза Ералиннің берген мінездемесі мынадай: «Нұралыханов Сәлімгерей Зұлқарнайұлы - Жоғарғы Сот қазақ бөлімінің прокуроры. Ұлты қазақ, сұлтандар тұқымынан тараған. Үйленген, 44 жаста. Саяси білімді, жұмысына берік. Міндетіне сәйкес, заң саласында пайдалануға болады...» - дейді. Осыған орай, С.Нұралыхановтың жеке басына әрі қызметіне байланысты Бөкей губерниясының прокуроры Судоргиннің айтқан пікірінен үзінді келтірсек: «...Среди товарищей и населения пользуется огромным авторитетом, а также умеет подходить к массе. Достоин быть пом. прокурором как один из деловых, честных, порядочных и аккуратных работников, знающих весьма хорошо своё дело». Көріп отырғанымыздай С.Нұралыханов Жаңғалы және Таловка секілді бірнеше уездерінің прокуратура, сот жұмысын тексеру, қылмыстық істерге сараптама жасау сияқты қай шаруаны қолға алса да асқан жауапкершілікпен орындап, әділдігімен таныла білген.

Қызметіне қатысты жеке құжаттарын толтырғанда ол қазақ, орыс тіліне қоса француз тілін меңгергендігін, латынша оқып, жаза алатындығын айтады. Және де үнемі өзін жақсы білетін, жақын араласатын жолдастары Сейітқали Меңдешевті (Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы) және Мәжит Шомбаловты (Денсаулық сақтау Халық комиссарының орынбасары) атап отырады. С.Нұралыхановтың 1920 жылдың қарашасында Бөкей ордасының таңдаулы өкілдерімен бірге І Бүкілқазақтық Кеңестер съезіне қатынасқанын, кейіннен Мәскеуде өткен Бүкілресейлік сот қызметкерлерінің І съезіне Қазақстаннан делегат болып қатынасқан тұңғыш қазақ болғанын да айтқанымыз жөн.

1924 жылдың сәуірінде Республика прокурорының көмекшісі А.Вшивковтың атынан С.Нұралыхановтың Орынборға (ҚазАКСР-нің астанасы) орталық прокуратураға қызметке келуге келісімі сұралды. Алайда, алыс уездердің бірінде жүрген С. Нұралыханов губерния прокуроры Судоргинге былай деп жеделхат жолдайды: «Мен 12 мамырда айыптаушы ретінде Козлов, Сустин, Құсайыновтардың пара алу істеріне байланысты сот процесіне қатысуым керек. Сондықтан істі тексеріп, аяғына жеткізу үшін іссапарлық уақытымды созуыңызды сұраймын» – дейді.

Сөйтіп, лауазымнан гөрі істің мүддесін жоғары қойған Сәлімгерей Нұралыханов тек маусымның ортасында ғана Орынборға келеді. Содан бірден Жоғары Соттың прокуроры қызметіне тағайындалды. Көп кешікпей, тамыз айының соңында Орда өңірінде орналасқан жанұясын көшіріп әкелгені айтылады. Әйелі Қазына үй шаруасында, ұлы Баязит (17 жаста) рабфактың тыңдаушысы, Шәміл (13 жаста) мен Жәңгір (9 жаста) мектеп оқушылары болатын. Сондықтанда, Ф.И.Голощекиннің

Қазақстанға партия басшылығына келуімен кешегі саяси оппозицияда болғандар, ақ патша тұсында жоғары білім алғандар, билер мен байлар, хан тұқымдары қызметтен мүлдем аластатылған тұста С.Нұралыханов та қуғын-сүргінге ұшырағаны анық.

Сәлімгерей Нұралыханов сияқты Қазан университетін тәмамдап, кәсіби заңгер, прокурор болған, еліне бергенінен берері мол. 1900-1937 жылдар аралығында жоғарғы білім алып, қазақтың оқыған зиялыларының шоғырын құраған осындай азаматтарымыздың қызметін әсіресе Кеңес өкіметі тұсындағы тағдыр-талайын ашып көрсету өміріміздің сабағы. Өйткені парықтаусыз, тоқусыз, шынайы демократиялық қоғам құру мүмкін емес еді. Қорыта келгенде Алаш арыстарының қызметі тек саясат қана емес, патшалық Ресей құрамындағы қазақ халқының ауыр өмірі, әлеуметтік қиындықтарын шешу ісінде де ұйысып, басымдылыққа ие болған жұмыс бағыттары болды.

Атап айтқанда қазақ халқының өмірін жақсартуды талап еткен, салықтың мөлшері мен түрлеріне қатысты, патшаның жүргізіп отырған аграрлық саясатын әшкерелейтін петиция жазып, мәселені ашық көрсетті. «Қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға» айналды деп тұжырымдаған олар әрдайым қазақ мүддесіне сай келетін бағытты таңдап, ұлтына дұрыс жолды нұсқай алғандығы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұралыханов Сәлімгерей // Алаш. Алашорда: энциклопедия / құраст. Ғ.Әнес, С. Смағұлова. — Алматы: Арыс, 2009. — С.257-258
2. Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш. - Ақтөбе, 2004. – Б.191.
3. Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1917-1920 жж) 2-ші бөлім. - Орал, 2001. – Б.35.
4. Мартыненко Н. Алаш-Орда (сб.документов). - Алматы: Айқап,1992.-77 б.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995.
6. Қабдешов Б. Сәлімгерей Нұралыханұлы туралы не білеміз? // «Заң және заман» қоғамдық – саяси, ғылыми – құқықтық журналы, №12 2004 ж.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Есеналин А.Г.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ, ҚР тарихы
кафедрасының оқытушысы, тарих магистрі, Орал қаласы*

Султанов Г.Г.

*Шыңғырлау ауданы, Ащысай ЖОББ
мектеп-балабақшасының тарих пәні мұғалімі, БҚО*

Өңір тұрғындарының дамуының негізгі объективті факторы экономикалық жағдай болып табылады. Оның ішінде ауыр және жеңіл өнеркәсіп, транспорт, өзге де экономикалық маңызды салалардың дамуы, әлеуметтік инфрақұрылымның өркендеуіне жағдай жасауы, тұрғындардың құрамы мен санының динамикасын сәйкестендіреді. Өткен ғасырдың жиырма үшінші жылдарынан бастап, Қазақстанның, оның ішінде Батыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында күрделі өзгерістер болғаны белгілі. Батыс Қазақстан өлкесі Қазақстанның ең ірі экономикалық аудандарының бірі. Азамат соғысы жылдарының өзінде геолог-академик И.М.Губкин Батыс Қазақстанның аймағы мұнай бассейні екеніне күмән келтірмеген. XX ғасырдың 20 жылдарында КСРО-ның индустрияландыру саясатына сәйкес, пайдалы қазба байлықтары бүкілодақтық маңызға ие болып, минералды шикізаттар түрлерінің қоры бойынша Кеңестер Одағында алдыңғы қатарда тұрды. Осы тұрғыда Батыс Қазақстан аймағы айрықша ерекшеленеді. Батыс Қазақстанның бай шикізатты мүмкіндігі өнеркәсіптің дамуына жағдай жасады. Батыс Қазақстандағы индустрияландыру Кеңестер Одағының өзге өлкелеріндегі сияқты, халық шаруашылығы алғашқы бесжылдығының даму жоспары бойынша басталды. Елдегі индустрияландыру халық шаруашылығының барлық салаларының көтерілуіне алғышарттар жасады. Мәселен, өнеркәсіп пен транспорттың жедел дамуы Батыс Қазақстан халқының өмірінде жан-жақты маңызды рөл атқарды. Батыс Қазақстанда күрделі қаржы салымының көлемі халық шаруашылық саласында 1937 жылы 160 млн сомды құрап, 1935 жылмен салыстырғанда, 583 пайызға артқан[6, 5-п.].

XX ғасырдың даму кезеңінің ерекшелігі, Батыс Қазақстан экономикасының алдында өнеркәсіп, металл, мұнай өңдеу, химия, көмір өндірісі, тасымал сияқты экономиканың сан-салаларын дамыту міндеті тұрды. Батыс Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындары КСРО-ның халық шаруашылығында маңызды рөл атқаратын өнімдер шығарады. Бұл өлке сирек кәсіпорындар: хром және никель кеніші, ферроқорытпа зауыты, бор қышқылы, жел двигателдері, рентген құрылғылары өндірісі бойынша кәсіпорындарымен ерекшеленеді. Батыс Қазақстаннан КСРО-ның өзге

өлкесіне жоғары сапалы мұнай өнімдері, ферроқорытпа, суперфосфат, ауыл шаруашылық машиналарына қосалқы бөлшектер, мұнай бұрғысы қондырғыларының бөлшектері секілді шикізаттық ресурстар, өнеркәсіптік тауарлар жөнелтілді. Осы уақыт аралығында Батыс Қазақстан экономикасының алдында, алдымен, шикізаттық, жанар-жағар май, энергетика, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларын дамыту міндеті қойылды. Өлкенің өндіргіш күштерінің кешенді дамуына өнеркәсіптің шикізат көздеріне жақын орналасуы, жаңа қуаттардың тез жұмысқа кірісуі себебін тигізді. Жоғарыда көрсетілгендей, Батыс Қазақстанда, республиканың өзге аймақтарындағы сияқты, шикізатты өнеркәсіпті және өндірісті салалар басым дамыды.

Өйткені, 1927 жылы қарашада болған БК(б)П Өлкелік конференциясында халық шаруашылығын дамыту бесжылдығының негізгі бағыты Қазақстанның одақтас республикалармен тығыз байланыста болған жағдайында ғана жүзеге асырылады деп танылды. Индустрияландырудың жалпы жоспары бойынша Қазақстан тау-кен өнеркәсібі үшін бай қоры бар шикізат көзі ретінде саналды [5, 19-б.]. Батыс Қазақстанда түсті металлургияның дамуына сай, түсті және сирек металдар машина құрылысы қажетіне үлкен сұраныспен жұмсалды. Қарастырылып отырған кезеңде ірі ферроқорытпа, хром, никель, басқа да кәсіпорындар салынып, жөндеуден өтті. Ферроқорытпа, хром, никель сынды шикізаттың өлкеден өндірілуі күрделі қаржы салымының үнемі өсімінің нәтижесінде, одақтық өнеркәсіптің дамуына үлес қосты.

1931 жылғы БК(б)П Өлкелік бақылау комиссиясы мен қазақ өлкелік комитетінің біріккен пленумының қортындысы бойынша Қазақстан халық шаруашылығының өнімдік өсімі 21,0 пайызға, оның ішінде өнеркәсіп өнімдері өткен жылмен салыстырғанда 30,0 пайызға артқаны атап көрсетіледі.

XX ғасыр басында Батыс Қазақстанда металл мен металл өнімдерін тұтыну салмағы артты. Батыс Қазақстанда металл өңдеу өнеркәсібінің негізін қалаған алғашқы жөндеу шеберханаларының құрылған уақыты да, міне осы кезең. Индустрияландыру жылдарында Батыс Қазақстанда үш машина құрылысы және он екі жөндеу зауыттары болған. Тұтас Қазақстан үшін, әсіресе, далалы, мал шаруашылықты аудандар үшін маңызды Оралдағы жел двигателі зауыты болды. Ақтөбе рентген және Орал зауыттары өз дәуірінде КСРО-дағы беделді кәсіпорындардың бірі болып табылды.

Зерттеліп отырған осы кезеңде Батыс Қазақстанда көлік байланысының өркендей дамығанын айту қажет. 1930 жылы VII Бүкілқазақстандық партия конференциясы бекіткен қарарында көлік құрылысы саласына салынған жалпы қаражат көлемі 1231 млн сом мөлшерінде көрсетілді. Оның ішінде темір жол құрылысына 765 млн сом бөлінген. Ал, темір жолдардың ұзындығы 3241 км-ден 11771 км-ге созылды [16, 91-б.].

Халық шаруашылығының өркендеуіне темір жолмен бірге тас, су жолдары да үлкен рөл атқарады. 1925 жылы құрылған Орал кеме шаруашылығының Батыс Қазақстанның экономикалық өмірінде алар орны ерекше. Орал кеме шаруашылығы мен Ертіс кеме шаруашылығының республика өзен тасымалы көлеміндегі үлес салмақтарын қосып есептегенде 96 пайызды құрайды.

Батыс Қазақстанда жеңіл және тамақ өнеркәсібі кеңес үкіметі жылдары жаңа сала ретінде өзінің даму қарқынына түсті. Алғашқы бесжылдықта салынған жаңа құрылыстардың ішінде Орал тері – тон зауыты салынды. Ал, тұтас республикада бірінші бесжылдықтың өзінде 40-қа жуық жеңіл өнеркәсіп орындары мен ондаған тамақ өнеркәсіп орындары іске қосылды. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі бойынша екінші бесжылдық жылдары көптеген міндеттер БК(б)П VIII Қазақ өлкелік конференциясының қортындысы бойынша қойылды. Соның бірі, Оралдағы ет комбинатын Өайта жөндеуден өткізіп, ауқымын кеңейту жоспарланды. Осында тері – тон зауытын тұрғызу да жоспарланған болатын [4, 250-б.].

Халық шаруашылығында ауыл шаруашылығы тарихи да күрделі оырндардың біріне ие. Өйткені ол, екі өзара сабақтас міндеттерді шешеді. Бір жағынан, халықты азық – түлкіпен, екіншіден өндірістік кәсіпорындарды ауыл шаруашылық дақылдары шикізатымен қамтамасыз етеді. Батыс Қазақстанның ауыл шаруашылығында мал шаруашылығы жетекші орын алды. XX ғасыр басындағы мал шаруашылығындағы ауыр халді айтпай кетуге болмайды. Себебі, ол ұжымдастырудың ауыр салдарынан қалыпқа келе алмады. 1928 жылы Қазақстанда 6509 ірі қара, 18566 мың қой, 3616,1 мың бас жылқы болса, 1932 жылы 965 мың ір қара, 1382 мың қой, 416,1 мың жылқы қалған [5, 127-б.].

Осылайша, зерттеліп отырған кезеңдегі Орал өңірінің экономикалық дамуы одақтық экономикалық айналымда шикізат пен энергетикалық қорларды толық пайдалану мәселелерін шешуге бағытталды.

Қарастырылып отырған кезең Орал өңірінің экономикалық және әлеуметтік ортасы үшін қарқынды даму уақыты болып саналады. Бірақ, аталмыш даму бағытының барысында өзіндік ерекшеліктер де аз емес.

Кеңес қоғамының әлеуметтік құрылымы дәстүрлі таптық тұрғыда қарастырылып келгені белгілі. Таптық құрылымның басты шарты ретінде жеке меншіктік, ақыл-ой және дене еңбегімен айналысу қарастырылды. Осыған байланысты әлеуметтік құрылым жұмысшылар табы, ұжымшар еңбекшілері немесе шаруалар, зиялы қауым өкілдері болып айқындалған еді.

Халықтың жұмыспен қамтамасыз етілуі мен еңбегінің қоғамдық өндірісте пайдаланылу тиімділігінің дәрежесі әлеуметтік-экономикалық жүйенің артықшылығын сипаттайды. Халықты қызметпен толық қамтамасыз ету мәселесіне жұмыссыздықты жою, әркімнің қажетіне және еңбектену талабына қарай жұмыс беруге жағдай жасау сияқты

экономикалық мағыналы мән берілді. Халықты түгелдей жұмыспен қамту үшін экономикалық дамудың жоғары қарқыны қажет етіледі.

Экономикалық дамудың жоғары қарқынына негізделген қоғамдық өндіріс, өнеркәсіптің салалық құрылымдарындағы оң өзгерістер, халық шаруашылығының көп салалы кешенінің қалыптасуы тұтас Қазақстан мен жекелеген аймақтарда халықты жұмыспен қамтуға ықпал етті. Республиканың халық шаруашылығы, өнеркәсібі социалистік құрылыс жолдары қарқынмен дамыды. Қоғамдық өндірістің өсімі қызметкерлер санының шұғыл өсуін қажет етті. Кеңес үкіметі жылдары республиканың жұмысшы табы қалыптасты. Жұмысшылардың саны халық шаруашылығының үздіксіз дамуына орай, жыл артқан сайын өсіп отырды.

20 жылдары қала кәсіпорындарының жұмысшылар қатары Қазақстан қала халқы өсімінің нәтижесінде толықты. 1926 жылы Қазақстанның қала халқы 500 мың адамнан асты. Батыс Қазақстанның өзінде бұл жылдары қала тұрғындарының саны 100 мың адамға жуықтады.

Қазақстанның жұмысшылар табының толығу көзінің бірі ретінде қала халқының өсімі қарастырылады. 20 жылдары өнеркәсіптік кәсіпорындардың жұмысшылар қатары жұмыссыз халықтың еңбекке орнығуының нәтижесінде жүзеге аса бастады. Тұтас Қазақстанда 1929 жылы 130 мыңнан астам батырақтар мен бақташылар болған [5, 47-б.]. 1927 жылы республикада 1 145 037 шаруашылық саналса, оның 207313 мыңын, немесе 18,1 пайызын Батыс Қазақстан губернияларының шаруашылықтары құрады. Жалдамалы жұмысшылардың саны аталмыш губернияларда 23895 адамды құрады. Оның ішінде қазақ жұмысшылары барлық жұмысшылардың 64,9 пайызын құраған. Осы әлеуметтік топтың өкілдері де Қазақстан жұмысшылар табы толығуының бір маңызды көзі болып табылады.

Жұмысшы табының қалыптасуы жергілікті қазақ халқын қоғамдық өндіріске тартумен қатар жүрді. Қазақстанда ұлттық өнеркәсіп мамандарын дайындау үрдісінің ауқымы артты. Егерде 1929 жылы Қазақстанда өнеркәсіпте жұмыс жасайтын халық ішінде қазақ халқының саны 20,5 пайызды құраса, 1934 жылы бұл көрсеткіш 40,5 пайызға жеткен. Жұмысшылардың арасындағы қазақтардың үлесі 1929 жылы 23,5 пайыз болса, 1934 жылы 46,5 пайыз үлеске артқан. Жұмысшы қазақтардың үлесі көмір және мұнай өндірісінде неғұрлым басымырақ болды.

Қазақстанда XX ғасырдың басынан бастап-ақ өнеркәсіпте мамандарды дайындауға үлкен мән берілді. Жұмысшыларды дайындайтын мектептер Қазақстанның өнеркәсіп орындары мен зауыт жандарынан ашылды.

Ал, Орал қаласындағы ет комбинатында бар жұмысшылардың 25,6 пайызын әйелдер құраған. Оның ішінде 32,8 пайызы қазақ әйелдері болды. [3, 73-б.].

Азамат соғысынан кейін жалғасқан қиындыққа толы жылдары Қазақстандағы жұмысшылар саны 1922-1928 жылдардың аралығында 71,8

пайызға артты. Республика жұмысшылар табы соғысқа дейінгі бесжылдықтар ішінде өте жоғары қарқынмен өсті. Социалистік индустрияландыру үрдісінің нәтижесінде Қазақстандағы жұмысшылар табының саны 3,5 есеге артып, 1940 жылы 634 мың адамға жетті. Ал, өнеркәсіптегі жұмысшылардың жалпы саны 1937 жылы 181 мың болса, санақ өткізілген 1939 жылы жұмысшылардың жылдық орташа саны 192 мыңнан асты. Жұмысшылардың басым көбі Қазақстанның ірі өнеркәсіптеріне шоғырланды.

Халық шаруашылығындағы капитал салымының көлемі, өнеркәсіптің жаңа салаларының қалыптасуы, ауыл шаруашылық өндірісінің жедел дамуы, аймақтың экономикасын нығайтып, оған сәйкес әлеуметтік құрылымды дамытты. Егер де, 20-30 жылдары халық санақтарының қорытындылары қоғамдық құрылымдардағы жекелеген топтар мен таптарды көрсеткен болса, кейінгі жылдардағы санақтарда қызметтегі халықты жұмысшылар, ұжымшар еңбеккерлері және қызметкерлер деп бөлу айқындалған. Бұның негізінде жеке меншіктіліктің мемлекеттік және ұжымшар-кооперативтік нысанының нығаю бағыты жатыр. Осыған сай, қоғам мүшелерінің әлеуметтік жағдайы анықталды. Әлеуметтік мәртебені осылайша бағалау кеңес мемлекетінің сол тұстағы саясатына сай анықталды. Партияның пайымдауынша әлеуметтік дамушы қоғамның негізгі екі табы мен зиялы қауымның үздіксіз толығып, артуының нәтижесінде қол жететін құбылыс болды.

Жалпы, бүкілодақтық халық санақтары кеңес қоғамы өмірінің әр қилы жағына байыпты баға беруге мүмкіндік жасайды. Санақты ұйымдастырушылар мен орындаушылар, статистика мекемелері үлкен жұмыстар атқарды. Санақтың барлық сауалнама құжаттары, сұрақтардың құрылымы әлеуметтік құрылымды анықтауға бағдарланған болатын. Санақтар қортындысы жарияланған нұсқасында барлық халық дене және ой еңбегімен айналысушы, халық шаруашылығының салалары бойынша, қоғамдық топтары бойынша, өмір сүру көздері бойынша, қызметі бойынша бөлінді. Алайда, қорытындыда халық жұмысшылар мен колхозшылар, қызметкерлер болып өзіндік әлеуметтік топтарға біріктірілді.

Халықтың әлеуметтік құрылымын сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі – халықтың жұмыспен қамтылу барысы, деңгейі болатын. Жұмыспен қамтылған халық санының өсімі 60 жылдардан бастап Батыс Қазақстан халқының жалпы санының өсімінен басым түсті.

Әлеуметтік дамудың сипатты көрінісінің бірі-қызметкерлер санының өсімі болды. Өндірістік емес салалар инфрақұрылымы денсаулық сақтау, білім, мәдениет пен ғылым, басқару рөлінің күшейіп, қоғамдық өмірдегі осы санаттың мәнінің артуына ықпал етті. Жұмысшылар мен ұжымшар еңбеккерлерінің үлес салмағының артуы әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпы бағыты болып табылады. Қазақстанның әркелкі аймақтарына тән өзіндік өзгерістер қарқыны да бар. Батыс Қазақстанда осы топтың өкілдері санының өсімі тұтас республикадағы өсім

қарқынынан екі есеге кем қалды. Жалпы қызметкерлердің саны 460,5 мыңнан 570,9 мыңға артты.

Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси өміріне өзекті өзгеріс енгізетін оқиғалар орын алды. Ол, әсіресе, қазақ зиялы қауым өкілдерінің қатарына 20-30 жылдары қазақ қоғамының рухани өмірінің тұлғасына айналған қазақ зиялыларын жатқызамыз. Алайда, олардың басым көбі сталиндік қуғын сүргін жылдары атылып, жазаға тартылды. Ал, аймақтардағы, облыс орталықтарындағы сауатты, еуропалық мәдениетпен сусындаған қазақтар саны көп болмады.

Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық дамудың нәтижесіне сай, ой еңбегімен айналысушы адамдардың да үлесі артты. 80 жылдардың аяғына таман, ой және дене еңбегімен айналысушы адамдар саны жалпы қазақстандық деңгеймен теңесті. Сонымен бірге, осы уақыттың ішінде қоғам дамуындағы сәйкессіздікке байланысты, әлеуметтік мәселелер де жинақталған болатын. Олардың ішінде, әсіресе, Маңғыстау облысындағы қазақ халқының жұмыспен қамтылу деңгейінің төмендігі, материалдық өндірістегі әйелдер үлесінің жоғары күйінде қала беруі, алдымен ауылдық жерлердегі әлеуметтік орта дамуының жетімсіздігі және тағы да басқа себептер болғаны рас. Жалпы, Батыс Қазақстан қала халқының әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер қазіргі қоғамға тән жаңа әлеуметтік келбеттің қалыптасуына байланысты, тұтас оң сипатқа ие болады.

Сонымен, қарастырылып отырған кезең Орал өңірінің экономикалық және әлеуметтік ортасы үшін даму уақыты болып саналады. Бірақ, аталмыш даму бағытының барысында өзіндік ерекшеліктер де аз емес. Өйткені, 20 жылдарға дейін бұл үрдістің бәсеңдеу уақыты еді, 30 жылдары керісінше өлкенің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері өзгерістерінің көтерілу бағыты анық айқындалады. Оны төмендегі салалар бойынша, жылдық орташа жұмысшылар мен қызметкерлер саны орташа есеппен жоғары болды, өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі өсімінің қарқыны күшейтілді, тауар айналымының көлемі ұлғайды, кәсіпорындар саны арта түсті, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру жолға қойылды. Міне, осы салалардағы өзгерістерден әлеуметтік – экономикалық даму бағытын аңғаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 1479 – қор, 1-тізбе, 35-іс.
2. Батыс Қазақстан Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты, 4-қор, 17-тізбе, 17-іс.
3. Балыкова А. Батыс Қазақстанның қала халқы: әлеуметтік – демографиялық аспектісі (1926-1989 жж.). Монография. - Орал: «Полиграфсервис», 2016. – 232 б.

4. Рысбеков Т.З., Бірімжаров Б.Қ., Құрманалин С.Б., Жақсығалиев Ж.Ж. Батыс Қазақстан облысы тарихы. Орал: «Полиграфсервис», 2001.- 203 бет.

5. Нусупбеков А.Н. Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане (1917 – 1940 гг.) – Алма-Ата: Наука, 1966. – С.243.

УДК 902 902/904

СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС КАСПИЙ МАҢЫНДАҒЫ САРМАТ МӘДЕНИЕТІ

Гарифуллина А.Б.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ, ҚР тарихы
кафедрасының оқытушысы, тарих магистрі*

Темір дәуірі немесе темір ғасыры-тас дәуірі және мысты мен қола дәуірлерінен кейінгі үшінші ірі тарихи кезең болып табылады. Темір дәуірінің ерте кезеңі ерте темір дәуірі деп аталған. Сармат тайпаларының қалыптасуы сақтар сияқты өте ерте заманнан басталады. Қазақстанның батысын мекендеген олардың ежелгі тұрағы Арал мен Каспий теңізі арасындағы аймақ[1]. Сармат тайпалары Батыс Қазақстан аймағында өмір сүрген. Көне деректерде б.з.б. III ғасырдан бастап «Сармат» атауы кездеседі. Б.з.б. II ғасырда олар қазіргі Батыс Қазақстан жеріне еніп, Қара теңіздің солтүстік аймақтарына дейін жеткен. Сарматтар Орал, Тобыл өзендерінің солтүстік сағаларынан Ембі өзені мен Солтүстік Каспий маңы құмдарына дейін, Мұғалжар тауынан Дон өзеніне дейінгі орасан зор аумақты мекендеді. Сармат тайпалар одағына-роксоландар, аорстар, сирактар және аландар жатады.Сармат тайпалары жөнінде деректер грек, рим тарихшылары Диодордың, Геродоттың, Үлкен Плиний мен Полибийдің еңбектерінде кездеседі. Мәселен, грек тарихшысы Диодордың айтуы бойынша «Сарматтар скифтердің жеріне басып кіреді де, жер-суын иемденіп, халқын қырғынға ұшыратады» делінген. Дегенмен, жазба деректерде сармат тайпалары жөнінде мәліметтер өте аз. Геродот «сарматтарды әйелдер басқарған» деп жазса, қазба ескерткіштер де сармат қоғамында әйелдердің үстемдік құрғанын нақтылай түседі. Барлық көшпелі тайпаларға тән тұрғындар санының өсуі тіршілік ету аясын кеңейтуді қажет етті. Осындай жағдайда олар өз көршілері скифтерге қарағанда Алдыңғы Азия, Солтүстік Кавказ бен Парфияға сәтті басқыншылық жорықтар жасаған.Б.з.б. I ғасырда Сармат тайпалар одағының бірі роксоландарсонау Мидия шекараларына дейін жетсе, кейіннен олардың ізін Арал теңізінің солтүстігін мекендеген аландарбасып өткен[2].

Сарматтар жаулап алған елдердің саяси өміріне өз ықпалын жүргізіп отырды. Мәселен, роксоландар Понтия патшасы Митридатпен соғыста скифтерді жақтап, кейін Митридатпен одақтасып Римге қарсы соғысады. Жаулап алу барысында сармат тайпаларының бірі аорстар римдіктерге көмектесіп, сирактарды талқандауға қатысқан. Ал сирактар ол кезде Боспор патшалығының одақтасы болатын. Алан тайпалары халықтардың ұлы қоныс аударуы кезінде ғұндарға қосылып, Испанияға дейін барды. Ғұндар Батыс Қазақстанды мекендей бастаған кезде сармат тайпалары олармен араласып, біріге бастады. Сарматтар иран тілдіел болған, алайда ғұндардың келуімен олар түркі тілінің ықпалына көшеді. Сарматтар жайлы жазба деректерге қарағанда жан-жақты, көлемді мәліметтерді негізінен археологиялық ескерткіштер береді.

Сарматтар-далалық қола дәуірі тайпаларының ұрпақтары, кима мәдениеті мұрагерлері болып табылады. Б.з.д. IV ғасырдағы жазба дереккөздерінде савроматтарды сарматтар деп жиі атайды. Себебі, осы кезде сармат қоғамында қайта топтасулар жүрді. Ескі ру тайпалардың одақтар шығыстан келген (Қазақстан, Арал, Оралдың арғы жағы) тайпалар есебінен жаңа мәдениет қалыптастырды. Сарматтардың археологиялық ескерткіштеріндегі жерлеу ғұрыптары сақтарға өте ұқсас болып келеді. Батыс Қазақстандағы (Атырау облысы, Жылыой ауданы) Аралтөбе қорымында сармат дәуіріне жататын келесі бір алтын адам жерленген. Аралтөбе қорымының диаметрі-20 м, пішіні күн кейпінде дөңгелек, 12 бөліктен (12 айды білдіреді) тұрады. Бұл ескерткіштің ерекшелігі-түркі тектес халықтарға тән қайқы қылыштың табылуы. Бұрын сарматтар дәуірінің (б.з.д. IV-б.з. II ғғ.) ескерткіштерінде тек семсер, қанжарлар ғана табылатын, ал қылыштың пайда болу кезеңі көне түркі тайпаларының дамуымен байланысты қарастырылатын. Демек, қайқы қылыштың шығу кезеңі біраз тереңдетіліп, оны Қазақстанның Батыс өңіріндегі сармат тектес халықтардың тарихымен тікелей байланыстыруға мүмкіндік туды[3].

Сарматтардың археологиялық ескерткіштеріне Сынтас, Целинный, Бесоба, Ақжар, Лебедевка, Володарка, Аралтөбе т.б. қорымдар жатады. Сармат ескерткіштері негізінен қорымдар мен жекелеген обалардан тұрған. Оларда диаметрі-60 метр, биіктігі-4 метрден астам обалар жиі кездеседі. Б.з.б VII ғасырға жататын Орал өңіріндегі Целинный ескерткішіне қазба жұмысын жүргізу барысында 100-ден астам оба табылды. Бұл обаларда мәйіттің басын батысқа қарата, дөңгелек қабір шұңқырға бірінің үстіне бірін шалқасынан жатқызып, екі деңгейде жерлеу тәсілімен қойған. Сармат ескерткіштерінің тағы бір жақсы зерттелгені Елек өзені бойындағы-Сынтас қорымы. Қорымдағы бөренелерден салынған шатыр тәрізді құрылыстың ішінен 3 сармат жауынгерінің денесі және аң бейнесімен безендірілген сүйек қасықтар табылды. Хронологиялық жағынан сармат тайпаларының ескерткіштері негізінен 3 кезеңге бөлінеді:

- 1) Ерте сармат кезеңі (прохоров) б.з.б. IV-II ғасыр.

2) Орта сармат кезеңі (суслов) б.з.б. II - б.з.-дағы I ғасыр.

3) Соңғы сармат кезеңі б.з.-дың II-IV ғасыры.

Мұндағы айырмашылықтар, ерте сармат кезеңінде мәйіттің басын оңтүстікке қаратып жерлесе, орта кезеңде мәйітті қабірде қиғаштап жерледі, ал соңғы кезеңде мәйіттің басы солтүстікке қаратылып, шалқасынан жерленген. Сармат ескерткіштері арасындағы биіктігі 2 метрге жуық Бесоба қорымында бастарын оңтүстік-батысқа қаратып, жатқызған абыз әйелдер жерленген. Сонымен қатар Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Лебедевқа қорымынан басы солтүстікке қаратылып, шалқасынан жерленген бай сармат әйелінің қабірі табылды. Әйелдің жанына ыдыс-аяқ, қару-жарақ пен еңбек құралдары және табиғат құдайы Дионистің басы бейнеленген мыс құмыра қойылған.

1999 жылы Атырау облысындағы Ембі өзенінің сол жағалауына орналасқан б.з.б. II ғасырға жататын Аралтөбе қорғанындағы қабірлер зерттелді. Қабірден өте бай салтанатты киімдер кигізіліп, айрықша құрметпен жерленген сармат көсемі мен әйелінің қаңқасы табылды. Олармен бірге қабірдің ішіне 2 жылқы, қару-жарақ пен ыдыс-аяқ, темірден жасалып, алтын оқамен оралған және ежелгі ұзын құлақ екі иттің басымен безендірілген аса таяқтың сынығы қойылған. Табылған заттардың ішінде ең маңыздысы гректер жасаған қола құмыра және қыш амфора. Сонымен қатар түрлі пішіндегі алтын жалтырауықтар табылды. Алтын жалтырауықпен негізінен көшпелі ақсүйектер мен патшаның салтанатты және жерлеу киімдері әшекейленген. Аралтөбе қорғанындағы сармат көсемі қазақ жерінен табылған екінші алтын адам болып саналады.

Сармат обаларында әр түрлі заттар мен алтын, күміс бұйымдар көптеп кездеседі. Оларда ерлер мен әйелдердің қабірлеріне қару-жарақ міндетті түрде қойылған. Археологтар сармат қорымдарынан гректердің табиғат құдайы Дионистің бейнесі салынған ыдыстарды жиі кездестірді. Бұл бай қорғандар сарматтардың Қара теңіз жағалауындағы грек қалаларымен тығыз байланыста болғанын және грек мәдениеті сармат қоғамының дамуына әсер еткенін көрсетеді [4].

Сармат қоғамы әскери-демократия негізінде қалыптасқан. Оларда ішкі және сыртқы мәселелерді әскербасылар шешті. Олар бүкіл қауым мүшелерімен ақылдаспай, тек әскери жасақ қатарындағы адамдармен санасқан. Сармат әскерлерінің негізгі бөлігін садақшылар құрады. Мұны жасы мен жынысына жіктемей-ақ барлық сармат қабірлерінен кездесетін жебе салынған қорамсаққалдықтарынан байқауға болады. Сармат қоғамында басқа көрші тайпаларға қарағанда әйелдер мен ерлер тең құқылы болып, әйелдер жасақ құрамында әскери жорықтарға қатысқан. Оған олардың қабіріне қойылған қару-жарақтар дәлел бола алады. Сондықтан сарматтар қоғамында әскери демократия ерлерге де, әйелдерге де бірдей қатысты болды.

Қазба жұмыстары кезінде табылған археологиялық ескерткіштер сармат қоғамында әлеуметтік теңсіздік қорын алғанын көрсетеді. Мәселен, біздің

жерімізде зерттелген сармат обаларының кейбіреуінде сол кезде өте бағалы саналған заттар бірге көмілген. Ал, енді біріндегі заттар өте жұпыны болып келеді. Әлеуметтік теңсіздікті біз обалардың сыртқы пішінінен де байқаймыз. Қоғамда ерекше орын алған бай, беделді адамдар қайтыс болғанда оларға үлкен ескерткіштер қойып, кейде сол атақты кісінің жанына қатардағы туыстарын жерлеген. Сарматтардың ру басылары өзерінің үстемдік жағдайын мәңгілікке паш етуге талпынған. Осы мақсатта олар орасан зор ескерткіш оба соқтырды. Сарматтардың қоғамдағы әлеуметтік жағдайын олардың оба үйінділерінің көлемінен байқауға болады. Егер үлкен обаларда тайпа көсемдері жерленсе, орташа көлемдегі обаларда белгілі жауынгерлер ал, шағын обаларда қатардағы қауым мүшелері жерленді.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://e-history.kz/>
2. Таиров А.Д. Кочевники Урало-Казахстанских степей в VII-VI вв. до н.э. Челябинск: ЮУрГУ, 2007. 274 с.
3. Сальников К.В. Сарматские курганы близ г. Орск //Археологические памятники Урала и Прикамья. МИА.– Москва, 1940. – № 1. – С. 122-138.
4. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура сарматов. – Москва 1964. – 380 с.

УДК 94(574.1)

МЕРГЕН АУЫЛЫНЫҢ ТАРИХЫ, ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

Ғұбай А.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ
тарих мамандығының
магистранты, Орал қаласы*

Тарихи деректерге сүйенсек Мерген ауылында ежелгі сақтар өмір сүрген, кейін келе қыпшақтар XVII ғасырдың бірінші жартысына дейін Алтын Орданың қарамағында болып соңында қалмақтар, кейін қазақ ноғайлар мекендеген. XVIII ғасырдың 40-шы жылдарында, яғни 1739-1742 жылдардың аралығында Орынбор комиссиясының бастығы, кейін Орынбор губернаторы болған Неплюев Иван Ивановичтің нұсқауымен шекаралық бекініс ретінде Мерген форпосты салынған. Бекіністі салудағы мақсаты-біртіндеп қазақ даласын зерттей отырып,өзінің отарлық саясатын ішке қарай енгізе түсу болды. Паллас Петр Симон

жаратылыстануды зерттеуші географ және саяхатшы 1768 жылдары Мерген поселкісіне келген[1].

Ақжайық ауданындағы елдімекен, Мерген ауылдық округінің орталығы. Аудан орталығынан оңтүстік-шығысқа қарай 31км., Жайық өзенінің оң жағасында орналасқан. Ауылдың солтүстік батысы Жайық өзенінің тік жарқабақты, солтүстігі-жайылмалы, ал солтүстік шығысы – тоғайлы, шалғынды болып, оңтүстік пен батысы шөлейтті жусанды далаға ұласады. Географиялық жағынан өте қолайлы орналасқан. Ауыл іргесінен Атырау, Орал тас жолы,мұнай, газ құбырлары жоғарғы кернеулі электр жүйесі өтеді. Топырағы құнарлы өзен шөгіндісінен тұрады. Жергілікті тұрғындары бау бақшамен айналысады. Тұрғыны -1770 адам. Кеңес үкіметі орнағанға дейін мұнда Жайық казактарының шағын әскери бекінісі болды. 1919 жылы Кеңес үкіметі орнады. 1963 жылы шағын колхоздардың ізінде Куйбышев атындағы совхоз құрылды. Шаруашылықты жетпісінші жылдары басқарған Бизьянов Евгений Константинович пен Есенғалиев Телжанның кезінде Мерген ауылында тұрғын үй құрылысы, сексенінші жылдары Өмірзақов Мәрленнің басшылығымен жаңа үлгідегі мектеп, балабақша,мәдениет үйі,интернат ғимараттарын салу қарқынды жүрді. 1997 жылы совхоз таратылып, округ бойынша 14шаруа қожалығы құрылды. Сексенінші жылдардың аяғында басталып, тоқсаныншы жылдары негізінен жүзеге асырылған ауылшаруашылығындағы реформалар, жекешелендіру, совхоз игілігін оның тұрғындарына үлестік өлшеммен әділетті бөліп беру кезінде совхозды басқарған Амангелді Кәкімов пен Орынғали Батталовтың еңбектері зор болды. Ауылдық округте сонымен қатар Горячкин, Жолап ауылдары орналасқан, 1 орта 1 негізгі мектеп кітапхана, 45 орындық интернат ,дәрігерлік амбулатория, бірнеше сауда нүктелері бар. Еркін жайылымды мал өрісі, шабындық алқаптар мен 4500 га көлтабан, Жайық бойының тоғайлықтары, жол қатынасының қолайлығы бұл ауылды шаруашылық үшін де,демалыс аймағы ретінде де ерекшеленіп отыр[2]. Жері шалғынды қоңыр, бозғылт қоңыр топырақты. Астық тұқымдас шөптер аралас, бетеге, қау, боз шөптері өседі. Тұрғыны 1797 адам (2005). Іргесі 1963 жылы Куйбышев атындағы қой кеншарының құрылуына байланысты қаланды. 1997 ж. округ болды. Оған Горячкино, Жолап ауылдары қарайды. Жерінің көлемі 61241 га, оның ауыл шаруашылығына жарамдысы 61089 га,одан шабындығы -5547 га, жайылымы-55542 га. Шаруа қожалықтары 24,46 адам шағын кәсіпкерлікпен айналысады. Тұрғындары мал шаруашылығымен шұғылданады. Көкөніс, картоп, бау-бақша өсіреді. 2924 бас ірі қара, 6183 бас қой-ешкі, 235 бас жылқы, 2520 бас құс бар. 2 мектеп, дәрігерлік-акушерлік және 2 фельдшерлік пункт жұмыс жасайды. Мәдениет үйі (2) клуб,3 кітапхана бар[3].

Мерген ауылы – азамат соғысы жылдарында 1919 жылы 18 тамызда В.И.Чапаевтың қолбасшылығымен 25-ші дивизияның 1-ші бригадасының полкі шабуылға шықты. Ақ казактар Мерген бекінісін 3 қатарлы орлы

окоптар шебімен, жаяу және атты әскермен, бороно автомобилдермен қорғады. Осы жерден ақ казактарды жібермеуге бар күшін салып, кескілескен шайқас жүрді. Ұрысты В.И. Чапаев пен Батулин басқарып қатысты. В.И. Чапаевтың ақ боз аты оққа ұшады. Осы ұрыста ерлік көрсеткен бірнеше қызыләскерлерді В.И. Чапаев наградаға ұсынды. Олар: Пикалов Д., Бубликов, Сильчинков, Новиков және Морозов. Мерген станициясы үшін болған ұрыстың қандай болғанын 25 дивизия штабының 4 армия штабына салған телеграммасынан көруге болады. Мерген үшін ұрыс 18 тамыз күні бойы жүріп, 19 тамыз күні танертен аяқталды. 42 адам өліп, 225 адам жараланды, 2 адам хабарсыз кетті. 40 ат өліп, 150 ат жараланды. Полк командири Петров Василии ауыр жараланып, 73 атты әскерден тек 17-сі қатарда қалды. Мерген бекінісі 1919 жылдың 19 тамызында азат етілді. Ауылдың үлкен кісілері Болдырев Н., Иконников Е. Айтулары бойынша Мерген форпостысында Орал казактары мен жергілікті тұрғындар балық аулаумен, мал және егін бақша өсірумен айналысқан. Негізгі тұрғындары орыстар, татарлар мен азғана қазақ ұлтынан тұрған. Олар негізінен мал бағып, жалданып жұмыс істеп, Орал казактарына Кочемасов Иван Власко, Лапатино, Кирочинск, Ульяновск, Бородино деген байларға қызмет еткен. Мерген форпостысында азамат соғысына дейін 720 үйі бар жанұя тұрған, 10 шақты шағын дүкен тұрғындарға қызмет етіп, бір желдирмен, кірпіш күйдіріп шығаратын кірпіш зводы, ағаш ұста шеберханасы жұмыс істеген [4]. Азамат соғысынан кейін тұрғын үйлердің 4/3 бөлігі бүлініп, қирап, өртеніп кетті. Шаруашылық құлдырап, ашаршылық басталып, жұқпалы аурулар етек алды. Ауыл тұрғынының саны азайды. 1920-1928 жылдың 17 қаңтарына дейін Чапаев ауданындағы елді-мекендер Орал губерниясына қарады, территориясы 4 болысқа бөлінді, соның біреуі Мерген болысы Орал Уезіне қарады. 1929 жылдың «Орал округі және оның аудандары» атты VII статистика кітабында жүгінсек Мерген ауылында ауыл шаруашылық несиесі кооперациясы 1925 жылы құрылған. 1926-1927 жылдың бірінші жартысында несиесі кооперациясының ақша айналымы 35829 сомға жеткен. 1 лавка және бірнеше дүкендерді болған. Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаумен айналысқан бидай, мал өнімдері ет, сүт, май, жүн, тері сүйек, жұмыртқа, мия тамырларын дайындап, балық аулаумен айналысқан. Колхозға алғашқы мүше болып кіргендер; Бородосов Тойекеш, Болдырев Александр Константинович, Ермуханова М., Имангалиева Қ., Иманкулова Қ., Зиленцова Қ., Құстаубаева Қ., Рукавишников Н., Карташова М. [5].

Мерген ауылынан саяси қуғын-сүргінге 30 адам ұшырап атылған. 1938 жылы РСФСР КК 58-1а, 58-2, 58-7, 58-11 баптарына сәйкес УНКВД –ның БҚО бойынша үштігі сотталған. Осы адамдар 1957, 1958, 1989 жылдары ақталған. Репрессияға ұшырағандарға Шляпин Ф.И., Чебатарева П.И., Чебатарева М.А., Қоспаев Бақтығали Дінішұлының 2004 жылы шыққан «Аудан мектептері 1936-1970 жж.» тарихи деректеме жинағында облыс бойынша жетім балаларды тәрбиелейтін Мерген балалар үйінде 1936-1937

оқу жылында таршылық-тапшылық, аштық азабын тартқан мектеп табалдырығын ешқашан аттамаған әр жастағы 86 бала қабылданған. Мерген ауылында оларды оқытатын және жатқызатын орынның тарлығы үлкен қиындық тудырады. Балалар үйінің алғашқы тәрбиешілері Дәулетяров, Калентьев Никита Иванович, директоры Мусин Қажберген Спанұлы, Уранаев Х. болған. Мерген ауылынан Ұлы Отан соғысына қатысқан ауылдастардың 150 дейі қайта оралмаған. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін Раков К.Н., Молдағалиев Е., Акашаев С., Коневцев Н. Елешев Шарапи «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталып, Бородкин К.Е. II «Даңқ орденінің» иегері атанды. Ұлы Отан соғысына қатысқан Акашаев Сарсенғали 4 жыл Қазақтың ұлттық әскери полкінің командирі болған. Ұлы Отан соғысындағы көрсеткен ерлігі 312 атқыштар дивизиясының генерал – майоры А.Ф. Наумовтың «На Варшавском шоссе» атты естелік кітабында жақсы баяндалған.

Ұлы Отан соғысына қатысқан Бородкин Константин, Портнов Н., Жұмақұлов Орынбасар, Құстаубаев Қапездің майдандағы ерліктері, Жеңіс сарбаздары, Сіздерге бас иіп тағзым етеміз» деген естелік кітабында жақсы айтылған. Ауыл тұрғындары Ұлы Отан соғысы жылдарында жанқиярлықпен ауыл шаруашылығында қызмет еткен.

1941-45 жылдарда Ұлы Отан соғысындағы «Ерлік еңбегі үшін» медалімен Мырзағалиева Балқан марапатталып, ХТЗ тракторын айдап жер жыртып, егін салып, оны оруды қатысқан Құстаубаева Назира, Биманова Азима, Карташова Анна Петровна өгіз соқамен жер жыртып, қол орақпен егін орып, бақша дақылдарын өсірумен, шөп шабумен айналысса, Тапиева Хафиза, Чебатарева Шура, Иманкулова Казима әр түрлі қол еңбегін жасап, Карташова Елена 1942-45 жылдары СТЗ тракторын айдаған, Ермұқанов Нәумет, Карташов Михаил 14 жасынан колхоз жұмысына араласып, СТЗ тракторында еңбек еткен. 1942 жылы 20 қаңтар күні шыққан аудандық «Екпінді жол» газетінің шежіресіне жүгінсек Мерген советіне қарасты советская степь колхозының колхозшылары, «Батыс Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын құрауға өз еңбегімен тапқан қаржыларын беріп жатыр. Танк колоннасына қаржы жинаудың алғашқы күндерінде-ақ колхозшылар 111600 сом ақша, 10 қой 11 центнер астық берді. Бронды қамал қорына қаржы жинаудың саяси маңызын, еліміздің патриоттары өз еңбегімен жинаған қаржыларын мол беріп жатқан Сталин жолдастың оларға арналған телеграммаларын колхозшыларға колхоз үгітшісі партия мүшесі чербатов бастауыш партия ұйымының секретарь монин жолдастар жақсы түсінуде Қаржы жинауға арналған митингімізде колхозшылар өз еңбегімен тапқан қаржыларын алған жоқ. Колхоздың шопандары Жиенғали Шінікеев 5000 сом, Дініш Қоспаев 8000 сом, өзінің екі баласы армиядағы, жасы 68-дегі Жақау Қоспаев 30000 сом ақша колхоздың есепшісі Болдырев Н.К. 3000 сом ақша мен бір семіз қой және 12 пұт астық берді. Митингідегі сөзінде – Колхозшы жолдастар – деді Жақау Қоспаев, – біз қазір Қызыл Армияның алға басын естіп қуныштымыз, менің екі

балам бірдей Ұлы Отан қорғауда жүр, келіндер! Бәрімізде Қызыл Армия мен бірге жауға шабуылға шығайық. Менің көмегім деп 30000 сомды жанынан алып қолма қол берді.

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі. Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Майдангерлердің иығына аса ауыр жүк түсіп, Отаны, елі үшін от болып жанды, оқ болып атылды. Қаншама боздақтар ұрыс даласынан қайтпай қалды. Арын – байрақ, намысын найза еткен ерлердің қаһармандығы аңызға айналды. Осы қасиетті күні адалдық пен еліне деген жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен қаһармандардың рухы алдында бас иіп, тағзым етеміз. Мерген ауылы өзіндік тарихы тереңде жатқан, әрбір тұлғасы қазақ тарихында өз үлесін, қолтаңбасын қалдырған тарихи мекендердің бірі. Тарихи деректерге сүйенсек, бұл жерде ежелгі сақтар өмір сүрген, кейін келе қыпшақтар XVII ғасырдың бірінші жартысына дейін Алтын Орданың қарамағында болып соңынан қалмақтар, кейін қазақ, ноғайлар мекендеген. Сол сияқты ел мойындаған Социалистік Еңбек Ерлері Мұқанов Құбай, Жүнісов Ниетқали, Қалисанов Мырзағали Мерген орта жалпы білім беретін мектебінде арнап бұрыш ұйымдастырылып, сызу пәнінің мұғалімі Мұрат Өтешұлы мүсінін жасаған. Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін шайқастардағы теңдессіз ерлік көрсеткен Мұқанов Құбай, Жүнісов Ниетқали, Қалисанов Мырзағали.

Құбай Мұқанов шаруашылық пен мәдени құрылыстағы аса үздік жетістіктері үшін еңбекте ерекше көзге түсіп, өзінің аса үздік жаңашыл қызметтерімен қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға, халық шаруашылығын өрге бастыруға, ғылым мен техниканы дамытуға, КСРО-ның күш-қуатын нығайтып, даңқын шығаруға ат салысқан еңбеккер болып табылады. Құбай Мұқановтың өмірбаянынан шолу жасасақ Орда ауданының Теректі ауылдық кеңесіндегі Куйбышев атындағы колхозда 1922 жылы дүниеге келді. Сол кездердегі ауыр жағдайларға байланысты Қ.Мұқановтың орта білім алуына жағдайы болмады. Ол небәрі төрт-ақ сынып бітіріп, еңбекке ерте араласты. Қой да бақты, жылқы да бақты. Сөйтіп ауылдағы қандай жұмыс болмасын бәріне төзіп шыналды. 1934 жылдан Куйбышев атындағы ауыл-шаруашылық артелінде колхозшы болып еңбекке араласты. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына алынып, 1944 жылға дейін еліміздің фашист басқыншыларынан азат етуге қатысты. Соғыстан оралғаннан кейінгі жылдары туған ауылында жылқы фермасының меңгерушісі қызметін атқарды. Малдың бағым – күтімінен де, төл алу көрсеткішінен де Құбағанның жігіттері әріптестерінен арқан бойы алда жүрді. Адал еңбегінің арқасында, талапшылдығы мен уәдеге берік ер мінезімен ол ауылдастары арасында құрметке бөленді. Жылқы шаруашылығын өркендетуге қосқан зор үлесі үшін 1949 жылы Қ.Мұқановқа «Социалистік Еңбек Ері» құрметті атғы берілді. 1963 жылы Чапаев қазіргі Ақжайық ауданындағы куйбышев атындағы совхозда аға шопан болып еңбек етті. 1973 жылы дүниеден озды [6].

Жүнісов Ниетқали (1904-1965) – жылқышы, Социалистік Еңбек Ері 22.10.1949. 1904 жылы Орал облысы (қазіргі Батыс Қазақстан облысы), Орда ауданында туған. Еңбек жолы 1931 жылдан Куйбышев атындағы колхозда қоғамдық мал шаруашылығында істеген. 1942-1943 жылдары Совет Армиясы қатарында Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жарақат алады. 1943-1963 жылдары Орда ауданындағы Куйбышев атындағы ұжымшарда аға жылқышы, ферма меңгерушісі болып еңбек етті. Жылқыны қысы - жазы бірдей жайып бағу жағдайында 57 биеден 57 құлын алған. Ақжайық ауданы, Мерген ауылында дүниеден озды.

бейнелейтін материалдар топтастырылған. Бұл материалдар сондай-ақ Қазақстан туралы шетелдіктер мәліметтерінің қызықты эволюциясын, бұл мәліметтердің деңгейін және олардың түрлі дәуірлердегі сенімділік дәрежесін бейнелейді. Қазақстанның Ресей империясына қосылуы қазақ мемлекеттілігі мәселесін өз мүддесіне сәйкес шешуге ұмтылған әрекетіне тосқауыл болды. Патша үкіметі қазақ мемлекетін бірте-бірте әлсіретіп, хандық билік жүйесін жойып, Ресейлік басқару құрылымын орнықтыру саясатын ұстанды. Осы мәселе жөнінде С.Асфендияров: «Патша үкіметі Қазақ хандығын жоя отырып, қазақ сұлтандарын биліктен шектету арқылы қазақтардың мемлекеттік дербестік елесін де құртып, сол кездегі Қазақстанды Ресей империясының қатардағы аймағына айналдырды» - деп көрсетеді [4,56.].

1935 жылы тоталитарлық идеология негізінде жазылған «Қазақстан тарихы (көне дәуірден бастап)» еңбегінде М.Тынышбаевтың қазақ халқының шығу тегі туралы ғылыми еңбегін ұлтшыл-буржуазиялық теория жасаған деп айыптап, «М.Тынышбаевтың еңбегі жартылай феодалдық және буржуазиялық, байшылдықтың, тұрпайы ұлттық шовонизмнің көрнекті мысалы» деп, теріс баға береді.

Профессор С.Асфендияров Қазақстан тарихының негізін қалағанын және орта мектептер мен жоғары оқу орындарында оқыту ісін қолға алғанын ерекше атауымыз керек. Ол Қазақстан тарихын түгел қамтып, оны бір жүйеге келтірді. Ол «Қазақстан тарихының » 2 томын жазды.

С.Асфендияровтың «Қазақстан тарихы»(көне замандардан бергі) атты көлемді еңбегінің бірінші томы б.з.д. III ғасырдан 1917 жылғы ауқымды хронологиялық кезенді қамтыған болатын. Кітаптың кіріспесінде автор кеңестік Қазақстан тарихына арналатын екінші томды жазып шығару жоспарда бар екендігі туралы хабарлайды. Ол капиталистік кезеңге дейінгі қазақтар арасында таптық қатнастардың қалай пайда болғандығы және дамығандығымен және дамудың осы сатысындағы қазақ қоғамындағы экономикалық дамудың нақты ерекшеліктері қандай болғандығымен байланысты бірқатар мәселелер қойды [5,236.]. Бірақ үнемі қоғамдық және мемлекеттік жұмыстан босамауы және кейіннен репрессияның құрбаны болып, мезгілсіз өмірден кетуі ғалымға өзінің барлық ойларын іске асыру жолында тосқауыл болды.

Автор қазақтар тарихын Орталық және Орта Азия тарихы мәселелерімен, әлемдік тарихта зор маңызға ие «көшпелі халықтар» мәселесімен тығыз байланыста баяндайды. Ғалымның көптеген тарихи еңбектеріндегі, әсіресе Қазақстан тарихы бойынша қортындылаушы еңбегіндегі басты мәселесі – қазақтың этногенезі болатын. Бүгінгі таңда С.Асфендияров қағидаларының біразын, мәселен, қазақтың шығу тегі, қазақ жүздері мен қазақ халқының пайда болуы туралы дұрыс тұжырымдарын тарих ғылымының даму барысында тарихшы қауым пайдаланып келеді.

«Қазақ халқының қалыптасуы –ұзақ процесс, оның басталуы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің құрылуымен тұспа-тұс келеді.» деген тұжырымдаманың дұрыстығын бүгінгі көне Қазақстан туралы археологиялық біліміміздің молаюына байланысты этногенездің бастапқы дәуірінің кәдімгідей айқындала түсуі дәлелдейді.

Профессор Санжар Асфендияров өз заманында теориялық-әдістемелік дүниетанымы кең, ғылыми көзқарастары мен тұжырымдамалары толысқан ғалым болған.

С.Асфендияров революцияға дейінгі Қазақстан тарихын шартты түрде екі кезеңге бөледі: 1) патшалық Ресейдің басып алуына дейінгі қазақтар тарихы (XVIII ғасырға дейін); 2)Қазақстан ресейлік империализмнің отары ретінде (XVIII-XIXғ.ғ.)[4,66.]. Хронология және кезеңдеу мәселесі көбінесе дау туғызады. Алайды, өз тұжырымдамасы шеңберінде С.Асфендияров шындыққа жақын келеді. Өйткені ол қазақтардың өз тарихын, яғни олардың тәуелсіздік кезеңін, дамудың отаршылдық кезеңін, сондай-ақ кеңестік кезеңді бөліп көрсетеді.

Еңбегінің екінші бөлімінде Асфендияров «ресей капитализмі басқыншылығының қазақ қоғамының одан арғы қалыптасуына ықпалын, жаңа негіздегі таптық қарама – қайшылықтардың өсуін, империализм және пролетарлық революция жағдайында ұлттық-революциялық қозғалыстардың қозғаушы күшін дамуын, яғни Қазақстандағы Қазан революциясының алғышарттарының дамуын» көрсетуге тырысты.

XX ғасырдың бас кезінде шаруалар отарлауы пәрменінше күшейіп, қазақтардың 45млн. десятинадан астам шұрайлы жерлері қоныстанушылардың қолдарына көшті. Қазақ халқы құнарлы жерлерден шөл және шөлейт аймақтарға ығыстырылып, дәстүрлі шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. Патша өкіметінің Қазақстанда хандық мемлекеттілікті жоюға бағытталған әкімшілік-құқықтық реформалары өзінің тиімді нәтижесін бергендігін көруге болады. Біріншіден, қазақ халқын еркін билеп, отарлық қанауы және ұлттық езгіні күшейтумен көрсетті. Екіншіден, салық жүйесін енгізу арқылы халықтың жағдайын күйзеліске ұшыратты, ата-бабадан қалған жерлерін күштеп тартып ала бастады. Бұл туралы С.Асфендияров мынадай тұжырымдармен сипаттады:«...енгізілген әкімшілік жүйе мемлекеттік аппарат құрылысына шаралар жиынтығын құрады. Оның көмегімен қазақ даласына Ресей капитализмінің енуіне қолайлы орындары тазартты. Бұлашралар Қазақстанды Ресей капитализмінің боданына айналдыруды мақсат еткен патша саясатының негізі болған өндірістік қатнастардың бұлжымас әрі барынша айқын көрінісі болып табылады» [4,7 б.].

Монографияның қазақ халқының шығуы туралы бөлімінде автор «халық ұғымы – биологиялық емес, ал әлеуметтік» екендігін атап көрсетеді және оқырманнан қазақ халқынан әлдеқайда бұрын қалыптасқан ежелгі үйсіндермен, наймандармен, қыпашақтармен және басқа да тайпалармен араластырмаудан сақтандырады.

Автордың тағы бір құнды кітабы «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс». Бұл ғылыми еңбектің негізгі мағызы – патша үкіметінің қазақ жерлерін отралау саясатының бетпердесін жеріне жеткізе ашатындығы.

Ол – Қазақстан тарихы жөніндегі көптеген жұмыстың авторы, сондай-ақ қабілетті зерттеуші-филолог және жазушы. Орыс, ағылшын, француз және араб тілдерін білуі С.Асфендияровқа ресейлік және шетелдік әдеби түпнұсқаларды пайдалана отырып, көлемді тарихи материалдарға талдау жасауға және бірқатар ғылыми еңбектер дацындауға мүмкіндік береді. Оның «Ерте заманнан бергі Қазақстан тарихы», «Қазақстанның өткені дерек-көздер мен мәліметтерде», «1916 жылғы Қазақстандағы очерктер», «Әлем шатыры» және т.б. маңызын жоймаған еңбектері жарық көрді [3, 2006.].

С.Ж.Асфендияровтың география саласына қосқан үлесі де зор. Ұлы географиялық ашылулар кезінде басқа әлеммен байланыссыз болған Орта Азия жерлерінің Атлант мұхитына шығатын құрлық жолдарының ашылуына өз үлесін қосты. Географиялық зерттеулерді оқып біле отырып көшпенділер тұрақтануға көшпейінше, отырықшы мемлкеттерге тәуелді болатындығын айтып кеткен болатын .

Профессор Асфендияров Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Қазақстан көлемінде ғана емес, бүкіл Одақ көлемінде экономика, мәдениет, жоғары оқу орны, ғылыми мекемелердің іргетасын қаласқан ірі ғалым, ұйымдастырушылардың бірі.

1937 жылы С.Ж.Асфендияров заңсыз түрде қуғанға ұшырап ақталмаған күйде атылып кетті. 1989 жылы Қазақ КСР министрлер кеңесі С.Ж.Асфендияровтың мемлкеттің, қоғамның, педагогика және денсаулық сақтау саласының дамуына қосқан үлесін ескере отырып оның ақталып шығуына ат салысып, өзі негізін қалаған Алматы мемлекеттік медицина университетіне атын беруді ұйғарды. Саналы ғұмырында елім деп еңіреп өткен есіл ердің есімі ел жадында мәңгі сақталмақ. Бүгінде Алматыда көрнекті ғалым, педагог, асқан парасат иесі Санжар Асфендияровтың атындағы көше бар. Кезінде өзі тұрған Төле би көшесінің бойындағы үйге мемориалдық тақта қойылған. Мұның өзі тарих беттерінде өшпес із қалдырған қазақтың ұлтжанды азаматына деген құрметті арттыра түспек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Жайсаң жандар: естеліктер /Қ.Жұмалиев. Т.7. 296б. – Орал: «Ағартушы», 2010.
2. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық.- Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. 2 кітап. -360 б.
3. Педагогикалық диалог /ISSN 2308-7668 №4 (10) 2014. 210б.

4. Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал./ Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық басылым// Бас редактор – Тамара Әзімханова / 3(183) 2018

5. Қазақстан тарихы : әдістемелік журнал./Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық басылым// Бас редактор – Тамара Әзімханова / 4 (103) 2011

УДК 94(574.1)

ВЗАИМООТНОШЕНИЯ АБУЛХАЙР-ХАНА С РОДОПЛЕМЕННЫМИ ОБЪЕДИНЕНИЯМИ ЛАДШЕГО ЖУЗА

Кайдаров А.У.

*Магистр гуманитарных наук,
историк центра исследования,
реставрации и охраны историко-культурного
наследия Актюбинской области*

Исследование истории кропотливый и трудоемкий труд, требующий усидчивости и концентрации внимания. Необходимо перерывать гору источников (будь это археологический, письменный или даже, в современных условиях, цифровой), изучить вышедшие по теме массу научной литературы, разработать теоретические гипотезы и найти доказательства в исторических данных материала. А исследование истории Казахстана сталкивается с еще дополнительными трудностями такие как отсутствие надлежащего количества письменных источников и преодоление, сложившихся в историографии, популистских стереотипов (появившиеся в следствие идеологического засилья или недостаточной информированности создавшие такие вот субъективные или даже ложные мнения ученых прошлых лет). Так и история Казахского ханства имеет как пробелы в изучении, так и региональные «перетягивания одеяла» исторической действительности. А особенно в вопросе изучении личности и деятельности Абулхайр-хана преодолевший в историографии несколько периодов интерпретации и понимания как самого важного его поступка (инициативы присоединения к Российской империи), так и взаимоотношении его с казахским обществом того времени.

Хотя в современной исторической науке личность и деятельность Абулхайр-хана нашло положительную оценку, понимание вопроса требует рассмотрения с другого ракурса. А именно взгляд на проблему через призму взаимоотношении Абулхайр-хана с родоплеменными объединениями и подразделениями поможет уточнить и раскрыть многие аспекты поднимаемого вопроса внешней и внутренней политики хана.

Во внешней политике сложности дипломатических отношений и особенно военных опасностей с соседями как могущественными (такими как Россия, Цинский Китай, далекая Великобритания), так и относительно слабыми (такими как Ойратские ханства, Башкирские племена, казачества, Среднеазиатские ханства) требовали от Абулхайр-хана мастерства политика-стратега и военного-тактика. С поставленными задачами хан Младшего Жуза блестяще справился и благодаря его гениальной внешней политике казахский ханство вышла из сложной ситуации (почти тотального этнического уничтожения), не только выстояла против невзгод, но укрепила политическую структуру.

Если во внешней политике казахского ханства мы можем подчерпнуть сведения из письменных источников соседей (будь, то китайские или русские, европейские или восточные; частные эпистолярные материалы, официальная дипломатическая переписка и так далее), то во внутренней политике скудность исторического материала вызывает трудности не только в понимании взаимоотношении между отдельными персонами и родоплеменными образованиями, но и существования и механизмов регулирования политических структур, что вынуждает делать только предположения со слабо доказуемыми аргументами. В частности, вызывает споры в исторической науке время возникновения и понимание сущности такой крупной внутреннего социально-экономико-политического подразделения казахского общества как Жузы.

Существование Жузов в письменных источников зафиксировано со второй половины XVI века, но логика политических событий убеждает что оно могло возникнуть гораздо раньше. Косвенно об существовании Жузов еще при первых казахских ханов можем судить по тому в каких регионах действовали тот или иной хан или султан. Например, потомки одного из сыновей (девятый сын) Жанибек-хана султана Жадика действовали в среднем жузе, а сыновья султана Атика (Адик, Айтик, Айбек) (четвертый сын Жанибек-хана) Тахир-хан и Буйдаш-хан вели военные действия в Старшем жузе. Деятельность самого могущественного казахского хана Касыма и его сына Хак-Назара-хана мы замечаем в Младшем жузе. Выходит, что деление на Жузы казахов именно по течениям реки Сырдарьи связано примерно с тем временем, когда Казахское ханство вело борьбу за Присырдарьинские города еще при первых ханах Керее и Жанибеке, как направления дальнейшего наступления на соседей. Не случайно более энергичный правитель Жанибек-хан, странным образом так легко согласился передать власть сыну Керей-хана – Бурундук-хану, минуя своих сыновей. Вероятней всего, причина в том, что во главе Жузов были поставлены многочисленное его потомство (в Сташем Жузе Атик, в Среднем Жузе Жадик, а в Младшем Жузе Касым). И на счет остальных сыновей, они также получили улусные уделы в этих Жузах, по правилу установленным еще Чингисханом улусной системе. На примере деления Золотой Орды на Кок и Ак Орду мы видим, что после потомков Орда-

Еджена на ханский титул в Восточном-Дешт-Кыпчак претендовали Тукай-Тимуриды и Шайбаниды то и султаны, получившие улус в определенном Жузе претендовали на власть именно в данном Жузе. Так возможно после исчезновения потомков Касым-хана и Хак-Назар-хана на власть в Младшем Жузе стали претендовать потомки одного из младших сыновей Жанибек-хана Усека, видимо получивший улус в Младшем жузе.

О существовании помимо общеказахских ханов еще и Жузовских ханов можем судить так же по косвенным уликам. Во время правления Есим-хана помимо якобы взбунтовавшегося хана Турсын-Мухамеда (по всей видимости хан Старшего Жуза), в письменных источниках зафиксирован в качестве малого хана и еще Батыр-хана. Именно данный Батыр-хан, как сейчас установили ученые, правил над всеми казахами в период между Жангир-ханов (умер 1652 год) до вступления на престол Тауке-хана (интронизация в 1680 год). И именно Батыр-хан являлся ближайшим родственником Абулхайр-хана (Батыр является братом его прадедушки Айшуак султана) который правил до него. Что свою очередь отрицает высказывание убийцы Абулхайр-хана Барак султана, и которое было принята официально в науке на веру (в его оправдательной речи говорится о том, что дескать его противник не имел право быть ханом так как в его роду Болекеев никто не правил, поэтому он якобы имел право через убийство низложить незаконного правителя) [2. с. 122]. Поэтому не вызывает удивления и сопротивления традиционных элементов общества относительно избрания Абулхайра ханом, одного из потомков младшего сына Жанибек-хана Усека (Осек, Усак), еще когда правил относительно сильного общеказахского правителя Тауке-хана.

Как установила известный ученый, доктор исторических наук Ерофеева И. В., задавшаяся исследовательской целью выяснить начало его правления, Абулхайр-хан был избран правителем Младшего Жуза на знаменитом Каракумском курултае 1710 году [1. с. 52]. Каракумский курултай 1710 года по-другому называется Каракесекским, подчеркивая на территории какого рода и кто является организатором данного курултая. Каракесек это другое название поколения Алим (вернее это наименование главного рода поколения Алим и связи с чем все алимовцы называются Каракесек), входящее в крупное племя Алшин из Младшего Жуза, султаном которого и был до поднятия на белой кошме Абулхайр. К тому же в записанном предании об Абулхайре Невольником есть интересное сведение о том, что свадьба Абулхайра на представительнице рода Шекти поколения Алим Бопай имело настолько знаменательным событием что на свадьбу, собрались представители всех казахских родов чем не именуемо воспользовавшись провозгласили его ханом [7. с. 228]. Таким образом получается свадьба Абулхайра и Бопай и Каракумский курултай одновременные события. Именно через женитьбу на представительнице поколения Алим Абулхайр был избран ханом. В дальнейшем видим

широкую поддержку и военную помощь во всех боевых действиях против Ойратских ханств со стороны Алшин [8. с. 167, 188, 197].

На этом же Каракумском курултае выступил батыр Бугембай-Богенбай-Бугенбай о личности которого историками ведутся споры. Дело в том, что в Истории Казахстана восемь батыров под таким именем и в Младшем Жузе два – один из них широко известный и популяризированный Табынский батыр сын Карабатыра и совсем не известный Шектинский батыр сын Жапалака. По утверждению Российского офицера, попавшего в плен к Приаральским казахам Гавердовского Я. П., записавший свои «Дневники» со слов шектинский «старожилов», эти батыров выступившим на Каракумском курултае был именно этот Богенбай батыр Жапалакулы.

Абулхайр-хан, опираясь на сильное племя Алшин, стал ханом Младшего Жуза и благодаря их военному контингенту вел полномасштабные боевые действия. Необходимо подчеркнуть, что на курултае присутствует общеказахский старший хан Тауке. Возможно, еще раннее было принято решение создать глав Жузов в лице верховного Жузовского бия, как опора его власти. Еще Левшин А. И. отмечал со слов местных преданий что Младше Жузкое племя Жетиру создал Тауке хан, объединив до того разрозненные семь родов в одно [6. с. 289]. Скорее всего Тауке хан противовес Абулхайр-хану, султану Алшинов, объединил Жетируцев и назначил главным Жузовским бием представителя одного из этих родов предводителя рода Жагалбайлы Шербуга. Лишь после его смерти бием Младшего Жуза стал известный Айтеке би, представитель рода Торткара, поколения Алим, из племени Алшин. Айтеке би так же наверняка способствовал избрание Абулхайра ханом Младшего Жуза.

Но после смерти Абулхайра поколение Алим избрало своим ханом его политического оппонента и противника султана Батыра, сына Кайып-хана. Именно бии поколения Алим оправдали на суде убийцу Абулхайр-хана Барак султана. Потомки Абулхайр-хана были султанами в Жетыру и поколении Байулы, а у алимовцев более султанами никто не замечен. Возникает вопрос, когда изменились отношения поколения Алим к Абулхайр-хану. Причины перемен скорее всего отправка прошения о принятия Российского подданства ханом Абулхайр-ханом для всех родов Младшего Жуза.

Абулхайр-хан, понимая грядущую опасность со стороны Джунгарского государства, имеющее военное и политическое превосходство над казахскими Жузами, поднимая перед своими сторонниками этот вопрос, получил полномочия от них на заключение союза с могущественным «Белым царем». Плюс к этому когда в 1730 году был заключен мир с Джунгарским и Волжским Калмыцким ханствами остальные подданные России такие как Башкиры, Яикские казаки продолжали конфронтацию с казахами [2. с. 209-210]. И тогда он решил получить сильную военную поддержку со стороны России, так же как

когда-то именитый правитель Волжских Калмыков Аюка-хан, став подданным-вассалом, войдя под протекцию Российской империи. Такой обман был обнаружен лишь во время принятия Присяги в подданства России 10 октября 1731 года, что привело к открытому конфликту родов поколения Алим (считавшими по традиции лидерами всего Младшего Жуза) и тогда самого Абулхайр-хана и представителей «Белого царя» пришлось защищать батырам поколения Жетыру (скорее всего они, при поддержке башкирского старшины Алдияра, подтолкнули Абулхайра к принятию такого решения) Богенбаю и Есету [4. с. 77-79, 301-303, 404-406]. И дальнейшим сам Тевкелев отмечал что Богенбай батыр рода Табын часто приходил на помощь как Абулхайр-хану, так и дипломатической миссии во главе самого Тевкелева [3. с. 112-113, 178-179].

Таким образом можно сделать вывод, что взаимоотношения Абулхайр-хана с родоплеменными объединениями Младшего Жуза прямо зависят внешняя и внутренняя политика правителя Жуза. При поддержке сильного в военном плане племени Алшин Абулхайру удалость стать ханом всего Младшего Жуза и вести активную военную операцию. При охлаждении отношении Абулхайр-хана родами поколения Алим видим распад поколения Алшин на Байулы и Алим. Близкие с Башкирами в этническом и хозяйственном плане рода племени Жетиру стали сторонниками Абулхайр-хана в вопросе присоединения казахских земель к Российской империи. А на против считавшие себя лидерами в Младшем Жузе родоправители поколения Алим не хотели потерять свою «степную вольницу» и поступится с частью своей власти.

Литература:

1. Гавердовский Я. П. «Обозрение Киргиз-кайсацкой степи часть 1, или Дневные записи в степи Киргиз-кайсацкой 1803 и 1804 годов» Л. 2003;
2. Ерофеева И. В. «Хан Абулхайр: поководец, правитель и политик» А. 1999;
3. Ерофеева И. В. «Рыцарь звания чести Казахский батыр Бокенбай Карабатырулы». А. 2017;
4. «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков». Том IV. Первое историко-этнографическое описание казахских земель XVIII века. Алматы: «Дайк-пресс», 2007;
5. Казахско-русские отношения в XVI-XIX вв. А. 1961. с. 59-60;
6. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы: «Санат», 1996;
7. Невольник Предание о киргиз-кайсацком хане Абулхайре. в Тургайской газете. 1900. № 1. // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков Народные предания об исторических событиях и выдающихся личностей Казахской степи (XIX-XX вв.) / составитель Мажитов С. Ф. – Алматы: «Дайк-пресс», 2007;
8. Тынышпаев М. Т. История казахского народа. А. 1937.

МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ АРХЕОЛОГИИ РАННИХ КОЧЕВНИКОВ В 5 КЛАССАХ


Келбетова Э.С.
Учитель истории

Методика преподавание любого предмета создается позже, чем само то, или иное исследование. Ученые и студенты исторического факультета не сталкиваются с такими трудностями как школьный учитель который, естественно был и у ученого и у студента истфака, и именно ему приходится объяснять что такое захоронения ученикам 5 класса родители, которых возможно и не рассказывали им, что такое смерть. В современном мире конечно это сделать намного легче благодаря компьютерным играм, но все же. Трудности есть и над ними можно поработать.

Ведь педагог, не осознавший конечных целей и задач преподавания отечественной истории, не отдающий себе отчета в построении школьного курса истории Казахстана, в принципах отбора материала, ценности различных методов, неизбежно ведет свою практическую работу без глубоко продуманного плана. Как бы хорошо не знал он историю Казахстана, его работа будет лишена целенаправленности. Порою приходится встречать молодых учителей, сомневающих в ценности теоретической методики. Они исходят из того, что главное – это знание предмета, а остальное «приложится». Чаще всего такие учителя пытаются преподавать так, как их учили в вузе, нередко непродуманно перенося в школу приемы вузовской работы. Наиболее инициативные из них пытаются найти более рациональные пути преподавания, однако не знакомые с методической теорией, они тратят время и силы на поиски того, что уже давно известно.

Будущие студенты истфака перед поступлением в ВУЗ просто заучивают те, или иные темы с далекого 5 класса, потому что, когда-то этот предмет был им не интересен. Хотя можно было бы изначально сформировать историческое знание и историческую последовательность в изучении истории. Особенно сложно подготовительный период в изучение темы «Почему курганы Бесшатыр и Шиликти называют царскими» очень сложный: если по истории саков ученики представление имеют с 4 класса, то в этом случае ученикам нужно объяснить: значение слова курган, для чего они нужны и, что же там все таки лежит, ведь многие ученики этого не понимают, зачем раскапывать, то что давно закопали. Здесь важна методика донесения и тщательная работа над рефлексией.

Начало урока на тему: «Почему курганы Бесшатыр и Шиликти называют царскими» начинаются с демонстрации картинок курганов|



Естественно ученикам не всё и всегда бывает понятно, и тут на помощь нам приходят видеоролики, к сожалению не всегда это интересные ролики настолько, насколько хотелось бы. Ведь кроме того чтобы понять эту тему ученик должен дать к этой теме свой анализ разработать свое отношение к данной проблеме. Потому как вы знаете современные методы обучения настроены на практико- ориентированные навыки и развитие критического мышления у учащихся. В Республиканских школах все состоит намного проще, ученики здесь уже готовые исследователи, они могут вместе с тобой находить все новые и новые альтернативы причины захоронений. Ведь история наших погребений если не интереснее, то ничем не уступает знаменитым пирамидам, возможно наши курганы тоже стоит также разрекламировать. Ведь у учеников появился реальный интерес в изучения Сакских племен после того как учителя истории при помощи анимационных фильмов с уверенностью с казали, что кентавры это наши предки вертуозно владеющие ездой верхом, не говоря уже про фильм Томирис. Я по работала с двумя учебниками по истории Казахстана 5 класса издательство НИШ и издательство «Мектеп» там нет того что лично мне рассказывал мой учитель по археологии нет того исследовательского азарта, информация неполная. И тут каждый учитель истории становится исследователем методики преподавания. При исследовательской методики ученик на доступном ему уровне попадает в положение, требующее его усвоение готового знания, сущность исследовательского метода одна, организованное усвоение опыта творческой деятельности и благодаря этому творческое применение и усвоение знаний. Есть очень хорошие программы сайты, видеоуроки. Лично я начала с видео археолога Стаса Потапова, но суть археологического знания заключается в том чтобы, зам учитель имел представление о том что собой представляют раскопки и археологическая экспедиция в целом, при современном подходе немаловажно является практическая часть знания в данном предмете так, как в отличие от других глав истории именно по скифским курганам важна практическое доказательство вопроса. Почему мы опираемся на видео с раскопок для доказательства ученикам о важности и глубинности исследования о будущем фундаменте исторического знания. После просмотра видео, также как при рассмотрение жилищ ранних кочевников

можно использовать глину или любые дополнительные материалы включая картон, дерево попытаться сделать гробницу в разрезе уже по документальным рисункам. Естественно все что сделано руками ученик запомнит. Есть ещё методика обозначения мы даем контур рисунка в разрезе и задание. Обозначить или разукрасить этот рисунок. Можно дальше стикером обозначить на карте местность или же подписать. На рефлексию и формативное оценивание используем следующую таблицу.

Формативное оценивание

Предмет: История Казахстана

Класс: 5

Язык обучения: русский

Четверть: 2

Раздел	5.2В. Саки
Тема	Кем был «Золотой человек»?
Цели обучения	5.2.2.4 – описывать реликвию «Золотой человек» как произведение искусства; 5.2.1.2 – описывать мировоззрение древних племен
Уровень мыслительных навыков	Знание, понимание, применение
Критерии оценивания	Ежелгі тайпалардың дүниетанымын бүгінгі күнмен байланыстыра алады
Задание	
Религиозные представления саков имели ярко выраженную военную окраску, а главными были - культ вождя и царя. Царь считался - избранником богов, посредником между небом и землей, центром мира, носителем земного процветания. От его физической мощи и духовной энергии зависло благосостояние народа. Он был воплощением всех слоев народа. Он проводил первую борозду на весенней пахоте. Царей и вождей отождествляли с солнечным божеством. Саки поклонялись силам природы - <i>солнцу, ветру, гран; грому</i>. По их представлениям боги перевоплощались в различных животных и птиц. Например, <i>конь</i> - бог солнца и огня; <i>кабан</i> - бог грома. Кочевые племена больше поклонялись <i>солнцу, огню</i>, а оседлые племена - <i>священной земле</i>. В святилищах, где находились алтари и жертвенники, приносили жертвы богам, совершали обряды достижения, плодородия. связанные с соблюдением <i>культа предков, культа огня</i>. Археологами обнаружены, что у саков Семиречья существовали «храмы огня». С VII в. до н.э. у населения обширной зоны степей Казахстана, Сибири, Поволжья и юга Европы возник в искусстве так называемый «звериный стиль». Главная тема-изображение зверей и мифологических чудовищ в движении. Ими украшали ювелирные украшения, оружия, одежда, конскую сбрую, бронзовые котлы и жертвенники. Сюжетной основой «звериного	

стиля» были сохранившиеся с глубокой древности мифы о происхождении людей от различных животных. Это своего рода особая знаковая система для выражения идеологии кочевников. В III-II вв. до н. э. этот стиль постепенно утратил реалистическую основу, превратился в орнаментальную схему, а в начале нашей эры вообще исчез.

<http://lms.nci.kz/history/view?f=66&id=5&lang=rus>

1. Почему был развит именно «звериный стиль»?

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

2. Какое место в жизни саков занимало поклонение природным явлениям?

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

3. Имеются ли сегодня пережитки поклонения природным явлениям? Приведите пример

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

Критерии оценивания	Дескрипторы
Знание и понимание Применение применение	Называет две причины развития «звериного стиля» Определяет роль природных явлений в жизни саков. Выявляет пережитки поклонения природным явлениям в современном обществе. Приводит 2 примера

Литература:

1. Поурочный план по Истории Казахстана тема «Почему курганы Бесшатыр и Шиликти называют царскими», составитель Келбетова Э.С.
2. <https://articlekz.com/article/6690>
3. Гуревич Я.Г. Опыт методики истории // Педагогический сб. - М., 1877. 1У. - С. 376.
4. Андреевская Н.В., Вернадский В.Н. Методика преподавания истории в семилетней школе. - М, 1947;
5. Вагин А.А., Сперанская Н.В. Основные вопросы методики преподавания в старших классах. - М., 1959;
6. Волобуев О.В., Клокова Г.В. Методика преподавания истории СССР (VIII-IX кл.). - М., 1979;
7. Зиновьев М.А. Основные вопросы методики преподавания истории. - М., 1955;
8. Карцов В.Г. Очерки обучения истории СССР в VIII-X классах. - М., 1955; Лейбенгруб П.С. О повторении на уроках истории СССР в VII-X классах. - М., 1977;
9. Никифоров Д.Н. Наглядность в преподавании истории. - М, 1964;
10. Редько А.З. Психологические особенности усвоения истории учащимися 4-8 классов. - М., 1961;
11. Стражев А.И. Методика преподавания истории. - М., 1964.

УДК 39(574)

ТІЛДІҢ САЛТ-ДӘСТҮРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Кажимова Н.Ш.

*Орал қаласы №16 ЖОББМ I санатты
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Тіл мен тарих – бір-бірімен сабақтаса байланысқан егіз құбылыс. Тарихи оқиғалар да халықтың сөйлеу тіліне байланысты өрбиді.

Халық – тіл мұрасын бар байлығымен, көркемдік қуатымен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, әрі қарай өркендетіп дамытушы қозғаушы зор күш.

Тілдер қалай қалыптасып, қалай жойылады, он екі мың жыл бұрын қанша тіл болған, олардың тағдыры неліктен әрқилы, тілдерді қолданатын халықтың тіршілігімен тікелей байланысты. Тіл – адамды басқа жаратылыс иелерінен жоғары қоятын құбылыс. «Адам баласы адам дәрежесіне тіл пайда болғанда жетті» деген болжамдар тілдің адамзат үшін басты қажеттілік екенін дәлелдейді. Тілдің пайда болуы адамдардың қарым-қатынас жасауы үшін басты қажеттілік болды. Әр халықтың өзінің тілі осылай пайда болып қалыптасты. Тілдерді оңай немесе күрделі деуге болмайды, олардың тек бір-бірінен ерекшеленетінін ескеруіміз қажет. Әр халықтың тілі өзі үшін түсінікті әрі қастерлі. Тіл – белгілі бір ұғымды немесе затты, түсінікті белгілейтін және дыбыстауы бар ортақ қабылданған таңбалар жүйесі. Әлемнің барлық тілінде жаңа сөз жасауға немесе өзге тілдерден сөз енгізуге болады. Теория жүзінде кез келген ойды кез келген тілде жеткізу мүмкіндігі бар, бірақ олардың лексикалық қорының айырмашылықтары бар. Белгілі бір тілдегі сөздер мен сөз тіркестері сол тілде сөйлейтін мәдениетке ғана тән және керек. Сондықтан әр халықтың сөздік қоры да әртүрлі. Басқа түркі тілдерімен салыстырғанда, сөздік қоры жөнінен қазақ тілі – ежелгі таза қалпын сақтап келе жатқан тілдердің бірі. Қалыптасудың барлық сатыларын бастан кешірген ана тіліміз – мейлінше жетілген ұлттық тіл.

Қазақ тілі – тамыры терең тіл. Ол күні кеше ғана пайда болып, жеке ұлттың ортақ тіліне бірден айнала қойған жоқ. Қалыптасу кезеңін III, V-VIII ғ.ғ. Талас, Орхон-Енисей ескерткіштерінен Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегін, Мойыншор сияқты жазба жәдігер мұраларынан бастайды. Кез келген халықтың ұлт болып қалыптасуы үшін басты үш нәрсе керек. Ол әр ұлттың өзіне сай діні, салт-дәстүрі және тілі болуы тиіс. Біздің, яғни қазақ ұлтының имандылық пен тәрбиелікке толы дініміз ислам діні, басқа ұлттан ерекшеленіп тұратын ұлтымыздың өзіне ғана тән салт-дәстүрлері және түркі дәуірінен бері қалыптасып келе жатқан сөзге бай тіліміз бар. Осы үш нәрсенің арқасында біздің ұлт екеніміз айқын көрінеді. Қазақ халқының салт-дәстүрлері Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Ол – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Ата - ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әдептілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады. Қасиетті қазақ халқының салт - дәстүрлері өте көп. Қазіргі кезде ұмытылып бара жатқан салт - дәстүріміздің бірнеше түрлерін іздеп, соны сіздерге ұсынып отырмын.

Той малы (дәстүр). «Жүз жылқы той малына кетіпті» (М.Ж.Көпеев). Келін алуға келген қадірлі құдалар ел дәстүр салты бойынша сән салтанатымен, жөн жосығымен келіп түседі. Бұл жолдың кәде жоралары да көп болады. Соның ішінде ең басты кәдесінің бірі осы топқа арнайы әкелген « той малы» деп аталатын жолды дәстүр. Бұған әр құда өз дәулеті мен шамасына қарай жылқы немесе бірнеше қой әкеледі. Күйеудің абырой,

беделі осы кәдеге де байланысты болады. Бұған қымбат мата, бұйым, жеміс, қант, шәй да қосылады. Әкелген мал арқылы құдалар қыз әкесінен, атасынан немесе сол ауылдағы жолы үлкен ақсақалдан бата тілейді. Батадан кейін әлгі мал сойылып, тойға жиналғандар одан ауыз тиеді. Той малы толымсыз болса қыз жеңгелері құдалардың бетіне басады. Сондықтан да «той малының» мүшесі түгел әрі семіз болуы қатты қадағаланады.

Дәмету

«Дәметкен сары майдан кеудең құрсын» (халық өлеңі). Дәметудің әр түрі бар Ал ырымда жас келіншектердің дәметуінің жөні бөлек. Жас балалар мен келіндер ата ежелері қонақтан келсе, олардан тәтті дәмететтің әдеті бар. Әсіресе, балалы жас келіндер дәметсе оның меселін қайтаруға болмайды. Өйткені, дәметіп отырып ойындағысы болмаса оның емшегі ісіп кетеді. Бұл өмір шындығы. Ал үлкен кісілер, аналар, әжелер жас келіншегі бар үйге дәметіп қалар деп қашанда қалтасына дәм тұзын сала жүреді. Бұл әркім ескере жүретін ескіден келе жатқан ырым.

Сыңсу (салт).

«Халқымызда тұрмыс салт жырларының ең көп тарағандарының бірі сыңсу». Ұзатылған қыз өз босағасынан аттанр алдында ағайын туғандарын аралайды. Былайша айтқанда қоштасады (Бірақ бұл дәстүрлі қоштасу емес). Жеңгесін ертіп ағайындарын аралап жүрген қыз жәй жүрмейді. Ол өзінің балалық дәуренінің, оң жақта бұлғақтап өскен бақытты күндерінің өткендігін, аяулы ата анасының, туыскандарының өзін мәпелеп өсірудегі еңбегін өлеңмен айта жүріп өксиді. Ондай өлең жырды сыңсу дейді.

Базардан келген құйысқан
Тарамай шашым ұйысқан.
Келіп кетіп жүріңдер,
Сағындырмай туысқан
деп өзінің өтінішін де айта жүреді.

Қыздың сыңсуы жарасымды әрі тәрбиелік мәні бар салтанатты салт. Бұл адамгершілік, әдептілік жағынан алғанда да өте орынды дәстүр. Өйткені балалық күндерден ағайын ортасынан бөлініп кету оңай іс емес. Ал қазақтың қазіргі қыздары бұл дәстүрдің алтын арқауын үзді десе де болады. Өйткені ауыл, үй аралап сыңсу, жылау түгілі, оң жақтан аттанарда күліп, қуанып жүргендерін де көз көрді. Бұл ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениеттің ұмытылғандығынан деп танимыз.

Қорықтық құю. Ол – емдік ғұрып. Ауырған адамның төбесінің үстіне (басына тигізбей) май құйылған табаны әкеліп, екінші бір ыдыста қорытылған сұйық (ыстық) қорғасынды оның үстіне құйып кеп жібереді. Сонда «шар» етіп кішкене қорғасын сұйығы бір бейне қалпына түседі. Емші соған қарап ауруға «Сіз иттен немесе адамнан, жыланнан қорыққансыз» дегендей болжам айтып, ауруды жазылатынына сендіреді.

Қазақ тілі – ең бай әрі дамыған тіл. Әлемдегі санаулы әдеби тілдердің бірі. Қазақ тілінің кешегі мәйекті қалпын, терең философиялық

тұжырымды екі ауыз сөзге сыйғыза білген, мірдің оғындай өткір қалпын терең меңгеру, меңгерту парыз. Әрі бұл меңгеру мен меңгерту – ғылыми бағытта парасаттылықпен дұрыс жолға қойылса орынды. Кез келген тілдің сипаты мен өзіндік тарихы бар, оларды бірінен-бірі артық не кем деуге ғылыми негіз жоқ. Мәселе сол тіл иеленетін әлеуметтік құндылыққа, ұлттық мәдениеттің басымдылығына, мемлекет жүзеге асыратын тілдік саясатқа, ақыр аяғы отбасына келіп тіреледі. Тілдің әлеуметтік құндылығын асыру не кеміту қоғамның өз қолында. Қазіргі таңда ана тіліміз ғылыми ойдың, ғұламалықтың тіліне айналуда. Барлық ғылым салалары бойынша терминдер жасалу үстінде. Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең бай тілдер қатарына жатады. Қазақтар көшпелі халық болғанымен, ауыз әдебиеті мен аңыз-әңгіме, жыр-дастандары атадан балаға ауызша айтылып, тілдік қоры ерекше дамыған. Қазақ тілінің сөздік қоры өте бай, екіншіден кез келген ойды, эмоцияны, сезімді жеткізуге өте тиімді. Сөздері де оқиғаға байланысты түрленіп, шығарманың мағыналық жағын ерекше толықтыра түседі.

Ұлт тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан кез келген мемлекет өзінің ұлттық салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғауға барын салады. Қазақ тілі – әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Тек қолданатын халықтың саны аз демесеңіз, бұл тілдің құдіреті ерекше. Абайға дейін жыраулар, батырлар мен хандар, шешендер осы ана тіліміз арқылы дау шешіп, соғыстың бетін қайтарған. Абайдан кейінгі қазақ тілінің ерекше қолданысқа түсуі, оның қазақ поэзиясын халық ішіне идіріп әкелуі. Әрине Абайға дейін де поэзия болды. Бірақ ол зар заман жырлары мен дастандары. Ал Абай тілінде сұлулықпен біз айтқан ерекшелік үндесіп жатыр.

Пайдаланған әдебиет тізімі:

1. Қазақтың салт - дәстүрлері мен әдет - ғұрыптары. С.Кенжеахметұлы. Алматы. «Ана тілі»1994ж
2. 2. Жеті қазына. С.Кенжеахметұлы. 1-кітап. Алматы. «Ана тілі»2003ж.
3. 3. Қазақ мақал - мәтелдері. Алматы. «Қазақстан» 1990ж
4. 4. Қазақтың салт - дәстүрлері. Алматы.
5. 5. Халық тағылымы. Ә.Табылдиев. 1992ж
6. 6. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы.1999ж
7. 7. Балдырған, Айгөлек, Мөлдір бұлақ журналдары.

ЖАҢАЖОЛ (АЙДАРХАН) АУЫЛЫНЫҢ ТАРИХЫ

Ғұбайдуллин А.С.

Айдархан ЖББОМ тарих пәні мұғалімі,

Жаңақала ауданы, БҚО

Отан дегеніміз от басынан, үй-ішінен, ауыл-аймақтан басталады. Отан деген үлкен ұғым. Әр адам өзі өскен ортасын, ата-бабаларын, өзі тұрған ауылы, тарихын білуі парыз. Айдархан жерінде совет үкіметі 1921 жылы желтоқсанда құрылды. ХҮІІІ ғасырдың ІІ жартысынан бастап Үлкен, Кіші өзендердің жағасындағы шұрайлы орындарына ішкі Ресейден қоныс аударып келіп, орналаса бастаған казак, орыс, татарлар, тұрақты қыстақтар бекіністер сала бастаған. Солардың бірі қазіргі Жаңажол ауылы оны казак, орыстар жағалай өзен, көл болуына байланысты «Мокринск» деп атаса, жергілікті халық ауылда шошқа өсірілуіне орай “Шошқалы” деп атаған.

1927 жылдан бері «Новый путь» ауылы деп аталды. Орыс байлары елдің бай табиғат байлықтарын пайдалана отырып, егін егу, бау-бақша өсіру, жеміс ағаштарын отырғызудан айналысқан.

Сол үшін өзен бойларындағы құнарлы жерлерді бөліп алып, өздерінің аттарын берген. Мысалы: Савенко, Алёшка, Никифор қыстақ орындары. Савенкода орыс байы Себастьяновтың жел диірмені, екі қабатты үйі, дүкені орналасқан. Өзен бойындағы жеміс ағаштарының бағына Бакиров Парамон иелік еткен. Осы жеміс бағы 1962 жылға дейін жеміс беріп, аудан бойынша еңбек озаттарына, сауықтыру орындарына берілген. Қымыз бен шұбат сусындарымен емдеу қолға алынған.

1931 жылдың жазда «Қызыл сәуле», «Жігер», «Алғабас», «Ортақшыл» серіктестіктері бірігіп, «Жаңажол» колхозына ұйымдасты. Оның құрылуына жалғыз сиырын ортаға салып басқаларға үлгі болған ауыл кедейлерінің бірі Бисемәлі Жұмағалиев еді. Кейін ол ауылдық кеңестің төрағасы болды. Алғашқыда оған балаларымен Шоқанаев Тәутен, Ералиев Бораһ, Досқалиев Хабер, ағайынды Әбу, Өтеғали Қожақиевтар, Иманғалиева Үрпия, Мәмбиев Бекмаш, балаларымен Кеженов Ыбыраһ, Қарабалина Сақыпжамал, Флумарова Ағафия, Плукер Анна, Жұмағалиев Бисемәлі, Янтудин Ыбыралі мүше болды. Алғаш колхоздың шаруашылығы сүт өндірумен айналысқан. Түйе, жылқы сауылған. 1932 жылы көп сүт өндіргені үшін аудан Қызыл Туды алған.

1932 жылы «Жаңа жол» колхозы «Новый путь» болып құрылды. Колхоз басқарамасының төрағасы болып, Сұмағұл Янтудин сайланды.

1941-45 жылдары фашистік Германияға қарсы соғыс кезінде тылдағы шаруашылықтың бар жүгі қариялар, әйелдер мен балаларға түсті. Колхоз басқармасы Дүйсенбай Суханов бастаған колхозшылар аянбай еңбек етті.

Ер –азаматтардың орынын жоқтатпай, белін буып, ат тізгінін қолға алған Әпекен Жүсіпова, Үрпия Иманғалиева апаларымыздың еңбегі өте зор еді. «Новый путь» колхозының 70 жастағы аға шопаны Ахметшәріп Оразғалиев майданға кеткен 3 баласының орынын жоқтатпай, бағымындағы 400 саулықтың әр жүзінен 111 қозы алып аман сақтап, өсірді. Осы колхоздың аға шопаны Дінғали Шынтаев 600 саулықтың әр жүзінен 112 қозы алып отарға қосты. Колхоздың аға сауыншылары Әсилә Жұмағалиева, Үрпия Иманғалиевалар әрқайсысы 25-30 сиыр сауып, сүт, майды мемлекетке тапсырды. Осындай ерен еңбектері үшін колхоз басқармасы Д.Суханов, қой фермасының меңгерушісі Ә.Жүсіпова, аға шопан Ғабдығали Майхин “Ленин орденімен” наградталды.

1963 жылы наурыз айында «Новый путь» колхозы ауылшаруашылық министрінің №129 23/ә және Фурманов ауданының ауылшаруашылық басқармасының №24.4/II-1963 бұйрықтарымен Айдархан қой совхозы болып қайта құрылды. Директоры Абдрахманов Әдиет.

5 бөлімше жұмыс істеді.

№1 Теңдік. Аубекеров Әжібай

№2 Кіші Айдархан .Қойысов Арыстанғали

№3 Факеево. Үбішов Оқас

№4 Хайруш. Ажымов Аманғали

№5 Тоқсаба. Баймұхамбетов Насиболла

Колхоз шаруашылығында Отан соғысына дейін

Сиыр фермасын- Бектов Бисекеш

Қой фермасын:- Жүсіпова Әпекен (Ленин орденінің иегері)

Жылқы фермасын-Нұрғалиев Тапал

Түйе фермасын-Жүсіпов Бақытжан

Егіс бригадаларын:

1.Теренқұдықта-Полумордвин Михаил

2.Теңдікте –Баймурзин Қапаш

3.Соркөлде-Қожақұлов Әбу басқарды.

Он екі сауын фермасының әрқайсысында «8» сауыншы, «1» сиыршы, «1» бұзаушы, «1» сүт пісіруші жұмыс істеді. Сауын фермаларын аға сауыншылар:

Теңдікте-Дөнекова Уәсила

Жырғансайда - Тілепбергенова Бәтима

Савенкеде-Әубекрова Рысқаным

Кіші Айдарханда –Иманғалиева Үрпия

Тоқсабада-Сүлейменова Ұлболсын, Әжімова Батес, Дәулетова Ұлболсын.

Қамыс Самарда - Өтеғалиева Злиха, Кашимова Үмітай, Жұмашева Ғазиза, Жұмашева Жұмабике,Төлеуова Жамал басқарды.

1963 жылы наурыз айында колхоз ірілендірген түрінде кеңшарға айналдырылды. Колхоз еңбекке ақы төлеуде ақшамен қолма-қол есептесетін Жаңақала ауданындағы алғашқы шаруашылықтардың бірі

болды.Колхоз орталығынан 14 км Кіші Айдархан қыстағына дейін электр желісі тартылып, электр қуатымен сиыр сауу қондырғысы орнатылды.

Диірмен, ағаш кесу қондырғылары жұмыс істеді.

Кеңшарды алғашқы ұйымдастырушы,1973 жылы мамыр айына дейін басшы болған Әбдрахманов Әдиет Төремұратұлы,партком хатшысы Ералин Мұқамбет болды.

Кейінгі жылдарда Томанов Ғайса, Өтенов Нұртаза, Мерғалиев Төлеген, Есіркепов Неғымет, Қайырбеков Серікқали шаруашылыққа басшылық жасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. З.Ғайнеденұлы. Өлкенің жер су атаулары. Орал.к "Шұғыла Принт" баспасы 13 бет.

2. Сисенғали З. Жаңақала ауданының тарихи- танымдық анықтамасы. –Орал: Полиграфсервис. 145 бет.

3. Сисенғали З. Қамыс-Самар өткені мен бүгіні. –Орал: Полиграфсервис. 2013. 168 бет.

УДК 374.3 (574.13)

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

Хожамуратова К.А.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ тарих
мамандығының магистранты*

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады [1]. Сондықтан, еліміздегі әрбір азамат өзінің Отанына, қызметіне, ұлтына, отбасына адал болса өзінің ұлттық санасын жаңғыртып отыру тиіс. Ал біздің ұлттық санамыз ұлттық тарихтың шындығымен байланысты. Осы орайда, рухани сананы жаңғыртуды өзіміздің туған жеріміз – Ақтөбе өңірінің тарихын таразалаудан бастауды жөн көрдік.

Алғашқыда бекініс ретінде салынып, қазіргі таңда облыс болып қалыптасқан Ақтөбе облысының 145 жылдық тарихы бар. Осынша уақыт көлемінде өңір бірнеше кезеңдерден өтіп, әкімшілік құрылымы өзгеріске ұшырап отырды.

Қазақ тарихынан мәлім: ел басқарудың хандық жүйесі 1822 жылғы патша үкіметінің «Сібір қазақтары туралы Ережесіне» байланысты жойылып, олардың орнына 1822-1824 жылдары округтер құрылды. Патша үкіметі өзінің әкімшілік басқару ісін жүргізу мақсатында аймақта әскери

бекіністер салды. Олардың бірі болып, 1869 жылы 14 мамырда Ақтөбе әскери бекінісінің негізі қаланды. Бекініс жергілікті халықты ұдайы бақылап отыруға, олардың қарсылығын басуға пайдаланады. Бекініс салынғаннан кейін Ақтөбе өңіріне Ресейдің орталық ауданынан алғашқы қоныс аударушылар толқыны ағылды. Осы жағдайдың салдарынан бекініс өзінің әскери сипатын жоғалтып, қалалық қонысқа айнала бастады. XIX ғ. екінші жартысында бұл өңірде ірі сауда ұясы - жәрмеңке дамыды. Сондай Жәрмеңке Темір қаласында 1870 ж., ал, Ақтөбеде 1871 жылы ашылды. 1903 жылдан бастап Ақтөбе арқылы өтетін Орынбор-Ташкент темір жолының салына бастауы қала халқы санының өсуіне ықпал етті. 1824 жылы хандық таратылғаннан кейін осы аймақтың батысы мен шығысын, орта бөлігін қамтитын әкімшілік-аумақтық негізде Орынбор қырғыздары облысы құрылды. Негізгі ережеге сәйкес, 1868 жылы Қазақстанда Ақмола, Семей, Торғай және Орал сияқты төрт облыс дүниеге келді. Ақтөбе ол кезде осының ішіндегі Торғай облысына қарады. 1891. жыл. 25 наурызда Ақтөбе әскери бекінісі ресми қала болып аталынып күні кешеге дейін Торғай облысының құрамында болды [2].

Жаңа әкімшілік бірліктердің шекаралары ғасырлар бойы қалыптасқан көшпенді шаруашылықтың тарихи шектерімен сәйкес келмеді. Болыстыққа бөлудің негізіне көбінесе – көшпенді шаруашылыққа тиімсіз, бірақ қызметкерлерді тағайындау мен әкімшілік басқаруға ыңғайлы ауылдар санының теңгермешілік тәсілі қолданылды. Соған қарамастан, Ф. Щербиннің айтуы бойынша басқа уездерге қарағанда, Ақтөбе уезіндегі әкімшілік бөлу кезінде ауылдардың жаздық және қыстық тұрақтары біршама сәйкес келетін. Оның бір дәлелі, осы әкімшілік аудандарда қазақ руларының 150 жылдан артық көшіп-қонып жүре алғандығы. Орташа есеппен алғанда болыстықтар құрамына 1474 шаруашылық кіретін, ал шындығына келгенде болыстықтардың сиымдылығы 900-ден 2320 шаруашылыққа дейін еді. Болыстықтар шаруашылыққа неғұрлым жақындау әкімшілік бірлік болды. Ақтөбе уезінің солтүстік-шығысында Аралтөбе (Ор өзенінің төменгі ағысы, Орал өзенінің солтүстік-батыс жағалауында) және Ойсылқара (Ор өзенінің сол жақ ағысы, Мамыт, Қызылқайың, Дүбірсу, Ойсылқара) болыстықтары орналасқан. Бұл жерлерде қырық жылдан астам тұратын Жағалбайлы руының қоныстары бар. Сонымен қатар, Ырғыз уезінен көшіп келген шөмекей, қаракесек, төртқара, шектілер ауылдары да бар.

Бөрте, Тұзтөбе, Теректі болыстықтарында негізінен Орта жүз қазақтары, соның ішінде уақ руы қоныстанған. Жарты ғасыр ішінде Ақтөбе уезінің болыстықтарының саны өсіп отырған. 1917 жылға таман олардың саны 19-ға жетті[3, 8-15 бб].

Сөйтіп Илецк, Николаев, Ырғыз және Торғай уездеріне бөлінді. 1891 жылы Илецк-Ақтөбе, 1895 жылы Николаев -Қостанай болып аталды [4, 84 б].

Осылайша, Қазан төңкерісіне дейін Ақтөбе өңірінің негізгі территориясы Торғай облысының қарамағына қарады.

XX ғасырдың бас кезінде, саяси өзгерістерге байланысты, оның ішінде патшалық биліктің жойылуы мен аймақта кеңес үкіметінің құрылуына байланысты әкімшілік құрылым өзгеріске ұшырады. Кеңес үкіметінің орнауына байланысты, 1920 жылдың 7 шілдесінде Қырғыз революциялық комитеті мен Орынбор губерниялық атқару комитетінің қаулысымен Орынбор, Торғай облысынан Торғай, Ырғыз, Ақтөбе және Темір уездері енді. Бірақ көп кешікпей, 1921 жылдың 8 желтоқсанында орталағы Ақтөбе губерниясы Орынбор-Торғай губерниясы құрамына өз алдына енші алып шықты. Жаңадан Ақтөбе губерниясы құрылды. Жаңа губерния құрамына Ақбұлақ, Ақтөбе, Шалқар, Темір, Ырғыз сияқты бес аудан кірді. 1928 жылдың 17 қаңтарында Қазақ АССР-ның орталық атқару комитетінің сессиясында аумақтық құрылым туралы жаңа жоба бекітілді. Осы сессияның қаулысымен Ақтөбе округінде Ақтөбе, Ақбұлақ, Ақкемер, Елек, Ырғыз, Қарабұтақ, Мағаджанов, Мәртөк, Новоалексеевка, Новоресей, Темір, Шалқар, Шыңғырлау және Қобда аудандары құрылды. Бұған қоса 1929 жылы таратылған Адай округінен Алтықарасу, Табын, Ойыл аудандары да тартылды [2, 335 б.]. Осылайша, 1932 жылы 10 наурызда құрамында 17 ауданы бар Ақтөбе облысы ашылды. 1935 жылы біздің облыстың құрамында 28 аудан болды. Кейіннен оның 11-і негізінде Қостанай облысы құрылды. Ақтөбе облысы ірілендірілген жеті селолық аудандарымен, немесе аумақтық өндірістік басқармалармен Батыс Қазақстан өлкесіне қарады. Бірақ бұл процесс ұзаққа бармады, 1964 жылдың 31 желтоқсанында Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен өлке тарады. Осыған байланысты аумақтық өндірістік басқарма да жойылып, аймақтардың бұрынғы шекаралары мен аудандардың атаулары ғана қалдырылды. Әрі қарай облыс картасына бірсыпыра өзгертулер енгізілді [2, 336 б.].

Қазан төңкерісінен кейінгі әкімшілік құрылым 1920 жылдары әкімшілік-территориялық бірліктерді ірілендіру және 1930 -1950 жылдары кенеттен «ұсақтандыру» мен әртүрлі «сыртқы келбетін» өзгерту талпыныстары орын алған болатын. Әрбір талпыныс сол кездегі саяси және экономикалық жағдайларға тікелей байланысты болды. Бұл оқиғалар мен үрдістерді олардың тарихи-географиялық мәнін ашу арқылы ғана ұғынуға болады. 1920 жылға дейін Ақтөбе облысының қазіргі территориясы Далалық өлкені басқарудың ережесіне сәйкес (1868 ж.) Торғай облысының құрамында болған еді. Әкімшілік жағынан ол төрт уезге бөлінетін: Ақтөбе, Ырғыз, Қостанай және Торғай. Олар Торғай уезінде – 147,500 шаршы шақырым, Ырғыз уезінде – 127,300 шаршы шақырым, Қостанай уезінде – 93,838 шаршы шақырым және Ақтөбе уезінде – 49,500 шаршы шақырым болды. Сонымен Торғай облысы 418,138 шаршы шақырым аумақты алып жатты. Әкімшілік орталығы – Орынбор қаласы болды. 1920 жылғы 24 тамызда В.И. Лениннің Декреті бойынша және 1919 жылғы 10 шілдедегі № 354 Жалпыресейлік Орталық Атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің қаулысына сүйене

отырып: Автономиялық Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасын құру, РСФСР-ды бір бөлігі ретінде құрамына бұрынғы облыстардағы әкімшілік шекарасын белгілеу. Соның ішінде, Торғай уезінің құрамына: Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай; Орал уезінің құрамына: Орал, Лбищенск, Темір және Гурьевті енгізу мәселесі айтылды [3, 10 б.].

КП(б)К ОК мен Қазақстан Халық Комиссарлар кеңесі И.В. Сталинге және В.М. Молотовқа жазған өтінішінде: 1. Қазақстанның 13 ауданын қайтадан бекіту: е) Ақтөбе қаласына жақын жердегі бөлігін және Мәртөктің бір бөлігінен жаңа Родниковский аудан ашуға. Ақтөбе қаласын жеке әкімшілік бөлік қылып қалдырып, оған 6 қалаға жақын орналасқан колхоздарды біріктіру. 2. Қазақстан территориясынан үш жаңа облысты бөлуді: а) Гурьев облысы, орталығы Гурьев қаласы, оны Батыс-Қазақстан облысынан бөліп және оған Ақтөбе облысының Ойыл ауданын беру. Гурьев округын тарату. б) Қызыл-Орда облысы, орталығы Қызыл-Орда қаласы, оны Оңтүстік Қазақстан облысынан бөліп және оған Ақтөбе облысының Арай ауданын беру. Жаңа облыстарды келесі аудандарға бөлінді: а) Гурьев облысына 9 ауданды: Маңғыстау, Бақсай, Мақат, Испульск, Теңгіз, Жылықосын, Тайпақ – Батыс Қазақстан облысынан және Ойыл – Ақтөбе облысынан және Гурьев қаласы. в) Қызыл-Орда облысының құрамына 7 аудан: Арал – Ақтөбе облысынан, Қазалы, Қармақшы, Қызыл-Орда, Тереңөзек, Жаңақорған, Шиелі – Оңтүстік Қазақстан облысынан бөлуді ұсынды.

Ақтөбе губерниясы 1920 жылдың аяғында 4-12 қазан аралығында Орынборда өткен Қазақ АКСР Кеңестері съезінің шешімінен соң бұрынғы Орынбор – Торғай губерниясының негізінде құрылды. Ақтөбе губерниясының құрамына Ақбұлақ, Ақтөбе, Мұғаджар, Темір, Ырғыз аудандары кірді. Орталығы – Ақтөбе қаласы болды. 1921 жылдың аяғында Қарабұтақ пен Шалқар аудандары құрылды. 1922 жылы 5 шілдеде аудандық бөлініс жойылып, 5 уез құрылды. Ақбұлақ уезінде – 15 болыс, Ақтөбе уезінде – 39 болыс, Ырғыз уезінде – 8 болыс, Темір уезінде – 20 болыс, Шалқар уезінде – 6 болыс болды. Қазақстанның Орталық атқару комитеті мен Казревкомның 1921 ж. 1 шілдесіндегі қабылдаған қаулысына орай бұрынғы Торғай облысының Ақтөбе мен Ырғыз уездерінен – Ақтөбе губерниясы құрылды [5, 3 б.]. Ал осы жылдың 11 желтоқсанында Қазаткомның бірінші сессиясы Орынбор-Торғай губернияларын бөлек төрт губернияға бөлу туралы шешім қабылдады. Келесі 1921 жылдың 8 желтоқсанында Бүкілодақтық атқару комитеті Орынбор-Торғай губернияларын үш губернияға: Ақтөбе, Қостанай және Орынборға бөлуді бекітті. Революциядан кейінгі алашапқын кезінде орталықтың қадағалауы әлсіреп, жергілікті кеңестер мен атқару комитеттері еркіндікті сезініп, болыстықтардың шекараларын өз беттерімен ауыстырған жағдайлар жиі кездесетін. 1921 жылдың 12 сәуірінде бекітілген аудандастыру жобасына сәйкес Ақтөбе губерниясы 4 ауданға: Ақбұлақ (18 болыстық), Ақтөбе (41 болыстық), Мұғаджар (20 болыстық) және Темір (27 болыстық) бөлінді.

Төменгі әкімшілік-территориялық бірліктерді құрудың бекітілген тәртібі болмағандықтан, 1921 жылдың аяғына таман Ақтөбе губерниясында жүздеген болыстықтар мен жүздеген ауылдық және селолық кеңестер қаптап кетті. Кейде 2-3, тіпті бір қоныстардан құралған болыстықтар да кездесетін. Міне, бұл 13 уездер мен болыстықтардың көлемі мен экономикалық қуатының ала-құлалығына алып келді. Біреулері тым үлкен болса, екіншілері әлсіз және ұсақ болды. Әрине, бұл өтпелі кезеңге тән жағдай болатын, соған қарамастан жергілікті әкімшілік орындардың қалыптасу мен шаруашылықтың қайта қалпына келтірілуі жүріп жатты. 1925 жылдың 6 маусымына дейін ҚазСТАТ басқармасының орынбасары Бекқалиевтің Ақтөбе Губерниялық статистикалық бөліміне берген мәлімдемесі бойынша Ақтөбе губерниясының жер аумағы 452558 шаршы км болды. Сол жылдың 6 шілдесінен бастап Темір уезіндегі Қазбек және Ойыл болыстықтары Адай уезіне берілді, сондықтан да Ақтөбе губерниясының жер көлемінің ауданы өзгерді. Яғни 1925 жылдың 6 шілдесінде Ақтөбе губерниясының жер аумағы – 441616 шаршы км болды.[6, 82 п].

1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағының мәліметтері бойынша Ақтөбе губерниясы – Ақтөбе уезі, орталығы – Ақтөбе қаласы, Темір уезі, орталығы – Темір қаласы, Торғай уезі, орталығы – Торғай қаласы, Шалқар уезі, орталығы – Шалқар қаласы, Қостанай округі, орталығы – Қостанай қаласы. Ақтөбе уезінде 26 болыстық, Ақбұлақ, Ақкемер, Әлімбет, Андреевская, Аралтөбе, Астрахан, Богословская, Бөрлі, Ащысай, Илек, Қарағанды, Қаратоғай, Қарахобда, Қосістек, Мартөк, Мұғаджар, Новоалексеевская, Новороссийская, Петропавловская, Родниковская, Сазды, Степановская, Тұздытөбе, Қобда, Жайсан болыстықтарға бөлінеді. Ал Темір уезі – 12 болыстыққа, Жиделі-Сағыз, Жұрын, Қайыңды, Қалмаққырған, Қашқара, Құмдыойыл, Перелюбовская, Темиро-Уркачевская, Темір, Ембі, Ембі Байсары, Ембі-Темір болыстықтарына бөлінді. Шалқар уезі – 6 болыстыққа, Жаркөл, Ырғыз, Қарабұтақ, Қарашоқат, Шалқар, Шолақжидексай болыстықтарына бөлінеді. Аудандастыру ісі жалғасын тапты. 1928 ж. 17 қаңтарында Ақтөбе губерниясы жойылды. Оның уездері мен болыстықтарынан Ақтөбе және Адай округтерінің аудандары құрылды. Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің (БОАК) 1930 жылдың 23 шілдесіндегі қаулысы негізінде, осы жылдың 17 желтоқсанында Ақтөбе округі жойылды және төмендегідей аудандарға ірілендірілді: Ақкемер ауданы – Ақтөбе мен Темір ауданына қосылды; Алтықарасу – Ойылға, ал Ойылдың бір бөлігі – Доссорға; Қарабұтақ – Ырғыз және Шалқарға; ал Ырғыздың бір бөлігі – Қазалыға; Илек – Ақбұлаққа; Мұғаджар, Новороссийскі – Ақтөбеге; Мәртөк – Ақбұлақ және Ақтөбеге; Ново-Алексеевскі – Қобдаға; Шыңғырлаудың бір бөлігі – Қобдаға қосылды [7, 176 б]. Жоғарыдағыдай өлкеде аудандастыру жұмыстарды арнайы комиссия басшылыққа алды. Аудандастыру жұмыстары барысында өндіріс ошақтарының, ауыл-шаруашылық

орталықтары мен көлік қатынау жолдарын, және де қоныстану үдерісіне байланысты әр оталықтардағы халықтың ұлттық ерекшеліктерін негізге алды.

Қазіргі Батыс Қазақстан аймағындағы 15 қаланың пайда болуының өз заңдылықтары болды. Қалалардың көпшілігі (Орал, Атырау, Ақтөбе, Ембі, Темір, Форт-Шевченко) патшалық Ресейдің өлкені әскери отарлауы барысында тұрғызылған әскери бекіністердің негізінде өсіп шықты. Сол секілді облыстағы бірнеше факторлар негізінде пайда болған қала мен аудан және ауылдық елді мекендер болды. Бұдан кейінгі уақытта көлік факторының әсерінен Орынбор-Ташкент темір жолының бойында Ақтөбе облысындағы қазіргі Жайсан (Жайсаң) Мәртөк, Бестамақ, Тамды, Ақкемер, Шалқар, Қандыағаш алғаш темір жол станциясы, сауда-өнеркәсіптік елді мекендер ретінде құрылды. Осы темір жол бойында 1912 жылы салынған №44 разъездің негізінде кеңестік дәуірде Алға қаласы құрылды. Қалалар келесі кезекте тау-кен және мұнай-газ өндірісінің ашылуының ықпалымен пайда болып, өркендеді оған қазіргі Хромтау қаласы мысал бола алады [8, 166 б.]

XIX ғасырдың XX ғасырдың басындағы өлкеде әкімшілік басқару саясаты негізінде жүргізілген өзгерістер: әкімшілік территорияның кеңеюі, орталықтандырылған аудандардың құрылуы шаруашылықтың дамуына жол ашты [9, 70 б.].

Торғай облысында егіншілік, әсіресе Орынбор даласының жалғасы болып табылатын солтүстік қара топырақты аймақта едәуір жақсы дамыды. Егістік алаңдарының көлемі 1875-1882 жылдары осы облыста - 3,8 есе өсіп, 44 мың десятинаны құрады.

XIX ғ. аяғына таман Торғай облысының егіншілікпен айналысудағы жоғарғы көрсеткішті солтүстіктегі - Ақтөбе (95,4%) және Қостанай (77%) уездері көрсетті [4, 10 б.].

Ақтөбе уезінде он бес жыл ішінде (1881-1895 жж.), тары егу 10 есе, қара бидай - 7,2 есе, сұлы - 3 есе өскен, салыстырмалы түрде қарастырсақ, дәл осы кезде Ырғызда қара бидай мен сұлы - 5 есе, ал тары егу - 3 есе ғана өскен [5]. Міне, бұл көрсеткіштерге қарамастан кедей шаруашылықтары, ауа-райы, еңбек құралдары мен жегілетін көліктің тапшылығынан зор шығындарға ұшырап отырды. Мына дерек негізінде егін шаруашылығының қарыштап даму байқалады [4, 11 б.].

XIX ғ. аяғына қарай Торғай облысында егіншілікпен айналысқан қазақтардың жоғары пайызы Орынбор және Самара губернияларымен шектесетін солтүстік уездер саналатын Ақтөбе (95,4%) және Қостанай уездерінде болды. Орал облысында да егіншілікпен қазақтар аралас уездерде айналысты. Орал, Лбищенск уездерінің солтүстік-батыс бөлігі, егіс алқабы 94 мың десятинаға дейін жететін Темір уездері еді. [4, 12 б.]. Шаруашылықтың дамып біршама ілгерілеуі шаруашылық өнімінің артуы Өлкеде садуда қатынастары дамуына жаңаша серпін берді. Сауда қызметінің дәмін тата қоймаған бұл өңірдің әрі мол, әрі арзан шикізатының

жарнамасы әр қиырдан әр ұлттың саудагер адамдарын тез жинаған. Мұны сол уезд халқының демографиясы дәлелдейді.

XIX ғасырдың екінші жартысында бұл өңірде ірі сауда орталықтары - жәрменкелер жұмыс жасады. Сауданың дамуы мейрамхана, наубайханалар санының күрт артуына себепші болып, тігіншілік, ұсталық, темір ұсталығы сияқты ұсақ кәсіпшілікке жол ашты. 1897 ж. Қалада 33 мейрамхана, 14 тігін орны, 25 дүкен болды. Жәрменке тек белгілі бір уақыттарда ғана болып тұрса да тауар қатынастарын дамытуға, қазақтардың тауар өніміне деген ынтасын арттыруға зор әсер етті. Ресейдің отаршылдық пиғылмен сусындаған орыс шенеуніктері қазақ даласына деген жемқор саясаттан бас тартпады. Шовинистік саясат көкейін тескен әкімдері саудамен айналыспаған башқұрт, қазақтардың қалада тұрақты тұруына рұқсат етпеді.

Жалпы қала тұрғындары өзінің әркелкі құрамы жағынан әркелкі болды.

Кесте №1

Қала тұрғындары	1888	1885	1890	1895	1900	1905
Дворядар	8	30	9	18	39	54
Дін адамдары	3	3	6	13	12	22
Көпестер	5	28	23	2	4	7
Мещандар	-	118	132	1971	1896	3313
(қызметкерлер						
қолөнершілер,	170	1358	1347	1083	2027	3563
жұмысшылар)	188	146	121	97	77	106
Шаруалар						
Әскерлер, офицерлер						
және олардың						
отбасылары						

Тәжібаев

Бұл кесте бойынша біздің білетініміз қала тұрғындарының жылдар сайын артып отырғаны. Оның ішінде шаруалардың үлесі және күрт өсуі байқалады. Шаруалар санының артуы сол жылдадағы орыс шаруаларын қоныстандыру саясатының нәтижесі.

Қалалар мен қала халқының дамуында шағын кәсіпорындардың пайда болуы үлкен рөл атқарды. Олар негізінен ауыл шаруашылығының шикізаттарын өңдеді. Мысалы, Ақтөбеде 1901 жылы 3 су диірмен, 10 жел диірмен, 1 май өндегіш және 1 дән масақтағыш жұмыс істеп, олардағы 26 адам 7300 сомның өнімін өндірсе [9, 76 б.], 1915 жылы мұнда 1 ішек өңдейтін орын, 2 сабын қайнататын орын, 1 жел диірмен, 2 су диірмен, 1 бу диірмен, 5 мұнай диірмені, 1 дән масақтағыш, 1 май өндегіш болды. Аталған өндіріс орындарда 143 адам еңбектеніп, 1415663 сомның өнімі шығарылды [11, 106 б.]. Мына деректер негізінде халықсанының өсуі, шаруашылықтың дамуы, өндіріс орындарының саны артқан. Өндірілегі өнім көлемінің атуы сауда қатынасы бұрынғыдан біршама ілгеріледі.

Сауданың дамуына Орынбор - Ташкент темір жолы үлкен мүмкіндіктер туғызды. Осы темір жол арқылы көршілес едердердің саудагерлері сауда жүргізді. Патша үкіметі үшін Орынбор- Ташкент темір жолын салудың маңызын И. Аничков өзінің «Упадок народного хозяйства в киргизских степях» деген еңбегінде нақты ашып көрсеткен болатын; «Былыр екі барлау экспедициясы жіберілді. Олар Орынбордан және Ташкенттен шығып, жол жүретін жерлерді толық зерттейді, ал биыл темір жол салу ісі басталып кетті. Бұл темір жолдың коммерциялық-экономикалық және әскери- саяси маңыздылығы баяғыда пісіп жетілді. Осы темір жолды Оралдан Қоңыратқа, Хиуа мен Шарджауға сусыз шөл далалы Үстірт арқылы жүргізіп, Еділден өтетін екінші көпір, Жайықтан өтетін жаңа көпір салып, Амударияның жағасын бойлап адам қоныстанбаған аймақты қамту қажеттілігі туралы айтыс – тартысқа нүкте қойылып, алғашқы жоба толық мақұлдаған» деп жазған еді [12, 186 б.].

1901 жылы Ақтөбе өңірінде темір жол торабының құрылысы басталып, үш жылдан соң 1904 жылы Ақтөбе қаласының тұрғындары Ташкент бағытына жол тартқан поезды күтіп алды./ 1903 жылы бастап Ақтөбе арқылы өтетін Орынбор- Ташкент темір жолының тартыла бастауы қала халқының санының өсуіне ықпал етті. Қалада тұңғыш өнеркәсіп орындары- темір жол шеберханалары іске кірісті. 1903 жылы Ақтөбе паровоз депосы құрылды. 1905 жылдың басында қала халқының саны 8,5 мыңға жетті [13, 55 б.]. Бұл халық санының артуына теміржол құрылысы үлкен септігін тигізді. Қоныс аударушылардың келуі, теміржол құрылысындағы жұмысшылардың өлкеде тұрақтап орнығуы сонымен қатар осы сауда қатынасының дамуы да халық санының өсіміне себеп болған басым факторлар болып табылады.

XX ғасырдың басында сауда саласында Ақтөбе жәрмеңкелерінің рөлі арта түсіп, онда Ресей өнеркәсібінің өнімдері мен Орта Азия бұйымдары түйісіп отырды. Жеке меншік лавкалар мен дүкендер саны үздіксіз артып, 1915 жылы 124-ке жетсе, трактирлер саны 9 болды. Ақтөбе жәрмеңкесінің рөлі артып, жылына үш рет өткізілді саудамен айналысушылардың арасында

Екі ғасырға жуық отаршылдықтың ауыр зардаптары XX ғасырдың басынан бастап халық наразылығын өршітті. Елде ұлтаралық қатынастар мәселесі тығырыққа тіреле бастады. Оған себепші болған – патша саясаты. Орыс қоныстанушыларына шұрайлы жерлерді алып беру оларға ерекше артықшылықтар жасау т.б. мәселелер халықтар арасында әлеуметтік теңсіздікті күшейтті [9, 164 б.].

Ұлтаралық қатынастар мәселесі де тығырыққа тіреле бастады. Оған себепші, түпкі болған патша саясаты. Орыс переселендеріне шұрайлы жерлерді алып беру, оларға ерекше артықшылықтар жасау т.б. мәселелер халықтар арасындағы әлеуметтік теңсіздікті күшейтті. Мұрағат деректеріне сүйенсек, 1907 жылы наурыздың 2-де Торғай генерал-губернаторына жерге орналастыру мекемесінің басқарушысы князь

Васильчековтан: «Қоныс аудару саясатына байланысты шығарылған әкімшілік заңдарына қырғыздар /қазақтар/ қарсы әрекет жасаса, орыс переселендерінің құқын қорғауыңызды өтінемін. Қырғыздардың әрекеті болашақ үшін өте қауіпті болады деп санаймын»-деген мәлімет келіп түскен [13, 22 б].

Осы мәселені алға тарта отырып орыс шаруаларының облыс территориясына қоныс аудару процесі туралы деректерге тоқталып өтсек. XIX ғасырдың соңынан бастау алған орыс шаруаларының қоныстану процесін XX ғасырдың басында жүргізілген патша өкіметінің жүргізген аграрлық мәселеге қатысты саясаты «Столыпиннің аграрлық реформасы» одан әрі үдете түсті.

1904 ылдың аяғы мен 1905 жылдың басында Қоныстану басқармасының ерекше тапсырмалары бойынша қызметкері (шенеунігі) И.А.Молодыхтың бастамасымен Торғай облысының Қостанай және Ақтөбе уездерінде қоныстанушылардың шаруашылық жағдайларын зерттеу жұмысы жүзеге асырылды. Зерттеу жұмыстарының тек Ақтөбе Қостанай уездерімен ғана шектелуі Торғай облысының Ырғыз және Торғай уездерінің жерінің құнарсыз сортаң болғандығына байланысты қоныстанушы шаруаларды шаруаларды қызықтырмай, қоныстану басқармасы бұл уездерді назардан тыс қалдырды. Қоныстанушыларды негізіне жері құнарлы егін шаруашылығына қолайлы Қобда, Елек және Ойыл өзендерінің алабы ғана қызықтырды. 1905 жылдың басына дейін Ақтөбе уезіне 1340 отбасы көшіп келді, оның құрамында 8840 адам болды.

Бұл өсім табиғи көбеюдің есебінен және темір жолдың құрылысы жұмысшылары мен айдалғандардың көптеп келуінен болды. Теміржолшылар санының өсуі Ақтөбеде жұмысшы табының қалыптасуына игі ықпал тигізді. Қала шеберханаларында 1905 жылдың басында 150-ден аса жұмысшы жұмыс істеді. Бұлардан басқа жұмысшы қатарын толықтырғандар бу диірмендерінің, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін кішігірім немесе орта кәсіпорындардың жұмысшылары еді.

1907-1912 жылдар арасында Ақтөбе уезіне 109,6 мың адам көшіп келді. Тек 1907 жылы қоныстанушылар саны 42,2 мың адамға жетті. Ақтөбе уезіне Украинаның Полтава, Киев, Херсон, Чернигов, Волын губернияларынан осы жылдары (1907-1912) 57,5 мың украиндар көшіп келді [2, 234 б]. XX ғасырдың басындағы сандық көрсеткіштер Ақтөбе уезінің территориясына қоныстанушылар легі көбейгендігін көрсетеді. 1897-1915 жылдар арасында Ақтөбе уезіне 110,1 мың орыс ұлтының өкілдері қоныс аударды. Бұл уезд халқының 45,4% құрады. Қазақ халқының саны табиғи өсім есебінен өсіп, уездегі қазақтар саны 126,9 мың адамға жетті. Сөйтіп уездегі қазақтар саны 1897 жылғы 95, 1% дан 1915 жылы 52,4% -на дейін төмендеп кетті [14, 158]. Орыс шаруаларын қоныстандыру саясатының нәтижесі осындай көрсеткіштеге ие.

Жоғарыда аталған мәселеге оралар болсақ, патша үкіметінің отаршылдық саясаты қазақ халқына қатысты құқықтық шектеулер мен құқық бұзушылықтар орын алды. Озбыр саясат, отаршылдық езгі қазақтарға тізесін әбден батырды

Қазақ елінің, жерінің жерінің егемендігін аңсап алысқан ерлердің ұлт-азаттық көтерілісі жылдан-жылға ширыға түсті. Жаңа ғасырдың басынан бастап Ақтөбе өңірін де саяси қозғалыстардың лебі шарпыды. Мәселен, 1901 жылы қазан айында Темір қаласында қазақтардың арасында толқу басталды. Оны басуға Орал казактанның үлкен отряды жіберілді. Ал, 1902 жылы 30-шілдеде Ырғыз уезінде де тұрмыстың қиыншылығынан туындаған әділетсіздіктерге қарсы толқу болды.

1905 жылы Ақтөбеде Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясының ұйымдастыруымен жекелеген топтары құрылды.

1914 жылы басталған дүниежүзілік соғыс қарсаңында патшалық Ресей мен оның құрамындағы ұлттар арасындағы қарама-қайшылық ерекше шиеленісіп кетті. Әлеуметтік және ұлттық езгі басынушылығы мен зорлық зомбылығы өлшеусіз артты. Қазақтардан тартылып алынған жерлер патша офицерлеріне, шенуніктеріне, дінбасларына, казак әскерлері мен Ресейден Украинадан қоныс аударған шаруалаға үлестірілді. 1916 жылдың ортасына таман қазақ халқынан тартып алынған жерлердің көлемі 45 миллион десятинаға жетті. Жергілікті халыққа салынатын салықтар соғыстың басталуына байланысты 3-4 есе, ал жекелеген жағадайларда 15 есеге дейін өсті.

1916-1917 жылғы Қазақтардың патшаға қарсы көтерілісі.

Әлеуметтік және ұлттық езгінің күшюі, соғыс тудырған қиыншылықтарға байланысты халықтың қайыршылануы, бұқара халықты зор көтеріліске итермеледі. Бұл қозғалыстан қоныс аударушы ауыл- село тұрғындары да шет қалмады. Бірінші дүниежүзілік соғыс бүкіл елдегі жалпыұлттық дағдарысты шиеленістірді. Көтерілістің басталуына патша үкіметінің 1916 жылғы 25 маусымдағы «Қорғаныс және әскери байланыс үшін қажетті құрылыстарды салу жұмыстарына соғыс әскерге шақырудан босатылған «бұратана халықтарды шақыру» жарлығы түрткі болды.

Патша жарлығына сәйкес Ақтөбе уезінен - 12985 адам, Ырғыз уезінен-12510адам, Темір уезінен – 14539 адам майданның қара жұмыстарына алынуға тиіс болды [15, 103 б.]. 1916-1917 жылға Кеңес үкіметі құрылғанға дейін Торғай уезіне қарап тұрған уақытта Батпаққара ауданының осы күнгі халқы 13 болыс ел болған.

1916- жылы бірінші дүниежүзілік соғысы кезінде патша үкіметі 19 бен 31 жастың арасығындағы қазақ жастарын солдатқа алмақ болып жарлық шығарады. Сол дәуірде қазақтың басқа елдерінде солдатқа адам бергенде осы Торғай уезіне қараған 13 болыс ел патшаға солдат беруді мақұл көрмей өз беттерімен ұжымдасып бермеуге бәтуаласып сарбаз атағында қазақтан әскер жинап екі жерден хан сайланып уез бойынша 5 аймақта көтеріліс орын алды. Сайланған хандар

1) Арғын атаға Қасымхан Алтынсарыұлы

2) Қыпшақ еліне Жанбосынұлы Әбдіғаппар хан болды.

Бірінші көтеріліс Татырда болды, бұл көтеріліске Қияқбай деген кісі басшылық жасаған. Татыр шайқасында 300 көтерілісші, 3 жазалаушы қаза тапты.

Екінші көтеріліс Торғай қаласында болды. Бұл көтерілісте Әбдіғаппар мен Қасым ханның жинаған 3000 қол Торғай қаласын қоршауда негізгі күш еді. Қарулары: найза, айбалта, қылыш, санаулы құс мылтық.

Үшінші көтеріліс Қара сайда орын алды.

Төртінші көтеріліс Құм көшуде Әбдіғаппар ханның сілтеуімен Көкембайұлы басшылығымен №12 ауылында (Күйік қопасында)

Бесінші көтеріліс сол уақыттағы № 3 ауылдың орталығы Ағашты көл деген жерде, сардарбек Амангелі Иманов пен Әбдіғаппар хан басшылық жасады. Торғай облысының әскери губернаторы М.М.Эверсманға қазақ еңбекшілерінің қару алып, жаппай көтерілгендігі туралы хабарлар күнбе-күн түсіп жатты. Көтерілісшілер почтаға шабуыл жасады, темір жол табанын бұзып, болыс басқармаларын ойрандады, болыстарды өлтірді. Торғай облысындағы уездерден ғана емес, сонымен бірге Сырдары, Ақмола, Семей облыстарынан көтерілісшілер ағылып келіп жатты. Егер 1916 жылы қыркүйекте көтерілісшілер саны – 20 мыңға жетсе, ал 26 қарашада – 50 мыңға жетті. 1916 жылы 22 қазанда Аманкелді басшылығымен 15 мың көтерілісші Торғай қаласын қоршады. Оған қарсы генерал А.Д.Лаврентьевтің 9 мың адамдық жазалаушы тобы жіберілді. Корпустың келе жатқаны туралы деректер алғаннан кейін көтерілісшілер Торғайды қоршауды қойып, қарашада Түнқойма почта станциясының маңында подполковник Катоминнің отрядына шабуыл жасады. Көтерілісшілердің негізгі бөлігі Амангелдінің штабына орналасқан Батысқара жазығы мен Аққұм құмының маңына шоғырланып, партизандық күрес әдісіне көшті. 1916 жылғы қарашасы – 1917 жылғы ақпаны аралығында, Аманкелдінің серігі, атақты мерген Кейкі батыр жасағы ерекше ерлік көрсетті. Торғай даласында А.Имановпен бірге көтеріліске басшылық етіп, оның дүниетанымен қалыптастыруға зор ықпал еткен большевик Әліби Жангелдин (1884-1953 жж.) болды.. [16, 21 п]. Бұл көтерілістер ішінара жеңіске жетіп отырғанмен соңына қарай көтерілісті басуға жіберілген казак әскерінен жеңіліс тапты.

Ойыл даласындағы қазақ еңбекшілерінің көтерілісі. Осы күнгі Ойыл ауданы сол кездегі Ойыл учаскесі болып Орал облысының Темір уезіне қарайтын 8 болыс ел болған. Мұндағы көтеріліс те бірнеше аймақтар Қайыңды болысы, Бабатай, (қазіргі № 7 ауыл) Қарағанды, және де Сағыздың Аққұм деген жерінде [17, 2 п].

Облыс территориясындағы көтерілістің тағы бір ошағы Ырғыз уезі болды. 1916 жылы 3 крестьян участогіне бөлінген Ырғыз уезінде 20910 шаңырақтан майданның қара жұмыстарына барлығы 12510 адам алынатын болып жоспарланды [15, 106 б.]. Торғай облысындағы көтеріліс ең

бұқаралық ең ұзаққа созылған ең табанды ұйымдасқан көтеріліс болды. Көтеріліс барлық: Торғай, Ырғыз, Ақтөбе және Қостанай уездерін қамтыды. Облыста көтеріліс қамтылмаған ауыл немесе елді мекен болмады. Бұл кездейсоқ емес еді. Істің мәні мұнда жұрттың көп жері тартып алынып аграрлық мәселенің шиеленісуі өте күшті болғандығында еді. Көтеріліс қазігі облыстың бірнеше аймақтарын қамтыды. Оған жұрт арасынан танымал халық батыры Амангелді Иманов басшылық жасады. А.Иманов көтерілісшілерді ондыққа, елулікке, жүздікке, мыңдыққа бөлді.

Арнайы мергендер отряды құрылды. Көтеріліс штабында әскери кеңес жұмыс істеді. Торғай облысындағы көтеріліс патша үкіметі құлатылғаннан кейін ғана тоқтады. 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында маңызды орын алады. Ол отарлауға және империалистік саясатқа қарсы өрбіді. 1917 ж. патшаны тақтан құлатқан Ақпан революциясының оқиғалары көп ұзамай Қазақстанға да жетіп, наурыз айының басында ірі қалаларда төңкерісті қолдаған митингілер, демонстрациялар өтті.

1916 жылы патша үкіметінің қазақ халқына қарсы бағытталған отарлық саясаты айқын көрінді. Оны Ресей саясаткерлерінің өздері де мойындаған болатын. Ресей Думасының Депутаты, эсер партиясының өкілі А.Ф.Керенский патша үкіметінің жазалаушы отрядтар арқылы қазақ халқын қырғынға ұшыратуын «орыс тарихының абыройсыз беттері» деп атап көрсетті.

1917 жылғы күзде Қазақстандағы кедей топтар барынша большевиктер мен олардың одақтастарының төңірегіне бірікті. Осы кезде қарапайым халықтың жағдайы тым нашарлай бастаған еді. Мысалы, Сырдария және Жетісу аймақтарындағы көптеген жергілікті жұрт ашаршылыққа ұрынды. Сол 1917 жылдың қыркүйек-қазан айларында Петропавл, Орал, Орынбор-Ташкент темір жолы бойындағы станцияларда жұмысшылар көтеріліске шығып, Верный, Әулиеата және басқа қалаларда қалың бұқара халық ереуілге шықты, оны солдаттар қолдады. Айлар өткен сайын көтерілістер күрделене түсіп Уақытша үкіметтің оларға жасайтын ешқандай шарасы қалмастан, оның билік органдары шайқала бастады. Уақытша үкімет көтерілістерді күшпен басуға тырысты. Бірақ, оны тоқтату мүмкін емес еді.

Кеңес үкіметі социалистік мемлекет және социалистік құқықтың жүйені құруға бет бұрды. Социалистік мемлекет пен құқықты қалыптастыруда революционерлер мен бірге, олардың көсемі В.И.Лениннің алатын орны ерекше. 25-26 қарашада өткен бүкілресейлік кеңестердің II съезі жаңа өкімет органдарын құрды. Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болып В.И.Ленин сайланды. Петроградта билік кеңестердің қолына өтті. Ондағы жеңістердің жалғасы Қазақстанды да шарпыды. Сөйтіп, 30 қазанда Перовскіде жұмысшылар кеңесі мен солдат депутаттары билікті өз қолдарына алғанын мәлімдеді. 1 қарашада үлкен майданнан кейін Кеңес үкіметі Ташкентте орнады. 6 қарашада Әулиеата

кеңестер билігінің қолына көшті. Желтоқсан айында Бөкей ордасында, Петропавлде, Көкшетауда, Атбасарда, Қостанайда, 1918 жылы қаңтарда Ақтөбеде, Орынборда Кеңес үкіметі орнап, атаман А.Дутовтың қарулы қарсылығына соққы берілді. 17 ақпанда Семейде, содан соң Өскеменде, Қарқаралыда, Зайсанда, кейін 3 наурызда Верныйда бүкіл билік кеңестер қарамағына көшіп, наурыз айының ішінде бүкіл Жетісу өңірінде кеңестер билігі орнады.

Ресейде қос өкімет билігі (Уақытша үкімет пен Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестері) орнады. Қазақстан көп өкіметті қоғамға айналды. Өлкеде ұлы державалық саясат жалғаса берді. 1917 ж. көктем, жаз айларында жұмысшы, революциялық-демократиялық жастар ұйымдары, саяси партиялар құрылды.

Ақпан төңкерісі қазақтарға тартып алынған жерлерді қайтармады. 1917 ж. Дейін Ақтөбе аймағында да 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің дүмпуінен қалыптасқан әскери жағдай сақталды. Алаш қайраткерлері 1917 жылдың көкек айында Орынборда өткен II съезд Торғайдағы жазалаушы отрядты кері қайтарып, көтерілісшілерге қарсы қимылды тоқтату жөнінде мәлімдеме жасады. Ақпан төңкерісінен кейін басталған қазақ қауымында қоғамдық саяси өмірдегі жаңалық- 1917 жылдың көктем айларында қалыптаса бастаған облыстық және уездік дәрежедегі ұлттық немесе қазақ комитеттерінің жүйесі болды. Олар 1917 жылы сәуір-мамыр айларында өткен облыстық және уездік қазақ съездері құрылды.

Мәселен, Оралда, Орынборда, Ақтөбеде, Ташкентте өткен қазақ съездерінде аграрлық және ұлттық мәселелерге баса назар аударылды [18, 92 б] М. Б. Олкоттың өзінің «Қазақтар» деген еңбегінде: «Қазақтар уақытша үкіметті қолдады және көптеген оқыған жастар қазақтың ұлттық Алашорда партиясын құрып, Петроградта өкілдікке ие болды, өздерінің мүддесіне сәйкес жұмыс жүргізді», - деп сол кезеңдегі саяси өмірдегі шындықты көрсетті Ресейде Қазан төңкерісі болғаннан кейін де қазақ зиялылары жаңа большевиктік режимді қолдау керек екендігін түсініп, оныңорнына Алашорда ұлттық-автономиялық үкіметін құру жолын таңдады. Бүкіл қазақ даласын қамтыған Ақпан қозғалысының толқыны Ақтөбе өлкесін де қамтыды. Мысалы, Есенқұлов Ғұмар (1886-1930) Саратов университетінің медицина факультетін 1914 жылы бітірген, Темірде дәрігер болған онда уақытша үкіметтің комиссары, «Алаштың» бірінші сәуір айындағы съезіне жалпы қазақ съезін шығаруды дайындайтын бюроға шілдедегі съезінде Бүкілресейлік құрылтайына делегат болып сайланған. Осы Орынборда өткен тұңғыш қазақ съезіне Орал облысынан Ғ. Есенқұлов пен бірге I Дума депутаты Алпысбай Қалменов, Торғай облысынан Ахмет Бірімжанов пен Тел Жаманмұрынов қатысады [18, 131 б]. 1917 жылғы 25 — қазанда Петроградта большевиктер партиясы жеңіске жетті. Сөйтіп, уақытша үкімет құлады да, мемлекеттік билік кеңестердің қолына өтті. Ол жұмысшылар мен шаруалар диктатурасы еді.

1917 жылы 21-28 шілдеде Орынборда өткен жалпы қазақ съезіне Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария Ферғана облыстарынан және Бөкей Ордасынан уәкілдер келген. Съезд қаулысында « Русия демократическая, парламентная республика» болсын, Қазақ облыстары қоныс- ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс, қазақ өзінің еншілі жеріне орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берімесін, осы күнгі дайын әскер орнына халық милициясы құрылсын»- деп, соңында учредительное собраниеге әр облыстан делегаттарды сайлады. Атап айтсақ Торғай облысынан Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ахмет Бірімжанов, Есенғали Тұрмұхаммедов, Елжан Оразов, Тел Жаманмұрынов, Сейітәзім Қадірбаев; Оралдан: Хәлел Досмұхаммедов, Жанша Досмұхаммедов, Нұрғали Испмағамбетов, Сәлімгерей Қаратілеуов, Ғұбайдолла Бердиев, Ғұбайдолла Әлібеков, Ғұмар Есенқұлов; Бөкейден: Бақтыгерей Құлманов, Уәлихан Тәнишев, Батырхайр Ниязов сайланған.

Кейін 20 тамызда Ақтөбеде өткен Торғай облысы съезінің қаулысы бойынша жасалуы тиісті партия бағдарламасының әлі жасалмағаны туралы айтылды, партияның атауы «Алаш» болсын дейді.

Жергілікті жерлерде мәдени ағарту жұмыстарымен айналысатын көптеген ұйымдар ашылды. Мысалы Омбыда «Бірлік», Ақтөбеде «Жас тілек» Орынборда «Еркін дала» деген ұйымдар жұмыс жасады.

1917-1919 қазақ халқы үшін аласапыран, аумалы төкпелі заман болды. Бұйығып жатқан қалың елге Азамат соғысы мүлдем түсініксіз еді. «Ақтар» мен «қызылдарды» халық тіпті айыра алмады. Себебі, жеуге азықты, мінерге атты тағы да, қызылы да талап етті. Елден маза кеткен заман туды. Алашорда үкіметі де екі оттың ортасында қалды. Қазақ зиялылары қайткен күнде де тәуелсіз, ұлттық қазақ мемлекетін құруды мақсат етті. Сол кезеңдегі 1917 жылғы күзде Қазақстандағы кедей топтар барынша большевиктер мен олардың одақтастарының төңірегіне бірікті. Осы кезде қарапайым халықтың жағдайы тым нашарлай бастаған еді. Мысалы, Сырдария және Жетісу аймақтарындағы көптеген жергілікті жұрт ашаршылыққа ұрынды. Сол 1917 жылдың қыркүйек-қазан айларында Петропавл, Орал, Орынбор-Ташкент темір жолы бойындағы станцияларда жұмысшылар көтеріліске шығып, Верный, Әулиеата және басқа қалаларда қалың бұқара халық ереуілге шықты, оны солдаттар қолдады. Айлар өткен сайын көтерілістер күрделене түсіп Уақытша үкіметтің оларға жасайтын ешқандай шарасы қалмастан, оның билік органдары шайқала бастады. Уақытша үкімет көтерілістерді күшпен басуға тырысты. Бірақ, оны тоқтату мүмкін емес еді.[18, Кеңес Нұрпейісов]

1917 жылғы 25 — қазанда Петроградта большевиктер партиясы жеңіске жетті. Сөйтіп, уақытша үкімет құлады да, мемлекеттік билік кеңестердің қолына өтті. Ол жұмысшылар мен шаруалар диктатурасы еді. Кеңес үкіметі социалистік мемлекет және социалистік құқықтың жүйені құруға бет бұрды. Социалистік мемлекет пен құқықты қалыптастыруда революционерлер мен бірге, олардың көсемі В.И.Лениннің алатын орны

ерекше. 25-26 қарашада өткен бүкілресейлік кеңестердің ІІ съезі жаңа өкімет органдарын құрды. Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болып В.И.Ленин сайланды. Петроградта билік кеңестердің қолына өтті. Ондағы жеңістердің жалғасы Қазақстанды да шарпыды. Сөйтіп, 30 қазанда Перовскіде жұмысшылар кеңесі мен солдат депутаттары билікті өз қолдарына алғанын мәлімдеді. 1 қарашада үлкен майданнан кейін Кеңес үкіметі Ташкентте орнады. 6 қарашада Әулиеата кеңестер билігінің қолына көшті. Желтоқсан айында Бөкей ордасында, Петропавлде, Көкшетауда, Атбасарда, Қостанайда, 1918 жылы қаңтарда Ақтөбеде, Орынборда Кеңес үкіметі орнап, атаман А.Дутовтың қарулы қарсылығына соққы берілді. 17 ақпанда Семейде, содан соң Өскеменде, Қарқаралыда, Зайсанда, кейін 3 наурызда Верныйда бүкіл билік кеңестер қарамағына көшіп, наурыз айының ішінде бүкіл Жетісу өңірінде кеңестер билігі орнады[18] .

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә.«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.// 12 сәуір, 2017 жыл. <https://www.akorda.kz>
2. История Актюбинской области. – Ақтобе, 2006. – С.334.
3. Салимгереева Ш. А. Ақтөбе облысының қалыптасуы мен әкімшілік-территориялық құрылымындағы өзгерістер // Абай атын. ҚазҰПУ Хабаршы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2009. - № 1 (20). - 8-15-бб.
4. Салимгереева Ш.А.Ақтөбе өңірінің әлеуметтік-экономикалық даму белестері // Отан тарихы. – 2009. - № 1. – 84-95-бб.
5. Материалы по киргизскому землепользованию. Тургайская область: Актюбинский уезд. – Воронеж, 1903. – Т.7. – С.3.
6. Ақтөбе Облыстық Мемлекеттік мұрағаты. 69-қ., 4-т., 25-іс, 82-п.
7. Итоги переписи населения 1999 г. по Актюбинской области. Статистический сборник. – Алматы, 2001. – Т.2. – С. 176.
8. Мәден Асылбек Төреханұлы .Батыс Қазақстан аймағындағы қалалардың құрылу тарихы (XVII-XX ғ. басы) // Жас ғалым – 2009. III Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның 16 томдық еңбектері. 3-том.-Тараз, 2009.-290 б.
9. Сұлтанғалиева Г.С. История Актюбинского уезда (1869-1917). – Ақтобе, 2005. - 264 с.
10. Кауфман А.А. К вопросу о колонизации Уральской области.- СПб.,1903. 356 с.
11. Обзор Тургайской области за 1915 год. -Оренбург, 1916.-175 с.
12. История Западного Казахстана в трудах русских исследователей (Сборник материялов). – Ақтөбе, 2006 . -186 б.
13. Тәжібаев Б. Ақтөбе облысының тарихы (ред. алқасы төрағасы Сағындықов Е.). - Ақтөбе, 2006. -122 б.
14. Сдыков М.Н. История население Западного Казахстана. – Алматы, 2004. -158 б.

15. Батыс Қазақстан тарихы. Екі томдық. 2 том. – Ақтөбе: «ПринтА». - 2006. -524 б.

16. Ақ.О ММ. 497-қор, 1-тізбе, 21-іс.

17 Ақ.О ММ. 497-қор, 1-тізбе, 2-іс.

18. Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашордаорда. –Алматы, 1996. -165 б.

УДК 94 (574)

МАЙДАНГЕР МУРЗАГАЛИЕВ БАРАДОС

Аубакова А.С.

*Тасқала ауданы, Семиглавый Мар
ЖОББМ тарих пәні мұғалімі, БҚО*

Республикада жасақталған әскери құрамалар Ұлы Отан соғысының басты майдандарында болып, жеңіс жолында аянбай жаумен шайқасты. Солардың бірі – Мурзағалиев Барадос еді. Ол 1919 жылы Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданында Семиглавый Мар ауылында дүниеге келген. Отбасы көп балалы болған. Ата-аналарынан ерте жетім қалған. Әжесінің тәрбиесінде кішкене тентектеу болған, әжесі қайтыс болғасын балаларды балалар үйіне жастарына қарай тапсырылған, сол кезде бауырларынан айырылған. Сосын 16 жасынан еңбекке араласып, ФЗО-ға барған. 1937 жылы 18 жасында Отан қорғау борышын өтеуге аттанады. Содан 1939 жылы елге қайтамын деп жүргенде Кеңес-Фин соғысы басталып сол соғысқа қатысқан. 1941 жылы 26 маусымда артиллерияның 595 гвардиялық құрама полкінде болып, соғыс басталған күннен кейін 5-ші күні соғысқа кірген. 1942 жылдың шілде айында сол көзінен жарақат алып бір көзінен айырылған, содан кейін жарақатына байланысты соғыстан босатамыз дегеніне көнбей қайтадан соғысқа сұранған, ауылға келместен соғысқа қайтадан қатысқан. 1942 жылы атайға Қызыл орденмен марапатталған. Ол соғыста барлаушы болған. Украина жерінің картасын жатқа білген қай жерде қай ауыл екенін соғыстан кейінде айтып жүрген. Ол дерек қалай қалғаны туралы мынадай естелік бар. Атай соғыстан кейін Вавилин ауылында тұрған сол ауылда геолог қызметін атқарған Қиясова Гуля деген болған сол геолог жұмысты Украинада істеген кейін денсаулығына байланысты жұмыстан қалған Ол да осы ауылда тұрған екен. Екеуі әңгіме айтады екен сол кезде Барадос атайдың Украинаның барлық ауылын картаға қарамай жатқа айтқанына өте таң қалатын көрінеді екен. Барадос атай өте зиялы адам болған деседі, киінгені жүріс-тұрысы адамдармен қарым –қатынасы және немістілі мен француз тілінде еркін сөйлеген. Ол туралы оның жалғыз қызы Света апай былай «Менің достарымның бірі Алматы қаласында шет тілінде бес жыл оқығандары бар үйге қонаққа келетін сонда мен оларға әкем французша білем дейді

сөйлесіп көрші десем сөйлескенде өте таң қалды. Біздер бес жылда тілімізді бұрап кейбір сөздерді айтуға қиналамыз сенің әкең қайда оқыған еш қиналмай сөйлеп отыр» деді. Соғыста қандай қызмет атқарғаны туралы өзі айытпаған тек соғыстан кейінгі жылдары қайта-қайта әскери адамдар алып кетіп қайтадан әкеліп тастаған туралы деректерді әйелі мен балалары айтады. Неліктен алып кетті? деп сұраған кісілерге мынадай жауап қатады екен: «Менің фамилиямен ұқсас Мурзағалиев деген аудармашы болған солмен шатастырып алып кеткен ғой». Енді аудармашы шатастырмаған сияқты себебі Ол кісі жоғарыда айтып кеткендей неміс тілі мен француз тілінде өте жақсы сөйлеген және соғыс болған жерлерді өте жақсы картасыз-ақ біледі екен соған қарап әрі барлаушы, әрі аудармашы болған шығар деп ойлаймын. Соғыстағы әскери билеті жоқ екен, басқа құжаттарының барлығы бар неліктен әскери билетін бермеген екен сол билетте қандай қызмет етілгені жазулы тұрады ғой. Сол кезде барлығы құпия болды емеспе. Аудан мұрағатында ешқандай дерек жоқ. Берлин қаласында шайқасқа қатысып, Германияны азат еткені үшін медальмен 1945 жылы марапатталған, осы жазу әскери міндеттен босатылғаны туралы куәлікте жазылған және тағы да мынадай жазулар «21 тамыз 1944 жылдан 18 наурыз 1946 жылға дейін 3320 арнайы тексеру пунктінде болған» бар, аман есен елге тек 1946 жылы оралғаны туралы көз көргендерде айтады. Ауылға Отан соғысының батыры Шамов Михайльмен бірге 1946 жылдың желтоқсан айында осы Семиглавый Мар станциясынан түскен екен. Содан соң еңбекке араласып барлық адамдар сияқты жұмыс істеген. Ол кісі соғыс ардагерімін деп ешқашан мақтанбаған, қарапайым балған, тек сәл тентектеу мінезі қалмаған. Ауылға келгеннен кейін үйленген бір бала бір қыздары болған. Балаларының анасы ауырып 1954 жылы әйелі қайтыс болған. Екі баламен жетім қалған сондада мойымай екі баласына ана болар анаға үйленген. Ол Жұпар апай еді, балаларды өз баласынан кем көрсетпей өсіріп жетілдірді. Бір бала мен екі қызды қатарынан кем қалдырмай өсіріп тәрбиелеп отырды. Сол апайдан жалғыз қызы ауылда әкесінің қара шаңырағында отыр. Жалғыз ұлын аяқтандырып екі қызын құтты орынға қондырып бақытты ата-ана аттанды. Колхозда қой баққан. Содан соң басқа да жұмыстар істеген. Ұлы Отан соғысының 20 жылдығына орай КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің бұйрығымен 7 шілде 1965 жылы мерей той мебальмен марапатталды. Кеңес Одағының қарулы күштеріне 50 жылдығымен мерей той мебальмен марапатталды. Ұлы Отан соғысының 25 жылдығына орай 1970 жылы мерей той мебальмен марапатталды. «Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін» КСРО-ның қорғаныс министрі Кеңес Одағының Маршалы А.Гречко. Ұлы Отан соғысының 30 жылдығына орай КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің бұйрығымен 25 сәуір 1975 жылы мерей той мебальмен марапатталды. Кеңес Одағының қарулы күштеріне 60 жылдығымен мерей той мебальмен марапатталды. Ұлы Отан соғысының 40 жылдығына орай КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің бұйрығымен 12 сәуір 1985 жылы мерей той мебальмен

марапатталды. Кеңес Одағының қарулы күштеріне 60 жылдығымен мерей той мебальмен марапатталды. 28 қаңтар 1988 жыл. Еңбектегі ерлігі үшін 29 қазан 1981 жылы марапаталған. 1979 жылы зейнеткерлікке шыққан. Зейнеткерлікке шықсада шаруасын дөңгелетіп 30 шақты қой мен 4 бас сиыр ұстап баққан. Б.Мурзағалиев 1996 жылы 77 жасында 7 қарашада дүниеден өткен.

Әдебиеттер тізімі:

1. Төлеуханқызы А. Ұрпақтарымыз ұмытпайды.// Егемен Қазақстан. 8 мамыр, 2010 ж. № 178-180.

2. История и историки. Историографический вестник. К 100 летию академика М.В. Нечкиной. М.,2001. с.7

2. Казахстан в первый год Отечественной войны против немецко-фашистских захватчиков.-Алма-Ата, 1943.-325с. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней.-Алма-Ата: Наука, 1943.-485с.

3. Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. А.-А.: Казгосиздат, 1958.; Козыбаев М. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.).- Алма-Ата: Казахстан, 1964.-363 с; Козыбаев М.К. Казахстан-арсенал фронта. Алма-Ата. Казахстан. 1970. 471 с., Ұлы ерлік.-Алматы: Қазақстан, 1980.156 с. Майдангер студенттер.-Алматы,1985.-105с.

5. Отбасының жеке құжаттары.

УДК 94(574)

ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ

Сисенова А.С.

*Д.Қонаев атындағы №44
мектеп-гимназиясының
тарих пәні мұғалімі*

«Жаһандану» түсінігі 20 ғасырдың аяғы мен 21 ғасырдың басындағы жер шары кеңістігінде өріс алған әлеуметтік өзгерістер мен шынайылықты мағыналандырудың өзегі болып табылады. 1960-1970 жж пайда болып, жаһандану идеясы 80 жылдары академиялық мойындауға ие болды. «Жаһандану» термині ғылыми айналымда бекітілген. Н.Е.Покровский өзінің жаһандану құбылысын түсіндіруге әрекет ететін әртүрлі концепцияларының типологиясын ұсынды. [1,5]. XX ғасырдың 90-шы жылдары жаһандық мәдениет үлгісі кең қолданысқа ие болды. Бұл концепцияның басты тезисі адамзат күйінің жаңа бейнесі мәдениет болуында жатыр. Жаһандық өзгерісті көрсететін өзекті нүкте-әлемдік

туризм, мәдени гибридтердің пайда болуы, постмодернистік мәдениет, тәжірибені қайта қалыптастырудың жаңа формасы. Маңызды фактор болып адманың ішкі уәжі,оның жаңа жағдайда өзін-өзі анықтау мәселесі қалыптастырылады. Осы үлгіге сай адамзаттық одақтың әртүрлі деңгейіндегі өзіндік сәйкестендірудің басты серігі немесе жаһандану нәтижесі болып табылады [2, 509].

Жаһанданудың негізгі мағынасы «халықаралық бірігу» дегенді білдіреді. Ол үрдіс ретінде де сипатталады. Бұл үрдіс – экономикалық, технологиялық, мәдени-әлеуметтік және саяси күштердің қисындасуы. Жаһандану экономикалық, ақпараттық, саяси, экологиялық, мәдени және тағы басқа болуы мүмкін. Мәдени жаһандану дегеніміз мәдени байланыстардың дамуы; «жаһандық» сияқты мәдени кеңістікті біріктіретін, жаңа технологиялар мен әдістерді үйрене отырып, шет елдік өнімді қабылдап, идеясына ие болуға деген құштарлық және «әлемдік мәдениетке» қатысу сынды сананың жаңа категорияларының пайда болуы.

Мәдени жаһандануға әлемнің әртүрлі елдерінің іскерлік және тұтынушылық мәдениетін жақындастыру мен халықаралық қарым-қатынасты өрістету тән. Бір жағынан, бұл әлемдегі кейбір жеке ұлттық мәдениет түрлерін танымал етеді. Екінші жағынан, әйгілі халықаралық мәдени құбылыстар ұлттықты ығыстырып немесе оларды ұлтаралыққа айналдыруы мүмкін. Көпшілік мұны ұлттық мәдени құндылықтарды жоғалту деп түсініп, ұлттық мәдениеттің жандануы үшін күреседі. Қазіргі заманғы кинофильмдер экранға әлемнің көптеген елдерінде бір мезгілде шығады, кітаптар аударылып, әртүрлі елдер оқырмандары арасында бір уақытта танымалдыққа ие болады. Мәдени жаһандануда ортақ Ғаламтордың таралуы үлкен рөл атқарады. Сондай-ақ, жыл санап халықаралық туризм кеңінен етек алууда.

Егерде мәдениетті, ең әуелі, адамдар символикалық қайта қарау тәжірибесі негізінде мағынасын құрастыратын өмірлік салт және тәртіп ретінде қарастыратын болсақ, онда мәдени жаһандану деп мағына құрастыру аясын өзгерту, бірегейлікті, нақты бір жерге тән болуды, жалпы түсініктерді, құндылық, ұмтылыстарды, мифтер мен сенім, қауіпті өзгертуді түсіну керек. Жаһандану үрдісінде мәдениеттің рөлі мәдени-толықтырылған «жергілікті» әрекеттің потенциалды-жаһандық нәтижесімен шектеледі. Басқаша айтқанда, сөз әлеуметтік белсенділіктің рефлексивтілігі жөнінде болып отыр: жергілікті дәстүр мен өмір салты қазіргі заманғы кезеңде жаһандық нәтижеге ие, сонымен қоса жаһандық үрдісте жергілікті интервенция жүзеге асады.

Жаһандық капитализм өз билігіне бағындыруға, телевидение, жарнама, газет, кітап, фильм және т.б. жинақталған барлық идеялар мен материалды өнімді коммерциялау мен коммодифициялауға тырысады. Осыған сай, мәдени тәжірибені жалғастық үрдісі мен одан кейінгі институционализациялаудың басты фактор-катализаторы сауда экономикасы жағдайында пайда әкелетіннің барлығы коммерциализацияға

тәуелді болатын коммерциялық потенциал болып табылады. Бүгінгі әлемде, сондай-ақ Қазақстанда, жаһандық мәдениет тәжірибесіне сұраныс пен сән бар деп айтуға болады.

Жаһандану мәдениет аясында мағыналардың көптігі, бағалаулық талдаулардың жетіспеушілігі, барлық таныс заттарды жаңа терминмен жазу қайта тізімдеу, аралық кодтаумен анықталатын «қалдық мәдениет» (Ж. Бодрийяр термині) - қазіргі мәдениет құбылысының кең спектрінің құрылуы негізінде жатқан үрдістердің интенсификациясына әкеледі. Алайда мәдени гомогендеу немесе әлемде мәдени әртүрліліктің азайуы жаһандану үрдісі нәтижесі бола алмаса да, жаһандану консюмеризм механизмінің көмегін айтпағанда, әртүрлі мәдениеттің униформдығының өсуіне әкелуге толық қабілетті. Мәдени жаһандану батыстық Реформация, Ағартушылық, Қайта Жаңғыру сынды құндылықтар негізінде туындай алады. Бұл құндылықтар әлемдегі бүгінгі дағдарыстық құбылыстарды туындатқан, немесе ол жаңа рухани революция жүзеге асырылатын жаңа құндылықтар жүйесіне әкелуі мүмкін, сол кезде ол жаңа құндылық жүйесінде жүзеге асырылады.

Бұндай алғышарттар міндетті түрде қалыптасады, және сөзге дәлел ретінде бүгінгі таңда кеңінен таралып отырған жаңа мәдениет тәжірибесінің көптүрлілігін айтуға болады. Олар қоғамдық санада белсенді рефлексияланады, оның ішінде мағыналық әлем мағынасын әлеуметтік-тарихи контекстте қарастыруды болжайтын, әлеуметтік мәдениет талдауы әдісі де бар [3].

Мысал ретінде, мұның барлығын жас әрі дамып келе жатқан тәуелсіз Қазақстан мемлекетінен көруге болады. Ұлттық қайта жандану үрдісі тек қана қазақ тарихына деген қызығушылық негізінде жүзеге асырылуда емес, сонымен қоса өзіндік салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңғыртумен байланысты. Қазақ салт-дәстүрінің қайта жаңғыруы бүгінгі таңда Қазақстанда тарихи жалғастықтың қайта қалыптасуы ретінде қабылданады. Қазақ халқы үшін бұл өте қиын және күрделі мәселе, себебі жоғалған салт-дәстүрді қайта қалпына келтіру туралы мәселенің көтерілуінде болып отыр. Қазіргі қазақтар – бұрынғы малшы-көшпенді халық емес. Сондай-ақ, жиырмамыншы ғасыр бойы саналы түрде салт-дәстүрді жою және қудалау жүзеге асырылып келді.

Жетпіс жылға созылған кеңестік кезеңде Қазақстанда салт-дәстүрмен «өткеннің қалдығы» ретінде күресті. Алайда, сол уақытта да, бүгінгі таңда да қазақтар бұрынғы өмір салтының қалдығын қажырлықпен талмай күресіп сақтап келеді. Бұл жерде туыстық қатынасқа ерекше мән беріледі. Ру, руға бөліну – қазақ халқының идеологиясы. Бұл бірегей құбылыс ежелгі заманда шыққан, дегенмен, руға бөліну бүгінгі заманда да қолданылады. Бұл «қиын мәселе» барлық басқа халықтық мәдени институттардың аясында әртүрлі әлеуметтік және саяси жағдайларға бейімделуде [4, б. 9]. Жалпақ бірлестіктердің жауластық пен «жүзге бөлінуді» жоюына қарамастан, қазақ халқының рулық санасы ғасырлар

бойы сақталып келеді. Ол ұзақ уақыт бойы қазақ зияткерлерінің арасында бір мағыналы бағаға ие бола алмады. Біреулері оны ұлттық бірлікке деген қауіп деп түсінді, екінші біреулері «жеті атаны» білу ұлттық мәдениеттің құбылысы деп қарастырды. Барлық болжамдарға Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында нүкте қойды, ол қазіргі Қазақстанның мәдени өмірінде рулық сананың мәні мен рөлінің аса маңызды екенін баса айтты. «Жеті ата» принципі барлық халықтың рухани бірлігінің құралы іспетті. Осы принцип қарапайым болғанымен, отбасы-туыстық махаббаттың негізіндегі этникалық тұтастықты анықтайтын күшті ядро болып табылады. Қазақ халқы этномәдени қауымдастық ретінде өздерінің этноұжымдық зердесінің арқасында сақталды [5, б. 47].

Бүгінгі Қазақстан ұлттық жандану кезеңін бастан кешіруде. Ұлттық-мәдени жандану үрдісі мәдени парадигманың ауысуын білдіреді. Бұрынғы концепцияларды қайта қарау, ұмытылған немесе тиым салынған атаулардың қайта келуі – қазіргі Қазақстанның мәдени өміріне тән ерекшеліктер. Тәуелсіздіктің онжылдығында жаңа қазақ тарихын жасаудың бастамасы қолға алынды. Алайда, «сөз еркіндігі» қазақ тарихшылары үшін ауыр сынақ болды.

Алғаш рет, соңғы жүзжылдықта материалдық жағдайы мен ынтасы бар әрбір адамның жазуға да, баспаға шығаруға да мүмкіндігі болды. Бұл жағдайда, бізге көптеген әртүрлі деңгейдегі және әртүрлі сападағы тарихи шығармалар ағымы келіп түсуде. Бұл тарихнаманың талдауы мен сыны жеке мәселе. Бұл жерде айта кететін жайт, кәсіпқой және кәсіпқой емес жазушылардың қаламынан шыққан тарихи шығармалар бүкілхалықтың өзінің тарихына деген қызығушылығының дәлелі болып табылады. Бүгінгі күнде қазақ халқы өзінің бай, қанықты, қуаныш пен қайғыға толы тарихты [6] аса қызығушылықпен оқуда.

Ұлттық жанданудың үрдісі мемлекет және халық үшін де бейнетті болып табылады. Бұл үрдіс өзінің ұлттық және тұрмыстық салт-дәстүрлерін мұқият зерттеуді талап етеді. Ескі салт-дәстүрлерді бүгінгі таң мен болашақтың талаптарына сай жандандыру қажет. Сол кезде ол «салмақ» емес, мемлекеттің ілгерілеуге деген қозғалтқышы болып табылады. Салт-дәстүрімізді жаңарту өткенімізді естен шығармауға, бүгінгімізді жақсартуға және болашаққа жоспар құруға мүмкіндік береді.

Мәдениет жаһандануын екі феноменмен байланыстырады. Біріншісі Жер шары халықтарының басым көпшілігі арасындағы батыстық индивидуалистік құндылықтардың таралуын сипаттайды. Бұл құндылықтар адамның жеке бас құқығын мойындайтын және адам құқығын халықаралық деңгейде қорғауға тырысатын әлеуметтік институттармен насихатталады. Екінші тенденция ретінде, бүкіл әлемдегі батыстық «ойын ережесін» еншілеуді атауға болады. Бюрократты ұйым мен рационализм, материалистік көзқарас, экономикалық тиімділік пен саяси демократия құндылығы барлық әлемде еуропалық Ағартушылық кезеңінен бері таралуда.

Сонымен қатар, әлемдегі мәдени консенсустың ерекше ролін мойындауға тура келеді. Әлемдік жүйе әрқашан бар және көп мәдениетті болса да, батыстық құндылықтар әсерінің өсуіне көз жұма қарауға болмайды. Әлемнің басқа бөліктерінде таралған бұл құндылықтар: рационалдық, индивидуализм, теңдік, тиімділік. Мәдениет жаһандануы үрдісі экономикалық және мәдениеттанулық пәндер арасында тығыз қарым-қатынас құрады. Соңғысының маңыздылығы сондай, тіпті, мәдениет экономизациясы мен экономика мәдениленуі жайлы сөз қозғауға болады. Толық әсерлесу қоғамдық өндіріс неғұрлым интеллектуалдық, мәдени және рухани игіліктер мен қызмет немесе «рәміздер» өндірісіне бағытталуымен анықталады, ал мәдениет аясында сауда мен бақталастық («көпшілік – мәдениет») заңдары көптеп аңғарылады. Мәдени жаһандану аумағындағы мәнді мәселелер бұрыннан бар, тарихи қалыптасқан ұлттық-діни дәстүрлермен және жеткіліксіз түрде дамыған саяси жаһанданумен байланысты.

Қазіргі заман жағдайында тілі ретінде ағылшын тілі қызмет ететін, ұлттық мәдениеттен жаһандық мәдениетке ауысу жүріп жатыр. Американдық доллар барлық әлемде қолданылады, батыстық көпшілік мәдениет біздің өмірімізге айтарлықтай еніп келеді. Жаһандану ұлттық тілдер мәртебесінің төмендеуіне, мәдениет аралық өзара байланыстың жалғыз құралы ретінде ағылшын тілін бекітуге әкелуде. Алайда, бұл тілдің жер шарындағы 380 млн. тұрғынның ғана туған тілі екені белгілі. Қазіргі кезде кітап, газет пен журналдардың көп бөлігі ағылшын тілінде басылып шығарылады. Ғаламторға орналастырылған мәліметтердің 80 % көбі ағылшын тілдес мәтінде.

Тәжірибе басқа тілдердің, соның ішінде БҰҰ ресми тілдері болып табылатын тілдердің біртіндеп өз мағынасын жоғалтып бара жатқанын көрсетуде. Бұл тілдердің таралу аймағы біртіндеп тарылуда, бұл тілде сөйлейтіндер саны азайуда, белсенді қолданылатын сөздік қоры күннен-күнге қорынан айрылуда, ауыз екі тіл мен жазбаша мәтіндер шет тілден енген, көп жағдайда, өз тіліміздің сөз мәдениеті тұрғысынан мағынасыз, кірме сөздермен толығуда.

Жаһандану үрдісі үлкен сынға ие және де бұл сынды тек жаһандануға қарсы пікірдегі адамдар ғана емес, саяси қайраткерлердің бірқатары, сондай-ақ экономистер мен оқымыстылар да білдіріп жатады. Мысал ретінде жаһандануға қарсы өткір сындарға толы бірқатар кітаптар жазған, әйгілі экономист Джозеф Стиглицты келтіруге болады. Стиглиц көптеген деректер мен мысалдар келтіре отырып, оның өндірісті құртатынын, жұмыссыздық пен кедейшіліктің өсуіне ықпал ететінін, ғылыми-техникалық прогрессті тежейтінін және әлемдегі экологиялық апаттарды шиеленістіретінін дәлелдейді. Бірқатар авторлар жаһанданудың бала туу деңгейінің төмендеуіне әсер ететінін көрсетеді. Ал өзгелері болса, жаһандану АҚШ-та өзінің геосаяси қарсыластарын әлсірету және құрту

құралы ретінде қолданылатынын тұжырымдайды және осындай пікірлер өте көп.

Жаһандану жақтастары қазіргі кезеңдегі үрдістер мен олармен байланысты жағымсыз құбылыстар өзіндік сипатқа ие және оларды басқару мүмкін емес деген пікірді алға тартады. Ал жаһандану сыншылары керісінше, ірі мемлекеттер жағымсыз құбылыстардың соңын айтарлықтай азайтуға мүмкіндіктері бар деген сенімде [4].

Әдебиеттер тізімі:

1. Покровский Н.Е. Неизбежность странного мира: включение России в глобальное сообщество //Журнал социологии и социальной антропологии. 2012. Т.ІІІ. № 3.

2. Покровский, Н.Е. Глобализационные процессы и возможный сценарий их воздействия на российское общество //Социальные трансформации в России: теории, практики, сравнительный анализ. М.: Флинта: МПСИ, 2013.

3. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Новосибирск. 2012.

4. Н. Назарбаев «Тарих толқынында». Алматы, 2012.

УДК 902.1

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНҒАН ХАЛЫҚТАР

Сариева Р.С.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты,

Орал қаласы

Кеңес өкіметінің күштеп қоныс аудару саясатына алдымен Қиыр Шығысты мекендейтін кәрістер ілікті. 1937 жылы 21 тамызда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП (б) ОК-ның аса құпия №1428-326 «Қиыр Шығыс өлкесіндегі шекаралық аудандардан корей тұрғындарын көшіру туралы» қаулы қабылдануы еді. Қиыр Шығыс өлкесіне жапон барлаушыларының енуін алдын-алу мақсатында деген желеумен корейлер күштеп Өзбекстан мен Қазақстанға көшіріліп әкелінді [1, б- 32].

Егер де тарихқа жүгінсек, бүгінгі корейлердің аталары Ресейдің Қиыр Шығысына ХІХ ғасырдың орта шенінде келіп, бұл құнарлы өңірді зерттеп, игере бастаған, жергілікті жағдайда тіршілік етуді үйреніп, тұрақты мекенге айналдырған, ұлттық дәстүрлерін, әдет-ғұрпы мен тілін сақтай білген. Содан бастап олардың болашаққа деген сенімі де осы өлкемен байланысты еді. Корейлер өзгелермен бірге 1917 жылғы қазан төңкерісінен де, Қиыр Шығыстағы азамат соғысынан да, жапон интервенттеріне қарсы күреске де қатысып, социализм құруға белсене атсалысты. Егер 1917

жылғы санақ бойынша Приморье губерниясындағы корей шаруа отбасының саны 9808 болса, бұл 1922 жылы 18407 ге, ал 1925 жылы 21555- ке жетіп, қоныстанушылар саны шамамен 120-130 мың адамды құрайды. Әлеуметтік өмірдегі қиындықтар мен тағдыр тәлкегіне қарамастан сол қарсаңда Владивостокта кәрістердің өзінің педагогикалық институты, театры, педтехникумы, мектебі, кітапханасы болған. Әйткенмен отызыншы жылдардың екінші жартысы бұл халық үшін күдікпен қатар, ізінше шырақ алып түсу, жапондарға шпиондығы мен сатқындығы үшін деген желеумен айыптау кезеңі басталды. Ел қатарлы еңбек етіп, алаңсыз тұрмыс кешіп жатқан 200 мың корейлердің этникалық тобына геноцид басталды [2, б-19].

Мәселенің байыбына баруға, әрине, мұндай мәлімет жеткіліксіз. Сондықтан, сол жылдардың қосымша деректеріне жүгінсек. И.Сталиннің өзі редакцияланған, 1938 жылы «БК (б) П Орталық Комитеті ұнатқан «БК (б) П тарихында» мынадай жолдар бар: «1932 жылы Жапония тарапынан соғыс қаупі күшейді...Жапон империалистері Қытайға соғыс жарияламастан және өздері шығарған «жергілікті жанжалдарды» зымияндықпен пайдалана отырып, ұрланып келіп Маньчжурияға әскерлерін кіргізді. Жапонияның ашықтан-ашық көздеген мақсаты – Қытайды өзіне бағындыру, сөйтіп, ол жерден еуропалық-америкалық империалистік белді мемлекетті қуып шығару болды. Бірақ Жапония советтік Қиыр шығысты басып алу мақсатын да алдына қойған болатын. Әрине, КСРО мұндай қауіпті еске алмай отыра алмағаны анық. Сөйтіп, Қиыр шығыс өлкесіндегі отан қорғау ісін барынша нығайта бастады» [3, б-235].

Егер сталиндік оқулық тұжырымына қарасақ, корейлердің өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жасалған тәрізді болып көрінер еді. Бірақ жоғарыдағы ресми қаулы бұл науқанның «жапон шпионының» еніп кетуіне жол бермеу үшін жасалып отырғаны анық. Айта кеткен жөн, Корея мемлекетінің өзі сол кезде жапондар қол астында болғандықтан, жекеленген корейлерді Жапонияның барлау – шпиондық жұмыстарына пайдаланғаны белгілі. Сондықтан да осы мәселені зерттеген қазақстандық тарихшы Г.В.Кан бұл туралы былай деп жазады: «Это было наказание за предательство отдельных людей, от которых не застрахован ни один народ, это было наказание за национальную принадлежность к возможным сторонникам возможного противника»[4, б-13].

Тарихшы Г.В.Кан өзінің басқа бір зерттеуінде корейлерді жер аудару туралы 1937 жылы 21 тамызында қабылданған жоғарыдағы қаулыдан басқа, дәл осы күні өмірге келген тағы бір құжатқа – шабуыл жасаспау туралы кеңес- қытай келісім шартына назар аударуды ұсынады және осыған байланысты өзі мынадай қорытынды жасайды:

**Батыс Қазақстан халқы санының 1926-1989 жылдар
аралығындағы өзгерісі(адам)**

Облыстар	Жылдар	Қала халқы	Ауыл халқы	Барлығы
Ақтөбе облысы	1926	35452	433430	468882
	1939	88823	249373	338196
	1959	174426	226623	401049
	1970	247545	303037	550582
	1979	295528	334855	630383
	1989	396377	336276	732653
	Өсімі	+360925	-97154	+263771
Маңғыстау облысы	1926(Адай уезі)	2110	133445	135555
	1939			
	1959	15280	20504	35784
	1970	131824	27410	159234
	1979	216860	31982	248842
	1989	287239	37004	324243
	Өсімі	+271959	+16500	+288459
Атырау облысы	1926	15894	108778	124672
	1939	93211	194007	287218
	1959	146486	105533	252019
	1970	198491	141852	340343
	1979	221049	152657	373706
	1989	256011	168697	424708
	Өсімі	+240117	+59919	+300036
Батыс Қазақстан облысы	1926	44346	469003	513349
	1939	67575	312372	379947
	1959	113381	267800	381181
	1970	157919	355158	513077
	1979	217391	368110	585501
	1989	267362	362132	629494
	Өсімі	+223016	-106871	+116145
Тұтас аймақ Өсімі		+1109187	-240547	+868640
Бойынша		12,3 есе	1,2есеге кем	1,7 есе
Тұтас Өсімі Қазақстан бойынша		+8643387	+1052761	+9696148
		17,0 есе	+1,2есе	+2,5 есе

Осылайша, Батыс Қазақстан халқы санының өзгерісі жоғарыда кестеде берілді [5, 6-35-44]

«...Бұл бір монетаның екі жағы болды. «Жапон тыңшылығының енуіне жол бермеу» сылтауымен корейлерді депортациялауды «үлкен саясаттың» сәттерінің бірі, Кеңес Одағының Жапониямен одақтастық

қатынастарының беріктігін, Қиыр Шығыс саясатындағы ұстанымын көрсету ретінде қарастырған жөн» [4, б-47].

Әрине, бұл қалыптасқан жағдайға кәріс халқы кінәлі емес. Күштеу мен зорлау әдістеріне, жер аударуға болмаса тұйықтан шығудың жолдарын жете іздестірмеген сталиндік тоталитарлық жүйе кінәлі деп батыл айтуға толық негіз бар деп айтуға болады.

Бұл үдеріс 1938 жылы 1 қаңтарда аяқталуы тиіс болатын. Қағаз жүзіндегі қаулыда үкімет пен партия көшірілетін корейлерге өздерінше қамқорлық жасап бақты. Оларға өздерімен бірге заттарын, тіптен дүние мүліктерін ала кетуге рұқсат етілді. Қаулының бесінші бабында қайта қоныстанатын корейлерге шетелге кетуді қалайтын болса кедергі жасамау, шекарадан өтудің оңайлатылған тәртібіне жол беру қажеттілігі атап көрсетілген. Қаулы сонымен бірге, көшкен кезде корейлер қалдырып кетуге мәжбүр болған дүние-мүліктің және егін алқабы шығымының оларға қайтарылатынын да атап көрсетті. Бір өкініштісі, осы айтылғандар іс жүзінде орындалмады. Корейлер киім-кешек пен азық-түлікті ғана өздерімен алып шыға алды [6, б-64-65].

Ал шетелге кеткісі келген корейлер НКВД тарапынан қысымға ұшырап, өздерінің жапон тыңшысы екендіктерін мойындауға мәжбүр болды [4, 56-б].

Осылайша көшірілетін корейлер НКВД тарапынан тікелей бақылауға алынды. Оның үстіне, оларды жер аудару ісімен НКВД-ның лагерьлер, еңбекке орналастыру және тұтқында ұстау бөлімі тікелей айналысты. Мұның өзі жер аударылған корейлердің шын мәнінде халық жаулары дейтіндердің кебін кигенін айқын дәлелдеп берді. Жер аударуды ұйымдастыруды жедел жүзеге асырды. Қоныс аударуға байланысты аудандық үштіктер ұйымдастырылды. Олардың құрамына аудандық атқару комитетінің хатшысы, аудандық атқару комитеті және НКВД өкілі кірді. Бұлар екі апта ішінде жер аударылатын корейлерді жиналу мекендеріне топтастыруды талап етті және аталмыш жұмыс 1937 жылдың 1 қыркүйегінде басталды [6, 54- б.].

Сонымен қатар, депортацияланған корейлер қасіретін ауырлата түскен ахуал осы кезеңде бүкіл елде «жапон-герман шпиондарын» іздестіру науқанының кең өріс алып кетуі еді. Мәселен, Мәскеуде 1936 жылы «Мәскеу процестері» деген әйгілі «халық жауларына» қарсы сот процестері басталып кеткен болатын. Оның үстіне, корейлердің көпшілігі жер аударылатын Қазақстанда да жергілікті «халық жауларын» тұтқындау ісі белең алып кеткен еді. Этникалық жағынан түр-кескіні де, аты-жөні де корей екенін көрсетіп тұрған КСРО-ның кез келген елді мекеніндегі, қаласындағы тіптен бұрын қоныстанған корей ұлтының өкілі Отанға, партияға сіңірген еңбегіне қарамастан, НКВД тарапынан күдікті саналып, бақылауға алынды және «шетелдік контрреволюциялық ұйымның» мүшесі ретінде аяусыз жазаланды [7, б- 239].

Бұл туралы белгілі саяхатшы, әрі жазушы В.Арсеньев 1933 жылы БК (б) П Қиыр Шығыс өлкелік Комитетіне рапорт жолдады, өз хатында ол Кеңестік Қиыр Шығыста тұратын корейлерді күштеп көшіру қажет екенін дәйектейді: «Корейлер мінез-құлқы, тұрмыс салты мен дүниетанымы бойынша бізден мүлде бөлек халық. Олар антропологиялық, этнографиялық, мінез-құлық, дүниетанымдық тұрғыдан бізден гөрі жапондарға жақын. Корейлердің жуық арада кеңес азаматтарына айнала қоюы екіталай. Олардың өз нанымдарын, мінез-құлқы мен дүниетанымын қашан өзгертетінін күтуге біздің уақытымыз жоқ» деп сендірді Арсенев, сондықтан корейлер «ел түкпіріне, Амурдан Шығыс пен Батысқа қарай ығыстырылуы тиіс» екенін айтты [8, б. 644].

Жоғарыда аталғандай, 1937 жылдың қыркүйегінде Қиыр Шығыс өлкесінен көшірілген 36442 корей жанұясы немесе 171781 адамның Қазақстанға 20170 жанұясы немесе 95256 адамы көшірілді. 1937 жылдың қазанында мерзімінен бұрын күштеп көшіру аяқталады. Корейлерді орналастыруға Алматы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қарағанды, Батыс Қазақстан облысы, Гурьев округы, Қостанай және Ақтөбе облыстары белгіленді [4, б. 30].

Корей халықтарын зерттеуші ғалым Г.В.Канның еңбегінде 1937 жылы 8 қазанда Гурьев округтік комитетінің бюросы және округтік атқару комитетінің президумы округ бойынша корей жанұяларын қабылдауға шешім қабылдады. Мысалы: Теңіз ауданына-500 жанұя, Жылқосыға-270, Есболға-100, Гурьевке-660, қалған 340 жанұяны аудандардың ауылдары мен селоларына орналастырылу көзделді деп жазады [9, 25-32 бб.]. Ал, 1937 жылы желтоқсан айында Қазақстан Компартиясы Гурьев округтық комитетінің бюросы және Гурьев округтік атқару комитеті президумының қаулысында 1937 жылы қараша айында Гурьев округіне кейін 1266 жанұя балық зауыттарына және Теңіз, Гурьев аудандарының колхоздарына орналасқаны және келгендерден 654 адам Гурьев қаласында қолөнер, өнеркәсіп, кооперациясы жүйесіндегі мекемелерге жұмысқа орналасқаны айтылады. Ақтөбе облысына көшірілген шаруашылықтардан Ярмұхамедов совхозында 6 колхоз ұйымдастырылып, оған 205 шаруашылық орналастырылады. Оның ішінде «Бөгетсай» колхозына 39, «III-Интернационалға» 41, «Қызыл Октябрге» 39, «Шіліктісайға» 43, «Октябрдың 20-жылдығында» 32, «Тұщыарыққа» 11 шаруашылық орналастырылды [8, б. 33]. 1938 жылы 20 ақпанда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі «Қазақ КСР-гі корей қоныс аударушыларын шаруашылыққа орналастыру туралы» қаулысында Қазақстанға 20100 корей жанұясын көшіру туралы қаулы қабылдайды [4, б- 34].

Депортацияның жүзеге асуын партия мен үкімет қатаң бақылауға алды. Корейлердің төлқұжаттары тартып алынып, үй-мүліктері тәркіленді. Агентуралық жүйе олардың әр сөзін аңдып, жіті бақылауға көшті. Қарсылық көрсеткендер ұсталды, аяусыз жазаланды. Қарапайым халық дәл сол кезде не үшін жазықты болғандарын анық білместен, өскен жерлерін

қимай, жанарлары жасқа толған күйі кете барды. Корейлер бірқатар конституциялық және азаматтық құқықтарынан айырылды.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2003 жылдың 3 сәуіріндегі Қазақстан халқына Жолдауында халық санын 2015 жылға дейін 20 миллионға жеткізу қажеттігіне баса назар аударды. «Тез арада етек жеңімізді жимасақ, өте ауыр жағдайға тап болуымыз мүмкін» деген ескертуі еліміздің экономикалық дамуы мен ұлттық біртұтастығымызға, еркіндігімізге қауіп туғызар жағдайдан сақтандыра ой болып табылады. Жамбыл облысындағы көп балалы аналардың республиканың барлық әйелдеріне үндеуінде көрсетілгендей, төрт немесе одан да көп бала тәрбиелеудің ел, мемлекет мүддесі үшін қаншалықты қымбат екені түсінікті. Ол үшін отбасын бір-екі баламен шектеуге көшкен аз балалық принциптен айрылуымыз керек. Сондай-ақ, мемлекет тарапынан әйел мен баланы, некені, отбасын қолдауды күшейтетін және жаңа үйленгендердің әлеуметтік жағдайын жақсартатын шаралар да өте қажет. Төмендеп кеткен саны мен табиғи өсімін көтеру мақсатында бірқатар әлеуметтік жағдайлар жасалынды. Он жылдық білім енгізілді, жалақы мөлшері өсті, ауруханалар салынды, тұрғын үйлер салу қолға алынды («хрущевтық үйлер»), екіқабат әйелдерге жағдай жасалып, балалы әйелдерге берілетін жәрдемақы енгізілді, тегін дәрігерлік көмек халықтың барлық әлеуметтік тобына қызмет етті. Міне, осы жағдайлар 1960-1962 жылдары Қазақстандағы «демографиялық жарылысқа» мүмкіндік туғызды, Қазақстан халқы осы жылдары 22-25% аралығында өсім берді. Ал, қазіргі еліміздегі ақылы медицинаның кең етек жаюы, емханалардың жабылуы, тұрғын үй мәселесінің шешілмеуі, жастар арасындағы жұмыссыздық, жәрдемақылардың берілмеуі немесе төменгі мөлшері және т.б. әлеуметтік жағдайлардың жасалмауы табиғи өсімнің төмендеуіне әкеліп, болашақта қазақ халқының санының кемуі қауіпін туғызуда. Сондай-ақ, КСРО ыдырағаннан кейін Ресейдегі көші-қон үрдісі Қазақстан есебінен оң, Украина, Орта Азия, Закавказье, Балтық елдеріне байланыста теріс айырымға ие болды. Осы кездері Қазақстанды «донор» ел есебінде қабылдап, оның себебін экономикалық емес, ұлтаралық қатынастардың шиеленісуімен байланыстырушылар да табылды.

Қаншама уақыт өтсе де, XIX ғасыр мен XX ғасыр бойы, әсіресе, 1939-1959 жылдары КСРО-ның басқа республикаларына қарағанда, Қазақстанға орыс ұлты өкілдерінің көптеп келуін айқындасақ, онда, қазіргі кезеңдегі Ресейге кері көші-қон үлесінің өсу себебі көзге түседі. Бұл процестің себептерің іздеуде субъективтік жорамалдарға, негізсіз сылтауларға жүгінгеннен көрі, Қазақстандағы XX ғасырдың соңындағы экономикалық, әлеуметтік жағдайдың нашарлауынан, орыстардың тарихи отанына оралуының заңдылығынан және т.б. объективті жағдайлардан іздестіру қажет. Сол себепті, Қазақстан халқының қазіргі құрылымы қалай қалыптасты, кеңес өкіметі тұсында, соның ішінде 1939-1959 жылдары жіберілген кемшіліктер орнын қалай толтыруға болады, керісінше,

соғыстан кейінгі елдегі экономикалық және әлеуметтік қиыншылықтарға қарамай, халықтың білім деңгейін, медициналық қызмет көрсету ісін жетілдіру, әлеуметтік жағдайды жақсарту, әл-ауқатын көтеру және т.б. мақсатында қандай шаралар жасалды, еңбеккерлердің еңбек және тұрмыс жағдайларын көтеру бағытындағы сол шаралардан үлгі боларлық тәжірибе бар ма, т.б. сұрақтарды анықтау мен демократиялы, ұлттық, зайырлы және құқықтық мемлекетіміздің гуманды демографиялық саясат жүргізуі үшін өткен кезеңнің демографиялық ахуал-тынысына талдау жасау кажет. Сондықтан, бұл еңбекте 1939-1959 жылдар аралығында Қазақстанда жүргізілген саяси, экономикалық және әлеуметтік процестердің халықтың құрамына тигізген әсерлері мен демографиялық нәтижелеріне тереңірек тоқталамыз

Әдебиеттер тізімі:

1. Белая книга о депортации корейского населения России в Белая книга о депортации корейского населения России в 30-40-х годах. Кн.первая. М., 2004. -410.
2. Из истории депортаций Казахстан. (1935-1939 г.г.) сборник документов. Алматы.- 2014. -740 с.
3. Козыбаев М.К. История Казахстана: белые пятна.-Алма-Ата, 1991.-. 307 с.
4. Ким Г.Н. Социально-культурное развитие корейцев Казахстана (1946-1966). –Алма-Ата, 1990. -260 с.
5. Население по полу и возрасту. Итоги переписи населения в Республики Казахстан. Статистический справочник. -Алматы. 2000. -184 с.
6. Қазақстан тарихы (көнезаманнан бүгінге дейін) Алматы: Атамұра,- 2010.(5 томдық) -4 том.-644 б.
7. Депортированные в Казахстан народы: время и судь. – Алматы: Арыс,- 1998.-428 с.
8. Кульбаев Т. Хегай А. Депортация. – Алматы:Данекер, -2000. – 27 б
9. Очерки экономической истории Казахской ССР. – Алматы, 1980. - 250с

**ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРАМЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ
(1991-2019)**

Алабасов К.Х.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ,
Тарих мамандығының 2 курс
магистранты, Орал, Қазақстан*

Қазақстан Республикасында мемлекеттік дамудың қазіргі басым бағыттарының бірі ретінде әлеуметтік жағдайға ерекше көңіл бөлінеді. Жаһандық әлем елдерінде бұрын болмаған үлкен дағдарысқа байланысты мемлекет пен нарықтың ара қатынасы туралы қалыптасқан тұжырымның өзгере бастағаны да байқалады. Батыс елдері осыған дейін нарық экономикасы тетіктерін негізгі дамыту күштері деп санап, мемлекетке осы саланың тек “түнгі күзетшісі” міндетін ғана бөліп беріп келді. Ал әлемдегі экономика-қаржы дағдарысына тірелгенде күйзеліске ұшыраған шаруашылық салаларына, банктерге, компанияларға көмекке келетін мемлекеттен басқа ешкім табылмады. Либералдық экономика қоғамның тұрақты дамуын барлық уақытта қамтамасыз ете алмайтыны әлем елдеріне белгілі бола бастады. Сондықтан да нарық қатынастарын дамыта отырып, мемлекеттік реттеу шараларын да қолдану керек. Бұл тек қалыптасқан пікір ғана емес, әлем елдерінде әртүрлі деңгейде қазір қолданылып жатқан, мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан реттеу шаралары [1-37].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылы ішінде халқымыздың демографиялық және әлеуметтік дамуы да ірі-ірі бетбұрыстар мен күрделі өзгерістерге ұшырады. Қазақстандағы 16 млн. халықтың аймақтық орналасу ерекшеліктері әртүрлі еді. Республика халқының 45,2% Оңтүстік аймақта, 23,0% - Солтүстік аймақта, 14,4% - Батыс, 8,9% - Шығыс, 8,5% - Орталықта өмір сүреді. Оңтүстік аймақ тұрғындары үлесі 1989-2009 жж. 6,9%, ал адам саны 15,9% (яғни 935 мың) өсті. Солтүстіктің 4 облысы тұрғындары саны 1 млн 114 мыңға азайды, тек Астана тұрғындары 358 мыңға көбейіп, аймақ үлесі 4,1% кеміді. Сол сияқты, Шығыс және Орталық аймақтардың тұрғындары да азая түсті: олардың үлесі тиісінше 10,9%-дан 9,0%-ға, 10,8%-дан 8,5%-ға дейін төмендесе, тұрғындар саны тиісінше 19,8% және 22,7%-ға азайды. Батыста, Оңтүстік сияқты, үлесі 13,0%-дан 14,4%-ға көтеріліп, тұрғындар саны 7,0%-ға көбейді [2, 38 б].

30-жылдың ішінде халық саны қайта қалыптасып, бұрынғы деңгейіне келуі табиғи өсім мен көші-қон процестерінің оң бағыт алуының нәтижесі болды. Көші-қон процестері де әртүрлі, қарама-қайшылықтарға толы кезеңдерді басынан өткізді. Кеңес өкіметі дәуірі соңында, 1970-1980 жж.

басталған теріс айырым (сальдо-келгендерден кеткендердің көптігі) тәуелсіздік жағдайында – 13 жылдай (1991-2003 жж. арасында) күрт көтеріліп кетті, оның шыңы 1994 ж. болып, теріс айырым 406,6 мыңнан асып түсті, жалпы осы 13 жылдың ішінде еліміз тек көші-қонның өзінен 2 108,5 мың адамы кеміп қалды [3, 59 б].

Қазақ елін әлемнің ең алдыңғы қатардағы 50 мемлекетінің санатына қосу туралы келесі Жолдауында ұсынған Президент жобасының да маңызы өте зор. Ғасырлар бойы әлем елдерінің көшінің сонында келе жатқан Қазақ елі үшін сол елдердің алдыңғы тобына қосылу асқақ арман. Біздің тарихымызда осындай өр міндет, биік мақсат бірінші рет қойылып отыр. Оны тек айтып қана қоймай, мақсатқа жету үшін жүрер жол, алатын асулар Елбасы Жолдауында жан-жақты сипатталған. Бұл бастаманың да рухани әсері күшті, қоғамымыздың қай саласын алсақ та істеген ісімізді, көтерілген биігімізді осы елу озық елдердің деңгейлерімен салыстыра бастадық. Дәл бүгін әлем дағдарысының салқын әсеріне байланысты ілгерілеуіміз сәл бәсеңдеген болар, бірақ елу озық елдердің санатына қосылу Қазақ елінің болашақта жүретін сара жолы екенінде ешкімнің күмәні жоқ [3, 60 б].

Жоғарыда көтерілген мәселелер біздің қоғамға тарихи өте бір жауапты міндеттер жүктеуімен қатар оны орындау үшін осы қоғамның, қазақ мемлекетінің әлі де есейіп, жетілуі, кемелденуі, жасампаздық әлеуетінің әлі де арта беруін талап етеді. Әр қоғамның даму қарқыны, оның өсу деңгейі басшысы бастаған, халқы қостаған ішкі және сыртқы саясатына байланысты.

Енді осы мүмкіндіктерге тоқталып көрейік. Жалпы алғанда олар баршамызға белгілі, дегенмен, оларды атасақ, мақсатымыз Президент басқарған билік жүйесінің кәсіби деңгейінің жоғары екендігін көрсету ғана емес, осы мүмкіндіктерді алдағы уақытта барынша тиімді пайдаланып әлеуметтік- экономикалық даму қарқынымызды бұдан да жақсы өсіруіміз керектігін ескерту.

Бірінші мүмкіндік тәуелсіздіктің басында-ақ экономикамыздың болашақ жүйесін бұлтартпай тапқанымыздан басталды. Президент Қазақстан халқына нарық үлгісін ұсынып, осы жолмен жүруге шақырғанын мақала басында айттық. Міне, содан бері басқаға алданбай, осы нарық жолымен, оның тетіктері мен тәлімдерін игере, бойымызға сіңіре ілгері жүріп келе жатырмыз. Және де осы саладағы әлем елдеріндегі озық тәжірибе мен үлгілерді өз шаруашылық жүйемізде пайдалануға да талпыныстамыз. Сөйтіп, экономикада тұрақты дамудың іргесі қаланды, негізі салынды. Нәтижесінде әлем елдерімен тереземіз тең мемлекет ретінде дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірдік, осы тұрғыдан олармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туды. Қазір елімізге шет елдерден инвестициялардың келіп жатқаны, әлемдегі ірі компаниялардың біздерде кәсіпорындар ашып, экономикалық қатынасты дамытуға ынталы болуы да бізде құрылған нарық жүйесінің беделі мен мүмкіндігінің арқасы. Болашақ жолын бірден тауып, осы бағытынан айрылмай, ұзақ даму әлем

елдерінің, әсіресе егемендік туын алғаш көтерген елдердің бәрінде бола бермейді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1,5 ғасырдың ішінде Латын Америкасы елдері өздерінің экономикалық жүйесін үш рет өзгерткені белгілі. Осындай өзгерістерді кезінде Қытай Халық Республикасы, Малайзия, Индонезия, кейбір басқа да мемлекеттер өз бастарынан өткізді. Көршілеріміз де жүрер жолын баяу бастағанын көрдік. Бізде бір бағытта тұрақты даму мүмкіндігі болды. Мұны біз президенттік басқару жүйесінің ұлттық дамудың шешуші факторына айналғандығының айқын дәлелі дейміз.

Президенттің әлемдегі дағдарыс кезіндегі Қытайға, Ресейге, араб елдеріне, Кореяға сапары осы бір қиын кезеңде елімізге қажет инвестициялар әкелді. Оның АҚШ-қа, Францияға, Ресейге, Италияға сапары осы елдермен қарым- қатынасты стратегиялық әріптестік дәрежесіне көтерді. Яғни, осы елдермен экономикалық байланысты жан- жақты дамытып, олардың жаңа техника, жаңа технология жасайтын кәсіпорындарымен әріптестік байланысты күшейтті. Барған жерінен туған елінің ұлттық мүддесіне жарайтын тәжірибе, озық үлгі, басқа да жаңалықтарды әкелу Президент дәстүріне айналды. Президент арқылы әлемдегі ең беделді мемлекеттердің, ұйымдардың, қауымдастықтардың Қазақстан үшін есігі айқара ашылды. Мұны біз, қайталап айтсақ, Елбасының өз еліне, оның тұрақты дамуына жасаған мол мүмкіндігі дейміз.

Осындай ел, қоғам даму үшін ең керек мүмкіндіктердің - еліміз тандаған сара жолдың анықтығын, өз жерімізге ешкім ала көзімен қарамай, шекарамыз беріктігін, қоғамда тыныштық, түсіністік, бірлік барлығын, Қазақ елінің қауіпсіздігінің мықты екенін, оның әлем елдерінде жаулары жоқ екенін, әлемдегі ең ірі мемлекеттермен стратегиялық қарым-қатынаста екенімізді біздер, қазақстандықтар, білеміз бе? Иә, білеміз. Олар үшін Президентті құрметтейміз, қадірлейміз. Ол да дұрыс болар, әсіресе Елбасы өз өмірінің ең маңызды белесіне шығу қарсаңында. Ілияс ақын айтқандай, “өз ұлын, өз ерлерін мақтамаса, осы жұрт қайдан табар кемеңгерді”. Ол ел құрметіне барынша лайық тарихи тұлға [5-126].

Сонымен қатар, әңгіме тек мұнда емес, әңгіме Қазақстанның дамуы үшін осы жасалған зор мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалана білуде. Осы жағынан қоғамда олқылықтар бар. Тіпті кішігірім мәселелердің өзін шешу үшін Президенттен нұсқау күту дәстүрге айналған. Үкімет, министрліктер, әкімшіліктер тарапынан жауапкершілікті өз міндетіне алып, белсенді жұмыс істеу жетіспейді. Кейбір жауапты істерде, бағдарламаларды орындауда көзбояу- шылық бар. Қолдағы мүмкіндіктерді толық пайдаланбау біздің алға жүруімізді бәсеңдетеді. Шаруашылықтың көптеген салаларынан біздер белсенділіктің аздығын, жауапкершіліктің төмендігін көріп отырмыз. Осыған байланысты бүгінгі таңда маңызы зор бір-екі мәселеге тоқталғанды жөн көрдік.

Әлемде осындай тәжірибе бар. Көптеген елдерде жеке шаруалар, фермерлер мал өсіріп, егін егіп, пайдасын көріп және де өз елін азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар, барлық елдерде де ауылдағы шаруашылық жүйесі дәл осындай үлгімен қалыптасты десек, ол жаңсақ пікір. Мысалы, Израиль еліндегі кибуцилер жеке фермерлер шаруашылығы емес, ол өндірістік кооперативке, кеңес тілімен айтсақ, ұжымшарларға ұқсайды. Жұмыстары тиімді, бау-бақша өнімдерімен бүкіл Еуропаның “оңтүстік жылыжай” міндетін атқарып отыр [2-137]. Бұрынғы кеңес республикалары колхоз-совхоздарын таратып жібергенде, оларды таратпай сақтап қалған Белоруссия еді. Олар да бүгін Еуропа елдері мен Ресейдің сүт фермасының міндетін атқарып отыр.

Біздер шаруа қожалықтарын құрдық. Бірақ олар осы егемендік жылдары өздерінің өміршең екенін дәлелдей алмай келе жатыр. Ұзақ жылдар елімізде мал басы, әсіресе асыл тұқымды мал басы айтарлықтай өспеуде. Жер құнарлылығы төмендеп, гектарға шаққанда егін түсімі де өспеді. Еңбек өнімділігі өте төмен. Президент атап көрсеткендей, біздің ауылдағы әрбір шаруа орта есеппен жылына 3000 доллар табыс табады екен, ал батыс елдерінің осындай жылдық табысы 50-70 мың доллар, яғни 15 есе көп.

Ауыл экономикасын көтеру үшін мемлекет көптеген қаржы жұмсауда. Оны көтеру үшін үш жылдық арнайы бағдарлама қабылданған еді. Ауылдағы елді мекендерді қалпына келтіру бағдарламасы алынған-ды. Ауылдық жерлерде мектеп, емхана немесе дәрігерлік көмек беретін орындар салуда, сол сияқты оларды ауыз сумен қамтамасыз ететін қатынас жолдарын жөндейтін арнаулы жобалар жасалып, оларға миллиардтаған қаржы бөлінді. Егін салу, мал өсіруге мемлекет тарапынан жәрдем әр жылда беріледі. Осындай көлемді шаралар ауыл экономикасын құлдыраудан шығарды.

Дегенмен, осы саланың тиімділігі әлі заман талабына сай емес, ауыл өнімдерінің бәсекелік дәрежесі төмен. Ауыл экономикасын ұйымдас-тыру саласында олқылық бар, біз дәстүрлі қалыптасқан шаруашылық менталитетімен дұрыс үйлесімді басқару жүйесін әлі таппаған сияқтымыз.

Алайда елімізде аталмыш елдермен Кеден одағын құруы біздер үшін өте бір жауапты шешім болғалы тұр. Егемендік алып, нарық жолына түскенімізден кейінгі экономика саласындағы ең күрделі өзгеріс, дәлірек айтсақ, бетбұрыс осы одаққа кірумен байланысты болып тұр. Ресми мәліметтерде құрылып жатқан одақтың кейбір ережелері жарияланды. Олардың саяси астарына үңілсек, егемендік тұсында экономика саласында ел болып қол жеткен дербес биліктің кейбір тетіктерін басқаға, кеден одағын басқаратын ұжымға беруге тура келеді екен. Біреулер мұны кеденді реттеу туралы кейбір техникалық міндеттерді республикадан алып, аталмыш ұжымға беру ғана дейді. Өз басым бұл техникалық міндеттер емес, экономикадағы егемендігімізді басқалармен бөлісу дер едім. Өйткені, кеден - әр елдің басқа елдермен сауда- саттығын, оның тиімді-тиімсіздігін

анықтайтын, экономиканың өте бір маңызды саласы. Сондықтан оны реттеу экономикадағы егемендікпен тікелей байланысып жатады [4, 26 б].

Қазақстанның кедендік одақтың құрамына кіріп, өзара шешім қабылдау рәсімі бойынша Ресейдің дауысы 57 пайыз, Қазақстан мен Белоруссияның әрқайсысының дауысы 21,5 пайыз деп белгіленген [4, 28 б].

Бұл жағдай да көптеген сұрақтар туғызады. Егемендікті Қазақстанға не берді? Осындай жағдайда мәселені шешу тізгіні тек қана Ресейдің қолында бола бермей ме? Бір-бірімен терезесі тең мемлекеттер одақ құрып жатса, мәселе қараларда әрқайсысы бір-бір дауысқа ие болып, шешімді консенсус, яғни бір ауыздан келісім арқылы неге қабылдасқа. Осы сұрақтар дұрыс шешімін табуы керек, өйткені үш ғасыр бойы билігі өзінде емес, басқада болған, армандаған тәуелсіздігіне жақында ғана қолы жеткен қазақ халқының осы билікті басқалармен бөлісеміз дегенге сезімі нәзік, құлағы түрулі, күдігі мол. Әлемдегі кеден одақтарының тәжірибесіне қарасақ, оларда әр мемлекеттің үлесін пайызға шақпай, мәселені консенсус арқылы шешу тәртібі қолданған [5, 19 б]. Мысалы, біздің елден Ресейге ет өнімдерінің сатылмай отырған себебі, біздердегі ветеринария саласындағы кемшіліктермен қатар осы Ресей олигархтарының да теріс ықпалы. Аталмыш үш мемлекетте де бар монополизм, коррупция, көлеңкелі экономика кеден одағы жұмысына теріс әсерін тигізбей ме, осындай келеңсіз жағдайлармен күресу шаралары белгіленген бе?

Кеден одағының осыған әсері қандай болады? Өйткені, біртұтас кедендік тарифтің 92 пайызы Ресейдегі тариф бағамына негізделген. Осыған байланысты біздегі тариф бағамы орта есеппен 10,6 пайызға өсті деп ресми мекемелер айтып отыр. Осы жағдай индустрияландыру бағдарламасын қымбаттатып, біздегі өндірістің жаңару, әртараптандыру шеңберін азайтпай ма?

Қорыта айтсақ, кеден туралы басқалармен одақтасу керек, мына жаһандану заманында әріптес мемлекеттермен ортақ экономикалық кеңістік те керек. Олардың толыққанды жұмысы әрбір одақ құрамына кірген елге тиімді болса ғана баянды жүреді. Сондықтан да кеден одағы туралы мәселелерді терең, жан- жақты ойластырып, дұрыс шешімін тапқанымызда айтылған талаптарға сай болады.

Нарық экономикасы елдегі шаруашылықтың әрбір саласының бір деңгейде дамитын жүйесі емес. Оның алға шығып, артта да қалып жатқан салалары болады. Біреулері осы салаға сұраныс болғандықтан не болмағандықтан, енді біреулері – оған дұрыс көңіл бөлінбегендіктен. Жоғарыда көрсетілген Олардан біздің экономика алған жолын өзгертпейді. Елбасының “халқым, мен нарық жолын таңдадым” деген жалынды ұраны әлі де алға жетектейді.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасындағы жыл сайынғы өнеркәсіп өнімінің өндірісі нақты көріністе 24% артты [5,163 б].

Соңғы 20 жылда Қазақстандағы демографиялық ахуал түбегейлі өзгерді. 1992 жылы басталған халық санының төмендеу үрдісі 2002 жылы аяқталды. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылында халық саны 1,6 миллион адамға төмендеді, бұл ең бірінші халықтың кейбір бөлігінің өздерінің тарихи отандарына оралуына, өтпелі кезеңде өлім-жітімнің көп болуы және туудың төмен деңгейіне байланысты болды. 2002 жылдан бастап халық саны өсімнің тұрақты үрдісіне ие болды, ең бірінші табиғи өсім есебінен, 2004 жылдан бастап көші-қон өсіміне байланысты қалыптасты. Қорыта келгенде, тәуелсіздік жылдарында еліміздің халық саны жалпы 427 мың адамға немесе 2,6%-ға артты. Тәуелсіздік жылдарында елімізде 6 миллионнан астам адам дүниеге келді және табиғи өсім 3 миллионға жуық болды. Еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы 8 жылында, 1999 жылы 1000 адамға 14,6 адамға дейін тууы төмендеді, одан кейін оның бірте-бірте артуы байқалды. 2012 жылғы 10 айда туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға 23,1-ді құрды. 1995-1996 жылдары өлім-жітім коэффициенті 1000 адамға 10,7 деген ең жоғарғы шегіне жетті. 1997 жылдан бастап өлім-жітім бірте-бірте төмендеп, ағымдағы жылдың 10 айында өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға 8,6 болып төмендеді.

1992-2012 жылдардағы халықтың күтілетін өмір ұзақтығы (КӨҰ) 67,4-ден 69,6-ға артты. 1992 жылдан бастап 1995 жылға дейін КӨҰ 67,4-тен 63,5-ке дейін төмендеді, бұдан кейін оның арту үрдісі байқалды, 2012 жылы ол алдын ала бағалау бойынша 69,6 жасты құрады, оның ішінде ерлерде – 64,8 жас, әйелдерде – 74,3 жас. 1995 жылмен салыстырғанда өмірдің орташа күтілетін ұзақтығы көрсеткіші едәуір ұлғайғаны байқалды, ерлерде – 6,8 жасқа, әйелдерде – 4,9 жасқа, бұл кезде осы көрсеткіштің гендерлік белгісі бойынша айырмасы 1995 жылдағы 11,4 жастан 2012 жылдағы 9,5 жасқа дейін қысқарды [6, 59 б].

Кедейлік деңгейі 1996 жылдан бастап 9 есе төмендеді және 2012 жылғы 3 тоқсанда 4% құрады.

Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 199 жылдағы 128 теңгеден (24 АҚШ доллары) 2012 жылғы қаңтар-қазандағы 99118 теңгеге дейін (666 АҚШ доллары) өсті.

Еліміздің 15 жас және одан үлкен экономикалық белсенді халықтың саны 1,1 млн. адамға артып, 2012 жылғы қарашада бағалау бойынша 8,9 млн. адамды құрды. Жұмыссыздық деңгейі 2 есе дерлік төмендеді және 2012 жылғы қарашада бағалау бойынша экономикалық белсенді халықтың санынан 5,3%-ды құрды. 2012 жылғы қаңтар-қарашада ЖІӨ болжамалы бағалау бойынша нақты көріністе 5% артты. 2012 жылғы ЖІӨ деңгейі нақты көріністе 1991 жылғы ЖІӨ деңгейінен 2 есе дерлік артық, немесе 95%. Болжамалы бағалау бойынша 2012 жылғы халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ 12 мың АҚШ долларынан асып түседі.

Тәуелсіздік жылдарындағы инвестициялық қызметте оң серпін байқалады. ҚР Ұлттық Банкі деректері бойынша тікелей шетел инвестицияларының жалпы ағымы 1993 жылдан бастап 2012 жылғы

жартыжылдықтағы кезеңге дейін 159 млрд. АҚШ долларынан асып түсті. 1991 жылдан бастап 2012 жылғы қаңтар-қарашаға дейін негізгі капиталға салынған инвестицияларға қаражат салымдары 38,7 трлн. теңгені құрады. Негізгі капиталға инвестициялардың ағылуы қолайлы инвестициялық климаттың құрылуымен байланысты және экономикалық өсімнің негізі болып табылады.

Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру тұрғын үй құрылысы қарқынының тұрақты өсуін қамтамасыз етті. Тұрғын үй құрылысына бағытталған инвестициялар соңғы он жылда 10 есеге дерлік ұлғайды.

Жалпы құрылыста орындалған құрылыс жұмыстары көлемінің он серпіні байқалады, ол 2011 жылы 2 трлн. теңгені құрады. Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индексі 2011 жылы 1991 жылғы деңгейге қарағанда 17,5% жоғары, ал 2012 жылдың соңғы 11 айында ол нақты көріністе тағы 2,5% артты [5, 92 б].

Тәуелсіздік жылдарында республикада (2012 жылғы 11 айдың есебімен) 82,8 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, оның ішінде 40,5 млн. шаршы метрі жеке салушылармен, 801,3 мың пәтер тұрғызылды. 2011 жылы 6,5 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 1991 жылмен салыстырғанда 6,5% артық, оның ішінде халықпен – 3,6 млн. шаршы метр, бұл 1991 жылғы көрсеткіштен 3 есе артық, 2012 жылғы 11 айда 5,7 млн. шаршы метр іске қосылды, халықпен – 3 млн. шаршы метрге жуық.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасындағы жыл сайынғы өнеркәсіп өнімінің өндірісі нақты көріністе 24% артты. 1995 жылмен салыстырғанда өмірдің орташа күтілетін ұзақтығы көрсеткіші едәуір ұлғайғаны байқалды, ерлерде – 6,8 жасқа, әйелдерде – 4,9 жасқа, бұл кезде осы көрсеткіштің гендерлік белгісі бойынша айырмасы 1995 жылдағы 11,4 жастан 2012 жылдағы 9,5 жасқа дейін қысқарды [5, 98 б].

Отандық машина шығаруда өндіріс 2,2 есе артты, мысалы, 2012 жылғы қаңтар-қарашада 58 дизелді локомотив, 16280 жеңіл автомобиль және 521 астық жинайтын комбайн шығарылды.

Химия өнеркәсібінде 2012 жылғы қаңтар-қарашада 30,3 мың тонна пропилен полимерлері, 147,9 мың тонна азотты және калийлі тыңайтқыштар, 78,9 мың тонна фосфор, 1539 мың тонна күкірт қышқылы, 53,1 мың тонна натрий үшфосфаты, 8,1 тонна фторид сутегі өндірілді.

Қазақстан 20 жылдың ішінде әлемдік экономикаға терең интеграцияланды. Қазіргі уақытта республика іс жүзінде әлемнің барлық елдерімен сауда-саттық жүргізеді, барлық континенттердегі 212 мемлекет және аумақтар Қазақстанның сауда серіктесі болып табылады. Сыртқы сауда тауар айналымының көлемі 1995 жылғы 9,1 млрд. АҚШ долларынан 2011 жылы 125,7 млрд. АҚШ долларына дейін өсті. 2012 жылғы қаңтар-қазандағы сыртқы сауда тауар айналымы 113,6 млрд. АҚШ долларын құрады немесе 2011 жылғы сәйкес кезеңнен 11,6% артық [5, 132 б].

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбжанов Х.М., Әсиев Ш. Қазақстанның этностары.– Астана, Золотая книга, 2018. -319 б.
2. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). –Алма-Ата: Ғылым, 1991. -192 с.
3. Алексеенко А.Н. Население Казахстана 1920-1990 гг. –Алма-Ата: Ғылым, 1993. -125 с.
4. Тәтімов М. Қазақ әлемі. Қазақтың саны қанша? –Алматы, 1993. -152 б.
5. Тәтімов М, Әлиев Ж. Дербестігіміз демографияда. –Алматы: Жеті жарғы, 1999. -264 б.
6. Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана. XVIII-начало XXI в. –Алматы: 2004. -408 с.

УДК 902.1

МӘДЕНИ МҰРАНЫ НАСИХАТТАУДАҒЫ МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

Байбулсинова А.С.

*Тарих ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті*

Ерсаев М.Б.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ
2 курс магистранты, Орал қаласы*

Мәдениет – халықтың сан ғасырлар бойы жинақтап, ұрпақтан – ұрпаққа сабақтасып келе жатқан асыл қазынасы, бітім – болмысы, жалпы халықтың дамуының іргетасы.

Еліміз тәуелсіз мемлекет болып, әлемнің өркениетті елдер қатарынан көрініп, ғасырлар бойғы арманына жетті. Алайда, ғылымның бұл саласында зерттелмей жатқан тың және жаңа тұрғыдан қарауды қажет ететін мәселелер баршылық. Қандай да болсын мемлекеттің қазіргі заманға сай дамуы мен тәжірбиесі тек экономикалық және саяси жағдайымен ғана емес, сондай-ақ мәдени құрылыс тәжірибесімен танылады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін көп ұлтты мәдениетті дамытуға, олардың прогресшіл ұлттық дәстүрлері мен рухани қазыналарын өркендетуге, әрбір халықтың ұлттық қазыналарын қорғау арқылы ұлттық ерекшеліктерінің сақталуына кең жол ашылуда. Адамдардың, қоғамның мәдени өміріне еркін араласуға мүмкіндік берілуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2030» жолдауында «Бүгінгі таңда біз тұрақтану кезеңіне өтудеміз. Ең өзекті және маңызды міндеттерімізді шешуде қол жеткен

табысымыз бізге жан-жағымызға үңіле зер тастауға, өткен жолымызды таразылауға әрі болашаққа батылырақ көз салуға, алдағы дамуымыз туралы ойлауға, өз жоспарымызды түзеуге мүмкіндік береді», - деген еді [1, 3 б].

Зиялы тарихшы К.Н. Нұрпейісов «Ұлттық рухтан айрылған халық ел болудан қалып, жігерсіз, еріксіз тобырға айналмақ. Басқаның құрығына мойынсұнып, оның жетегінде кете бермек. ...Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялануы, оның әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесіне айналу ұлттық рух пен ұлттық сананың қоғамымыздың дамуының қуатты күшіне айналуына жол ашады» [2, 21] -дей отырып, қазіргі қоғам жағдайында Еуроцентризм, руссоцентризмнен аулақ қазақтың ұлттық ділін бойына сіңірген салауатты ұрпақтың өсіп-өнуі үшін жағдайлар жасау қажеттігіне баса назар аудартады. Өйткені, рухани мәдениет халықтың мыңдаған жылдар бойғы асыл қазынасын, оның мінез-құлқы мен жан-дүниесін, бостандығы мен зердесін, адамның негізгі құқықтары мен сенімін қамтиды. Өзге халықтарға да осы құндылықтары арқылы танылады. Сол жолда “Мәдени-тарихи мұраны сақтау” бағдарламасы жарияланып, онда “Руханият пен білім беру салаларын дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде ... халықтың орасан мол мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениетін, фольклорын, дәстүрлері мен салттарын зерделеудің бір тұтас жүйесін жасау» қажеттігін атап көрсеткен. Сондықтан, зерттеу тақырыбымыздың “Мәдени-тарихи мұраны сақтау” бағдарламасына сәйкес рухани-мәдени мәселелерді шешуде септігін тигізіп, қоғам дамуының аса қажетті буыны жас ұрпаққа тәрбие көрсетіп жол сілтер қызмет жасайтындығы даусыз.

Қазіргі көзқарас пен құндылықтар өзгерген әдет ғұрып, салт-дәстүр жаңғырған заманда бұл ұғым одан сайын кеңейіп, көкірегінде сәулесі бар әрбір азамат төл тарихын игеруде туған жерінің, өскен ортасының тарихын, мәдениетін білуден бастау керек деген ұғым қалыптасты. Дәлірек айтсақ, өлкетану-Отантанудың алғашқы қадамы. Бұл заңды құбылыс. Әр ғылымның тұңғыығына терең бойлау үшін ең әуелі оның әліппесін игеру қажет. Ал Қазақстанның әрбір азаматының Отан тарихын оқып-зерттеудегі алғашқы баспалдағы, әліппесі-өз өлкесінің, туған жерінің, өскен өңірінің тарихын игеру болса керек. Осы тұрғыдан алғанда өлке тарихынан мол мұраны сақтап, бүгінгі және келешек ұрпаққа жеткізу мақсатында зор қызмет атқарып отырған Батыс Қазақстан тарихи-өлкетану музейінің орны ерекше. Ұзақ жылдар бойы Батыс Қазақстан облысының тарихы мен мәдениетінің дамуын зерттеудің танымдық-тәрбиелік ошағы да осы музей. Бұл мекеме ғимаратының алғашқы тұрғызылған уақыты ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан бастап, жергілікті халыққа қызмет етіп отырған тарихы ерекше нысанның бірі әрі жастарды отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерге баулуда теңдессіз үлес қосып келеді. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі қаланың өзінде 7, облыста 10-нан астам филиалдарға басшылық етеді. Музейде жалпы саны

21930 экспонат сақтаулы. Олар палеолит дәуірінен бастап қазіргі заманымызға дейінгі облыс дамуының тарихын көрсетеді. Мұражайдың бай топтамасы 8 залға орналастырылған: Жайық қаласының Алтын ордалық кезеңі мен пайда болуының археологиялары, Кіші жүз тарихы, Бөкей хандығының тарихы, кеңестік кезең тарихы, өнер тарихы, Батыс Қазақстан облысындағы ғылым мен білім беру, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі тарихындағы қазақ халқының этнографиясы туралы бай деректер жинақталған. Музейдің маңызды бөліктерінің бірі - Кеңес Одағының Батыры мен Кавалер Қызыл ордендері атақтарына ие болған барлық 48 оралдықтардың фотолары жайғасқан. Көркемөнер тарихы залында Құрманғазы атындағы халық аспаптары бірінші оркестрінің қалыптасу тарихын, Қазақстан Республикасы халық әртістерінің шығармашылығы туралы мәліметтерді, Хадиша Бөкеева мен Роза Жамаловалардың түпнұсқа көз тартатын сахналық киімдері бар. Музейде экспонаттарының ішінде еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлерінің фотоматериалдары мен жеке заттары, тәуелсіздік тарихы залында ұлттық валюта, фотоматериалдар, тұңғыш Президент Н.Назарбаев жазған кітаптар (жеке қолтаңбасымен қоса), облыстағы экономика, ауылшаруашылық, өндіріс салаларының дамуын көрсететін экспонаттар басқа құнды жәдігерлер сақталған [3, 18 б].

Қазіргі таңда музей мәдени – ағарту қызметімен белсенді айналысып отырған мекемелердің бірі, мұнда тұрақты ғылыми – зерттеушілік жұмыстар жүргізіліп тұрады. Семинарлар, дөңгелек үстел, конференция, фестивальдар мен көптеген іс – шараларды өтікізіп тұру дәстүрге айналған. Сонымен қатар, музей қазіргі кезде заманауи үрдістерге негізделіп, экспонаттарды цифрлық бағдарламаға енгізіп инновациялық жобаларды жүзеге асырып отырған Қазақстандағы бірден-бір мекеме. Дегенмен осы уақытқа дейін ғимаратынан бастап (XIX ғ.), ондағы бай құжаттық деректер, қолжазба қорлары мен түпнұсқалық заттай деректердің құндылығына, ерекшелігіне қарамастан ғылыми зерттеу жұмысы ретінде қолға алынбаған. Әр жылдардағы музей қызметкерлерінің баспасөздегі мақалаларын есептемегенде, бірде-бір оқулықтар немесе монографиялық еңбектер жазылмаған. Ендеше, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің мәдени-рухани дамуының тарихын талдау, жетістіктері мен кемшіліктерін дәйектілікпен кешенді зерттеу, мекеменің қолға алған әрбір іс-шараларының тарихи тәжірибеге негізделген салиқалы қорытындылары бүгінгі күні отандық тарихта, өлкетануда жаңаша зерделеу қажеттігін дәлелдей түседі [4, 64-66 бб].

Батыс Қазақстан облыстық тарихи өлкетану музейі 8 залдан тұрады. Олар:

- Археология залы
- Ортағасырлық Алтын Орда кезеңі және Жайық қалашығының пайда болуы туралы дерек беретін зал
- Кіші жүз тарихынан сыр шертетін зал
- Бөкей Ордасы жөнінде құнды тарихи дерек беретін зал

- Кеңестік дәуір кезеңінің тарихы залы
- Батыс Қазақстан облысының білім мен ғылым, өнер мен мәдениет салаларының даму тарихы туралы дерек беретін зал
- Қазақ хандығы залы
- Қазақстан Республикасының тәуелсіздік тарихы атауымен аталатын зал

Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалдары

- Емельян Пугачев атындағы музей-үйі
- Суретші Сәкен Ғұмаров музей үйі
- Орыс әдебиетінің классигі, ақын А.С.Пушкин атындағы музей
- Жәңгір атындағы тарихи-этнографиялық музейі
- Табиғат және экология музейі
- Сырым Датұлы атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейі (Сырым ауданы)
- Мұхит Мералиев атындағы аудандық тарихи өлкетану музейі (Қаратөбе ауданы)
- Дина Нұрпейісова атындағы өнер музейі (Жаңақала ауданы)
- Көктерек ауылдық тарихи өлкетану музейі (Казталовка ауданы)
- Ақпәтер ауылдық тарихи-өлкетану музейі (Казталовка ауданы)
- Жәнібек аудандық тарихи-өлкетану музейі
- «Рухани жаңғыру» музейі
- М.Маметов атындағы мемориалдық музей
- В.И.Чапаев атындағы Ақжайық тарихи-өлкетану музейі
- Бөрлі аудандық өлкетану музейі
- М.Шолохов атындағы мемориалдық музейі [4, 59-72 бб].

2018 жылдан бастап БҚО тарихи-өлкетану музейінің қор бөлімі мен БҚО Ішкі саясат басқармасы «БҚО өңірлік коммуникация қызметі» КММ біріккен «Виртуальный экспонат» атты жобасын іске асыра бастады. Жобаны жүзеге асыру барысында «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желілерінде және «Olke.kz» сайттарында «Тақсай тарағы» бейнеоролигі таралды. Жобаның негізгі мақсаты: қордағы сирек кездесетін көне жәдігерлерді көпшілікке көрсету, электрондық нұсқада жәдігерлерді көпшілікке қолжетімді жасау, музейге келушілерді тарту. Сәуір айында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында БҚО әкімдігінің басшылығымен БҚО мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Батыс Қазақстан облыстық халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен мәдениет және өнер саласы ұйымдары мен қызметкерлерінің «Рухани қазына» облыстық фестивалі өткізілді. Фестивальдің мақсаты: музей саласында тәжірибесімен алмасу, қазақстандық патриотизм мен ұлттық-мәдени бірлікті дамыту аясында ұлттық мәдениетті насихаттау және аймақтық мәдениет ұйымдарының

имиджін нығайтуға бағытталған үздік әлеуметтік-мәдени және білім беру тәжірибелерін көрсету. Аталмыш фестиваль аясында БҚО тарихи-өлкетану музейінде Батыс Қазақстан облысы музейлерінің іріктеу сыны өткізілді. Фестивальдың бірінші кезеңінен өткен Бөкей Ордасы тарихи-музей кешені, Бөрлі өлкетану музейі, В.И.Чапаев атындағы Ақжайық тарихи-өлкетану музейі, М.А.Шолохов мемориалдық музейі, С.Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі, Көктерек тарихи-өлкетану музейі, Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музей, Табиғат және экология музейлері қатысты. Музейлер алдымен «Рухани жаңғыру» тақырыбында көрме дайындап, оған экскурсия жүргізілді, екінші музейге келушілерді тарту мақсатында ролик дайындалды, үшінші ғылыми экспедициялар мен қорды толықтыру жұмыстары туралы айтылды. Фестивальдың жалғасы Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрында жалғасып, үздіктер марапатталып, 21 мамыр күні Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесі күніне орай Астана қаласында өтетін республикалық кезеңге жолдама алды [14]. БҚО тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлерінің қатысуымен Алматы қаласындағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде Елбасымыздың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламасын іске асыру іс-шаралар тізіміне алынған және Халықаралық ЮНЕСКО ұйымының 2018-2019 жж. атаулы күндер күнтізбесіне енгізілген күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына арналған «Құрманғазы домбырасы музей сахнасында» атты көрме мен кешіне қатысып келді. Мамыр айында Астана қаласында Елбасының «Болашаққа қадам: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Қасиетті Қазақстан» бағыты бойынша «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығынан ҚР Ұлттық музейінде жабдықталатын «Батыс жауһарлары» көрмесі аясында Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі қорының «Ақ Жайық сенің орнын алабөтен..» көрмесі жабдықталды. Көрме «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының құрылғанына бір жыл толуына арналады. Көрмеге БҚОМ қорынан Ақ Жайықтың киелі жерлеріне қатысты 128 жәдігерлер шығарылып отыр. Олар негізінен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тізіміне Батыс Қазақстан облысы бойынша енгізілген киелі жеті орынға қатысты экспонаттар. Атап айтар болсақ, БҚО археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған құнды жәдігерлер, өлкеміздің тарихында ерекше орын алған, 2012 жылы Теректі ауданы, Долинное елді-мекеніндегі Таксай обалы кешенінен табылған алтын бұйымдар, б.д.д ІҮ-ҮІ ғасырға тән ежелгі сармат кезеңіне жататын ақсүйек бай әйелдің жерленген орнының ағаш бөренелері, ортағасырлық Жайық қалашығы орнынан табылған кесене қалдықтары, кірпіш тастары, құмыра сынықтары. Бөкейордасына қатысты Жәңгір хан мен Фатима ханым киімінің көшірмелері, А.Н.Харузиннің 1891 жылы жазылған «Киргизы Букеевской Орды» атты кітабы көрермен назарына ұсынылады [8].

Көрмеге XX ғасырдың басты тарихи оқиғалары болған Жымпитыға қатысты Батыс Алашорда қайраткерлері туралы мұрағаттық құжаттар шығарылды. Көрменің мақсаты Жайық өңірінің тарихын айшықтайтын көне жәдігерлерін астаналықтар мен қала қонақтарының назарына ұсына отырып, өлкенің киелі жерлерімен астаналықтар мен қала қонақтарына таныстыру. БҚО әкімдігі басшылығымен, БҚО мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, БҚО тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен «Ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні» атты Халықаралық ғылыми экспедициясы жолға шықты. Экспедиция маршруты БҚО Қаратөбе, Жаңақала, Жалпақтал (Көктерек ауылы) аудандары, РФ Астрахань облысы Володар ауданы Алтынжар ауылына барды, Алтынжар – Қ.Сағырбайұлының мәңгілік тыным тапқан жері. Экспедиция құрамында БҚО тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері, ғылыми экспедицияның жетекшілері, ардагер журналист, өлкетанушылар, күйші, домбыра жасаушы шебері, «Орал сазы» ансамблінің жетекшісі, Д.Нұрпейісова атындағы саз мектебінің мұғалімдері, Қаратөбе, Жаңақала, Казталов, Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің өкілдері, өлкетанушылар, мәдениет саласы қызметкерлері бар. Экспедицияның мақсаты: «Күй атасы» атанған, ұлы күйші - композитор, дәулескер домбырашы, өнерінен өнеге дарыған Құрманғазы баба Сағырбайұлының ғұмырнамасының ақиқатын, күйлерінің шығу тарихын, шығармашылық-қайраткерлік болмысын сипаттау бағытында зерттеп-зерделеу, қазақ музыка мәдениетінде өшпес із қалдырған Ақ Жайық өңірінің айтулы, атақты күйшілерінің өмір деректері, олардың күйлерін зерттеу және құнды мұраларды қасиеттеп, қастерлеу. 18-23 маусым күндері Батыс Қазақстан облысы әкімдігі басшылығымен, Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасының қолдауымен, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында «Жайықтың қасиетті орындары» атты республикалық өлкетанушылар форумы өтті. «Жайықтың қасиетті орындары» атты халықаралық форум аясында Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен «Ашық есік күні» және «Рух дауысы» атты музейдегі түн акциясы өтті. «Жайықтың қасиетті орындары» атты республикалық форумның ашылуы, пленарлық және секциялық отырыстарына әр Қазақстанның әр облысынан музей басшылары мен қызметкерлері келіп қатысты. «Жайықтың қасиетті орындары» атты форумның ашылу салтанатына Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ғ.Оспанқұлов, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Музей және кітапхана басқармасының бас сарапшысы Н.Кадримбетова, "Kazmuseum.kz" қорының жетекшісі, музейтанушы Н.Жолбарыс, тарих ғылымдарының кандидаты, мемлекеттік тарихи-мәдени «Есік» қорық-музейінің ғалым хатшысы Ғ.Файзуллина, БҚО мәдениет басқармасының басшысы Қ.Мұсағалиев, «қалалық, мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі БҚО филиалының төрағасы А.Батырханов,

ҚР Мәдениет қайраткері, музей ардагері С.Танабаева, Республика бойынша музей директорлары мен өлкетанушылар өлкемізге танымал тұлғалар мен музей ардагерлері, қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысты. Форум модераторы БҚО мәдениет басқармасының басшысы Қ.Мұсағалиев болды. Форум Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ғ.Оспанқұловтың алғы сөзімен ашылса, келесі сөздер кезегі мемлекеттік тарихи-мәдени «Есік» қорық-музейінің ғалым хатшысы Ғ.Файзуллина мен ҚР мәдениет және спорт министрлігі Музей және кітапхана басқармасының бас сарапшысы Н.Кадримбетоваға ұсынылды. Форумда БҚО тарихи-өлкетану музейінің директоры М.Ерсаев «Тәуелсіз еліміздің музейлері қандай болуы керек» атты "Kazmuseum.kz" қорының жетекшісі, музейтанушы Н.Жолбарыс «Музей саласын басқару мен штаттық құрылымын бекітудегі шетел тәжірибесі» атты, мемлекеттік тарихи-мәдени «Есік» қорық-музейінің ғалым хатшысы Ғ.Файзуллина «Современные тренды в музеях Казахстана: будущее в нашем сегодня», «TORUS.KZ» ЖШС – техникалық директоры Д.Габдуллаев «Музейлік кешенде қолданылатын виртуалды технологиялар» тақырыбындағы баяндамалар оқылды. «Жайықтың қасиетті орындары» атты республикалық форум Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінде тарихи-мәдени шаралармен жалғасын тапты. Облыстық тарихи-өлкетану музейінде Ақтөбе, Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейлерінің көрмесі және суретші-иллюстратор Аңсаған Мұстафаның көрмесінің ашылу салтанаты өтті. «Құммен сурет салу» шеберлік сабағы, киіз басу технологиясы, табақ тартудан шеберлік сабақтары, қолөнер шеберлерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылса, кешкі бағдарламалар «Рух дауысы» атты мерекелік концертпен жалғасты. Мерекелік шарада Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармония әншілері мен облыстық жастар шығармашылық орталығының қызметкерлері өнер көрсетті. Концерт барысында қалалық дизайнерлердің жұмыстарынан құрылған сән көрсетілімі өтті. «Рух дауысы» атты музей түні облыстық қазақ драма театрының әртістері тарихи кейіпкерлердің рөлін сомдап, экспонаттарға жан бітірді. Тас дәуірі кезеңі, Қазақ Хандығының құрылу кезеңдері, күй атасы Құрманғазы мен оның оқушысы Динаны, Қыз Жібектің, Алаш қайраткерлері бейнелері сомдалып, 1937-38 жылдардағы репрессия, 1941-45 жылы Ұлы Отан соғысы кезеңдері көрсетіліп, көпшіліктің көңілінен шықты. Театрландырылған көріністер көп ұлтты тәуелсіз Қазақстан Республикасын бейнелейтін бүлдіршіндердің биімен аяқталды. Форумының жалғасы жалпыұлттық 100 нысанға кірген облыстағы 7 нысанды аралап, оған саяхат жасалды. Жайық қалашығында тарихи-мәдени шаралар қатысушыларына ортағасырлық қалашық жөнінде толық экскурсия жүргізіліп, қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлерден шағын көрме ұйымдастырылды. Көрме «Ұлы Жібек жолындағы керуеншілер» (XIII-XV ғасыр) театрландырылған көрініспен жалғасын тапты. Островский атындағы орыс драма театрының актерлері

осы қалашықта болған саяхатшылар, зерттеушілердің бейнелері сомдады. Келесі киелі орын Теректі ауданы Долинный елді - мекеніндегі Тақсай обалар кешеніне жалғасты, онда «Алтын ханшайым» көрмесі ұйымдастырылды. Археолог Я.Лукпанованың «Алтын Ханшайымның қалай табылғаны жөнінде тереңірек айтылды. Х.Бөкеева атындағы қазақ драма театрының актерлерінің қатысуымен «Алтын ханшайым» көрінісі сомдалды. Үшінші нысан Жұмағазы хазірет «Дәдем ата» қорымында зиярат етіп, ас берді. Жұмағазы хазірет туралы мағлұмат алды. Облысымыздың жеті қасиетті орыны республиканың қасиетті орындары географиясына енсе, оның бірі Сырым ауданы орталығы Жымпиты ауылы. Өйткені Жымпиты – тәуелсіздікті аңсаған алаш қайраткерлерінің арманы мен тілегі, жоспары тоғысқан жер, Батыс Алашорданың астанасы. Өңірлерден келген өлкетанушыларға С.Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейінде экскурсия жүргізілді. Экскурсия №4-ші қасиетті орын қазіргі «Алаш музейінде» ұйымдастырылған «Алаш ардақтылары» атты театрландырылған қойылыммен жалғасын тапты. 21 маусым делегаттар қасиетті орындармен танысу үшін туристік сапарға шығып, Жәнібек ауданына да ат басын тіреді. Аудан әкімінің орынбасары Біржан Меңешов, ауылдың ақсақалдары, ақ әжелер, рухани ошақ қызметкерлері және аттылы жігіттер қонақтарды жолдан қарсы алып, ақтан дәм татқызды. Аудан мақтанышы, айтыскер ақын Назгүл Кәрімова қонақтарға Ғұмар елі хақында арнауын төгілтсе, зейнеткер Меңсұлу Жұмақұлова да жүрегінен шыққан жыр шумақтарын оқып берді. Сағат 14.00 де Алаш қайраткері Ғұмар Қараш саябағында Ғұмар Қараш оқулары өтті. Шара аудан әкімінің орынбасары Біржан Нұрланұлының алғы сөзімен басталды. Біржан Нұрланұлы өз сөзінде форум қатысушылары мен қонақтарға қош келдіңіздер айтып, «Киелі жер» жобалары бойынша жалпыұлттық маңызы бар қасиетті 100 нысанға БҚО бойынша Ғұмар Қараш қорымының енуі, ақынның туған жерінде кесенесінің тұрғызылуы туралы баяндады. Өз кезегінде сөз алған БҚО мәдениет басқармасының бөлім басшысы Г.Қауланова форумның мақсатына тоқталып өтті. Сондай-ақ жиналған қауымға Борсыдан арнайы келген оқушылар Ғ.Қараштың өлеңдерін нақышына келтіре оқып берді. Баба рухына тағзым ретінде гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Шарадан кейін қонақтар Жәнібек аудандық тарихи-өлкетану музейінің құнды жәдігерлерімен танысты. 18-23 маусымда өткен «Жайықтың қасиетті орындары» атты республикалық өлкетанушылар форумы Бөкей ордасында өз мәресіне жетті. Форумға қатысушыларды Бөкей ордасы әкімінің орынбасары Қайырғалиева Лариса Тельманқызы, ауыл әкімі Сисенов Медет Исаұлы, Бөкей ордасы тарихи-музей кешені директоры Ғ.Махимов жолдан қарсы алып, ақтан дәм татқызды. 22 маусым күні хан Жәңгір, күйші Дәулеткерей, ғалым Мұхамед-Салық Бабажанов кесенелеріне барып, құран бағыштады. Осы кесенелерді құрайтын пантеонды аралап естелік фотосуретке түсті. Хан қорымындағы күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан 500-ден астам

құлпытастың кімдерге қойылғандығына қызығушылық танытты. Одан соң Бөкей Ордасы тарихи-музей кешеніне атбасын бұрған форум қатысушылары Хан сарайында өткен театрландырылған көріністі тамашалады. Осы форуммен тұспа-тұс келген Тәуелсіздік музейіндегі «Рухани жаңғыру» залының ашылу салтанатында Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің Мәдениет басқармасының бөлім басшысы Г.Кауланова форумның маңыздылығына тоқталса, ардагер ұстаздар «Бөкей Ордасының құрметті азаматтары» Б.Қожағалиев, С.Байзонов жастардың рухын көтеру мәселесін қозғады. Рухани жаңғыру залын ашу ардагер ұстаз Р.Қилышқымен Орда ауылдық округі әкімі М.Сисеновке берілді. Форумның соңы «Музейлер туристік нысан ретінде» тақырыбындағы дөңгелек үстел отырысымен аяқталды [8].

БҚО әкімдігінің қолдауымен, БҚО мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрында XIX ғасырда қазақ даласын жаңғыртқан рухани сілкіністің көшбасшысы, қазақ халқының классик-композиторы Қ.Сағырбайұлының туғанына 200 жыл толуына арналған «Жаһандану әлемі және Құрманғазы Сағырбайұлының мәңгілік мұрасы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияда ғалымдар тарапынан күй атасының қайталанбас бітім-болмысы, күй өнері, ұлттық музыкалық мәдениет тарихындағы өнер иесінің шығармашылығы, тарихи тұлға ретінде зерттелу мәселелері талқыланды.

Қазан айында Теректі ауданында қарасты Долиное ауылында Тақсай ханшайымы кесенесінің ашылуына орай «Ұлттық құндылық» атты көрме ұйымдастырылды. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Тақсай ханшайымының кесенесі ашылды. «Алтын ханшайым» театрландырылған көрінісімен басталған шараға облыс әкімінің орынбасары Ғ.Оспанқұлов, облыстық мәдениет басқармасының басшысы Қ.Мұсағалиев, аудан әкімі Ә.Жоламанов, мәдениет қызметкерлері, аудан тұрғындары мен қонақтары қатысты. Тақсай ханшайымы кесенесінің ашылуында облыс әкімінің орынбасары Ғ.Оспанқұлов сөз сөйлеп, Теректіліктерді құттықтады. Тақсай ханшайымы кесенесін ашу құрметі Я.Лұқпанова мен аудандық «Ардагерлер үйінің» басшысы С.Қоқашевке бұйырды. Содан соң қонақтар оң қанаттағы киіз үйден облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Ұлттық құндылық» атты көрмесін тамашалады [8].

БҚО тарихи-өлкетану музейі қорынан 1 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай ұйымдастырған «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты көрменің ашылуы өтті. Көрменің мақсаты: Тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізін қалаған Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың көшбасшылық ролін ашып көрсету. Елбасының Батыс Қазақстанға келген сапары арқылы Ақ Жайық өңірінің Тәуелсіздік жылдарындағы даму тарихын көрермен назарына ұсыну. Жастарды Отанын, халқын сүйуге, парасаттылыққа, ұлтжандылыққа

тәрбиелеу. Көрме музей қорындағы ҚР Тұңғыш Президенті Музейінен алынған фотосуреттер мен құжаттардың көшірмелері негізінде жабдықталды.

Бұл тек музей атқарған ауқымды жұмыстардың аздаған бөлігі ғана. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары музейлердің нарыққа мүлдем дайын еместігі, елдің экономикалық тетіктерінің де музейлерді өз шапарғаттарына бөлеуге еш құлықтары жоқ екендігі айқын байқалса, уақыт өте келе қоғамда мәдениеттің қажеттілігі жіті сезіліп, тіпті танымал да абыройлы салаға айналып, адамдардың «Мәдени демалыс» үшін ақша төлеуге және қомақты көлемде төлеуге даяр кезеңге жеттік [7, 124 б.].


Қазіргі таңдағы негізгі мәселердің бірі – бұл музейлерге келушілердің қатарын көбейту болып отыр. Ол үшін музей менеджментін мейлінше тереңдей игеру, оны дамыту біздің бас ауыртар негізгі міндетіміз деп білген жөн. Жалпы әлемдік деңгейде музейлерге келушілер саны күрт төмендеп отырған осынау алмағайып заманда, облыстық тарихи-өлкетану музейінің алдында тұрған қиында болса басты міндет музейді жәдігерлер сақтаушы музей статусынан – басты назарда келуші адам болатын музейге айналдыру болып табылады. Ол үшін біздердің, музей қызметкерлерінің музейдің өткен дәуір, қазіргі кезең және болашақты нығыз байланыстырып тұрған ғасырлар бойы жинақталған тәжірибелер буыны екендігін басты назарда ұстағанымыз абзал. Керісінше жағдайда музейдің тек қана әсерсіз сүрең көрмелер мен ала-құла экспозициялар орнына айналатындығы, қоршаған қоғамның **УАҚЫТ КЕЗЕҢДЕРІ** деп аталатын өлшеммен байланысы үзілетіндігі сөзсіз.

Қазақта “айтпасаң білмейді...” деп келетін аталы сөз бар. Сол айтқандай, барымызды жарқыратып басқаларға көрсету жағы, терең тамырлы ел екенімізді насихаттау мәселесі – бұл нәзік те күрделі мәселе деп қарастырғанымыз жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. “Қазақстан-2030 стратегиялық бағдарламасы//Жас алаш газеті, 17 қаңтар, 1997. -3-4 бб.
2. Нұрпейіс К. Еуроцентризм, жаһандану және ұлттық рух хақында // Қазақ тарихы, № 2.2005.-16-21бб.
3. Вопросы изучения истории и культурного наследия Казахстана. - А., 1998.
4. Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. - А., 1998.
5. Мерекеева С.К. Музеи Казахстана. – А., 2009.
6. Мұсаева С.Т. Музей менеджменті және маркетингі.- Алматы, 2006
7. Раймханова К., Хатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы.- Алматы, 2002.
8. БҚО тарихи-өлкетану музейінің ресми сайты: www.olketanu.kz

ҚОСЫМШАЛАР



Русско-киргизская школа ремесленных учеников

Қосымша 1

Қазіргі БҚО тарихи-өлкетану музейі.

Тарихи атауы- Орыс-қазақ мектебі үйі -1879 жылы Орал қаласында салынған ғимарат. Мұнда балалар сауатын ашумен қатар ағаш шеберлігіне, ағаш және темір ұсталығына үйренді. Ғимараттың қасбеті шығыс стильімен салынған



Қосымша 2

Пугачев музейі - тарихи ескерткіш, ХҮІІІ ғасырда ағаштан салынған 1773-1775 жылдары Жайық өңірі шаруалар соғысының қолбасшысы Е.И.Пугачевтің екінші әйелі У.Кузнецованың үйінде орналасқан (1967). Мұнда жайық казак- орыстарының үй тұрмысын бейнелейтін экспонаттар көрініске қойылған. Көтеріліс тарихына байланысты құжаттар мен суреттер, қару-жарақтар, Пугачевті тұтқындаған кездегі оны ұстаған темір тордың макеті, Қазақстан қылқалам шеберлерінің өкілі, кітап графиканың А.Гурьевтің көтеріліске арналған сериялық шығармалары топтастырылған. Пугачев мұражайының сыртында оған арналған мемориалдық тақта орнатылған.



Қосымша 3

Батыс Қазақстан облыстық тарихы өлкетану музейі



Қосымша 4
Батыс Қазақстан облыстық тарихы өлкетану музейіндегі тәуелсіздік залы



Қосымша 5
Музейдегі Алтын ханшайым-Тақсай ханшайымы экспонаты



Қосымша 6
Музейдегі Қазақ хандығы залынан көрініс



Қосымша 7
Оралдағы БҚО тарихи-өлкетану музейіне қарасты Пушкин музейі

РЕСЕЙ ҮКІМЕТІНІҢ БӨКЕЙ ОРДАСЫНА ЖҮРГІЗГЕН ДІНИ САЯСАТЫ

Сулейменова Э.А.

М.Өтемісов атындағы БҚУ,

тарих мамандығының

1 курс магистранты, Орал қаласы

Патшалы Ресей қазақ жерін отарлауды бірнеше тарапта жүргізді. Соның бірі діни саясаты. Мұсылман дінін қолдаған сипатта болып, ел ішіне ылаң салу XIX ғасырда патшалы Ресейдің басты саясатына айналды. Ресей үкіметінің қазақ халқының діни саясатына жүргізген реформаларында татар ұлтын таңдап алуындағы басты себеп қазақ халқының бұл ұлтқа туысқандығы мен сол уақыттарда халқымыздың арасынан ислам ғұламаларының рөлінің жоғарлығында болатын. Татар молдаларынан жасақталған топ қазақ жазирасында тыңшылық қызметтерді де атқарған болатын.

Ислам дінін отарлық езгі саясатына ыңғайластыра қолдаған осы істердің бірінде патша үкіметі қазақ халқының діни саласын өз уысында ұстады. Мәселен, 1868 жылғы Ережедегі «Қазақтың құқы», «Қазақтың діни істерін басқару» бөлімдерінде: «Қазақтар дін ісі бойынша Орынбордағы дін ислам мүфтиіне қарайды. Қазақтардың жергілікті жердегі діни істерін тағайындалған молдалар жүргізеді, ол азаматтық басқармаға, сол арқылы Ішкі істер министрлігіне бағынады. Қазақтардың арасында бір болысқа бір тағайындалған молда бекітіледі. Молданың сайланғаны туралы ақпаратты уезд бастығына жолдайды, ол мұны бекіту үшін облыстық басқармаға жібереді. Молдалар Облыстық басқарма мен Әскери губернаторлардың шешімімен бекітіледі не босатылады. Мешіттер тек қана генерал-губернатордың рұқсатымен салынады. Мешіттің жанынан жергілікті балаларды оқыту үшін мектеп ашуға молда міндетті түрде уезд бастығының рұқсатын алуы керек», - деп жазылған. Сырт қарағанда мұнда дін таратушы молдалар санын көбейтіп мұсылмандыққа жол берілгендей еркіндік танылғанымен, осы істің өзін зорлықшыл империя қасақана халық мүддесіне қарсы бағытта жүргізді. Аталмыш діни саясаттың шырмайынан Бөкей Ордасы да шет қалған емес. Бұл саясат Ордада тағайындалған молдалар арқылы жүргізіледі. Жәңгір хан Ордаға аталмыш саясаттың шеңберінде білімді татар молдаларын шақырып оларға қазақтарды дін іліміне оқытуды тапсырады. Ахунның емтиханынан лайықты болған оқығандарды молда жасады, оның белгісі ретінде ашық татар тіліндегі өзінің және ахун мөрі басылған үкімдерін берді. Сонымен қатар, Орданың молдалары үкіметтен өз міндеттері

бойынша өзіндік нұсқауды алды. Бұл Жәңгірдің өз хандығын нығайтудың бір сатысы еді [1, С.24-32.].

Ал жоғарыдан тағайындалған татар дін басылары іс жүзінде мемлекеттік қызметкер болды. Орынбор губерниялық басқармасының діни мәселелердегі қызметі қазақ ақсүйектері мен ауылдарындағы татар молдаларын қанағаттандырды. Арнайы ұйғарыммен жіберілген татар молдалары Бөкей Ордасына көптеп келе бастады. Ал, Бөкей Ордасына келген татар молдаларының санын анықтау әрқашан мүмкін бола бермеді [21]. XIX ғасырға дейін Қазақ жерінде молдалар көп болмады. Патша үкіметінің қазақтар арасында татар молдаларын қоныстандыруы арқасында, сонымен қатар Хиуа және Қоқан хандықтарының Ресеймен шиеленістері және олардың халықтың діни сенімін пайдаланып антиресейлік үгіт-насихат жүргізуге тырысуы арқасында XIX ғасырдың бастап Қазақ жерінде молдалар саны артты. Қазақ хандары мен сұлтандары өздерінің саяси жағдайларының тұрақсыздығын сезіп, бірігіп уезде халықты ұстап қалу үшін дін басыларына жиі жүгінді. Аталмыш жүйе Бөкей Ордасында да өрбіген болатын. Мұны Жәңгірдің саяси бағытынан аңғаруға болады [1].

1838 жылы Сенаттың мұсылман тұрғындарына метрикалық кітаптарды енгізу жүйесін тарату туралы жарлығы жарияланды. Жарлыққа сәйкес, метрикалық кітапқа туу, өлім, неке туралы мәліметтерді енгізу жатқызылады. Хан діни салада Сенаттың жарлығын орындауға тырысты. Бөкей хандығының билеушісінде өзіне бағынышты далалықтарды өзінің қол астында жоғары діни істерді шоғырландыру арқылы ұстауға тырысу ниеті анық байқалды. Ресей үкіметінің діни саладағы Жәңгірдің өз дербестігін де аңғаруға болады. Мысалы, Жәңгір хан XIX ғасырдың 30 жылдарына дейін мешіт салу істерінде Орынбор губернаторлығынан рұқсат сұрап келсе, 30 жылдардан кейін Мешітті салуға рұқсат алудың бюрократиялық созуының қиындығынан, бұдан әрі мұндай рұқсаттарды өздігінен бере бастады. 1833 жылы хан К.Аткелтіров молдаға Бұқсақ өзенінің сол жағалауынан мешіт салуға куәлік берді. Сонымен қатар Жәңгір хан жеке өзі қазақ рулары мен бөлімдеріне молданы тағайындады. 1850 жыл 23 желтоқсандағы Орынбор шекралық комиссиясына Ішкі орда жөніндегі уақытша басқарманың Хабарламасында 113 мұсылман дін басыларының тізімі және олардың Жәңгір хан мен бекіткен мерзімі қоса көрсетілген. Бұл құжатқа сәйкес ең алғаш бекітілген уақыт 1840 жылдың 26 мамырына жатады, ал ең соңғысы – 1845 жылдың 25 маусымы [2, 58 б.]. Ресей империясында қалыптасқан дәстүр бойынша молдаларды тағайындау үшін әкімшілік өлкенің рұқсаты қажет және үміткерлер Уфадағы ислам дін басылары жиналысында сынықтан сәтті өтуі қажет болды. Егер Орынбор және Самара генерал-губернаторы В.П. Перовский мемлекеттік мүлік министрі граф П.Д.Киселевке ордадағы жағдайды Жәңгір ханның қызметіне сыни-жағымсыз жағынан төмендегідей баяндады: «Такого рода распоряжения нисколько не сообразны с

характером ревностного муллы, если бы даже умилия Джангера к распространению магометанства в Орде предположить проистекавшими из религиозного убеждения. Но ближайшее рассмотрение его действий по этому предмету показывает, что источником их была не бескорыстная ревность благостного человека к исповедуемой им религии, а скорее расчет. Как человек умный и дальновидный Джангир, без сомнения, рассчитывал, между прочим, и на то, что муллы, им созданные и посвященные, могли служить в руках его для укоренения в народе к особе хана уважения и покорности еще лучшим орудием, чем другая опера его владычества- состоявший при хане сотенный отряд русских казахов и русские пушки, являвшиеся в случае нужды для внушения киргизам должного повиновения к правителю». Сонымен айтылғандардан қорытынды шығара келе, бөкей қазақтарының ханы олардың арасында ислам дінінің кең етек жаюына септігін тигізді және бұл ресми үкіметтік діни саясаттың көрінісі боды. Кейбір шенеуніктер жақтаған христандыққа келетін болсақ, оны тарату жүзеге асырылмады. Оны, христиан шіркеуінің құрылысының тарихи дәлелдейді. 1842 жылы Астрахан архиепископы Енотаевский Астрахан губернаторына Жәңгір ханның Сарайында тұрақты түрде православиелік дін қызметшісінің қажеттілігі мен қазынаның есебінен шағын шіркеу салу қажеттілігі туралы баяндады. Бұл жағдай туралы мәлімет Орынбор әскери губернаторы В.А.Обручевке жіберілді. В.А.Обручевке өз кезегінде ханнан Ордада тұрақты тұратын және көктем мен күзгі жәрмеңкелерде Ордаға келетін православиелік христиандардың саны 269 адамға жетті, тұрақты келушілер – 300 адам. Бұл мәліметтер 1843жылы 16 ақпандағы В.А.Обручевтің мемлекеттік мүлік министрі граф П.Д.Киселевке қатынасында келтірілген. Жәңгір ханға төмендегідей хат жолданды: «...я полагал бы постройку церкви при Ставке хана Джангера Букеева отложить до времени, так как это действительно могло бы показаться киргизам подозрительным и поселить в них недоверчивость к нашему правительству». 3-ші наурызда граф П.Д.Киселов Орынбор губернаторына І Николайдың бұйрығымен хан Ордасында уақытша жорық шіркеуінің құрылысы туралы қатынасты жіберді. Онда ол императордың келесідей сөздерін келтірді: «Принужденно не делать, но убедить, что всякий должен отправлять религиозны обряды по своему закону, и что если инородны сие делают без всякого вопрошения, то и православные не должны быть лишены этого права. Посему и пригласить хана Джангера избрать удобное время к исполнению сего, хотя и не в виде постоянной, но временной меры, учреждением при Ставке его походной церкви.»Бұл қатынас хаттан кейін 23 наурыздағы генерал В.А.Обручевке хатында келесідей дәлелді негіздер келтірілді: «Такое устройство православного храма божия, соответствуя в настоящее время местным здешним обстоятельствам и вполне удовлетворяя не тронет глубоких убеждений народа, еще дико мыслящего и дико чувствующего, ибо в нем он увидит необходимое для православных христиан и несколько до него не

касающееся введение» Бұл шіркеудің құрылысына қаражатты хан жәрмеңкелерде болатын көпестердің немесе православие дінінің басқа да сенушілерінің ерікті садақаларынан жинауды ұсынды [3, 58 б].

1844 жылғы 7 тамыздағы губернаторға келесі хатында Жәңгір хан Ордада христиан шіркеуін салуға қаражат жинаудың басқа көзі жоқ екендігін түсіндіреді. Ол жеке өзінің қаражаттарын есебінен шіркеуді салуды қалайтындығын, бірақ бұл қадамнан екі жағдай тоқтатып тұрғандығын жазады: «1. При глубокой преданности киргизов своей вере таковое пожертвование примется за совершенно противное ей и сильно тронет самые главные религиозные убеждения народа. 2. Покорная правительству Орда ничего не выразит открыто, но между ее войдет и воскоренится недоверие к моему управлению и к моим личным убеждениям и настояниям, которое крайне затруднит мои распоряжения и, главное, ее хозяйства» [4, 147 б]. Бұл хаттар және істің кейінгі өрбулері дәлел болғандай, үкіметтің діни саясаты бұл бағытта сақтықпен жүргізіледі.

Ресей үкіметінің Қазақ жерінде жүргізген діни саясатында ортаазиялық хандықтардың қалынына артуына кедергі жасай білді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап нұсқаушы молдаларды тағайындау тоқтатылды. XIX ғасырдың екінші жартысында шенеуніктердің бірі былайдеп жазды: «Қазіргі кезде біздің үкімет молдаларды тағайындау туралы, қырғыздарға мешіт салу бас қатырмайды. Кез-келген азғантай сауаты бар адам молда бола алады. Кедейлердің жаназасы мәжбүрліктен молдаларсыз өтеді, өйткені кедейлерде күнкөріс көзі жоқ» [2]. Осылайша, рухани өмір тынысын билік идеологиясына сәйкестендіріп, тікелей бақылау үшін арнайы күзеттегі әскер тобын ұстау мен «ахун» бастаған молдалар тобын жасақтау Бөкей Ордасындағы хан билігін бекітіп басқаруды орталықтандыру саясатына қызмет етті [5, 20 б.]. Бұл Ресей үкіметінің діни саясатының бір көрінісі еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тасмагамбетов А.С. История конфессии Казахстана в конце XVIII-начале XX вв. Уральск, 2010. -565 с.
2. Зиманов С. Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство. –Алматы, Арыс, 2009. -400 с.
3. Ауелханов Р.Ф. Қазақ қоғамының саяси өміріндегі Орынбор мүфтилігінің орны мен қызметі (XVIII ғ. аяғы-XX ғ. басы): т.ғ.к. алу үшін даярл. Диссерт. –Алматы, 2010. -147 б. http://auelhanov_RF.kz
4. Нурғалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. – Алматы, 2005. -450 с.
5. Рысбеков Т.З. Бөкей Орда тарихы. –Орал, 2001. -758 б.

МАЗМҰНЫ

Ахмеденов Қ.М. АЛҒЫ СӨЗ.....	3
Сдыков М.Н. КІРІСПЕ СӨЗ.....	4

І СЕКЦИЯ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ АРХЕОЛОГИИ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА

Сдыков М.Н. ВКЛАД Г.А.КУШАЕВА В РАЗВИТИЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ КАЗАХСТАНА.....	5
Рысбеков Т.З. КУШАЕВ ҒАЯЗ АБДУЛВАЛИЕВИЧ.....	9
Мамиров Т.Б., Клышев Е.Е. ВПОИСК ПАМЯТНИКОВ КАМЕННОГО ВЕКА В РЫН-ПЕСКАХ В 2020 ГОДУ (ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ).....	11
Бисембаев А.А., Жамбулатов К.А., Хаванский А.И., Ахатов Г.А., Калменов М.Д., Уразова А.Б. НОВЫЕ ПАМЯТНИКИ РАННИХ КОЧЕВНИКОВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	17
Клышев Е.Е., Мамедов А.М., Баиров Н.М. АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ПОГРЕБАЛЬНОГО КОМПЛЕКСА АКШУКУР 1 ТУПКАРАГАНСКОГО РАЙОНА МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ.....	23
Дуйсенғали М.Н., Мамедов А.М., Баиров Н.М., Уразмағамбетов Н.Н. ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ РАЗВЕДОЧНЫХ РАБОТ НА ТЕРРИТОРИИ ШАЛКАРСКОГО РАЙОНА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 2020 ГОДА.....	32
Ахметова Ұ.Т., Байғалиев Ж.Р. С.П. ТОЛСТОВТЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....	36
Байбулсинова А.С. ҚР ТАРИХЫ КАФЕДРАСЫ ЖҮРГІЗГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	44

II СЕКЦИЯ

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ХАЛЫҚ ТАРИХЫ: ТІЛ, МӘДЕНИЕТ, ДӘСТҮР МЕН ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И НАРОД: ЯЗЫК, КУЛЬТУРА, ТРАДИЦИИ И НАЦИОНАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ

Тастаева Ж.К. ВО ТРАДИЦИЯХ И ОБЫЧАЯХ ПРАЗДНОВАНИЯ НАУРЫЗА У КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	52
Сдыков М.Н. Хайруллина Г.С. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ.....	57
Байбулсинова А.С., Кадешова А.К. СӘЛІМГЕРЕЙ НҰРАЛЫХАНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ.....	62
Есеналин А.Г., Султанов Г.Г. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	67
Гарифуллина А.Б. СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС КАСПИЙ МАҢЫНДАҒЫ САРМАТ МӘДЕНИЕТІ.....	73
Ғұбай А. МЕРГЕН АУЫЛЫНЫҢ ТАРИХЫ, ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР.....	76
Казтуганова Г.С. САВРОМАТЫ И САРМАТЫ В ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЕ В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНА.....	82
Сарсенғалиев Ф.С. МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ И ВОЗРОЖДЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ С ПОМОЩЬЮ САКРАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ.....	87
Опиев Д.Ж. УАЛИТХАН ТАНАШЕВ ЖӘНЕ АЛАШОРДА.....	92
Куандихова С. ДАРА ТҰЛҒА – САНЖАР АСФЕНДИЯРОВ.....	96
Кайдаров А.У. ВЗАИМООТНОШЕНИЯ АБУЛХАЙР-ХАНА С РОДОПЛЕМЕННЫМИ ОБЪЕДИНЕНИЯМИ МЛАДШЕГО ЖУЗА.....	103
Келбетова Э.С. МЕТОДЫ ПРЕПОДОВАНИЯ АРХЕОЛОГИИ РАННИХ КОЧЕВНИКОВ В 5 КЛАССАХ.....	108
Кажимова Н.Ш. ТІЛДІҢ САЛТ-ДӘСТҮРМЕН БАЙЛАНЫСЫ.....	112
Ғұбайдуллин А.С. ЖАҢАЖОЛ (АЙДАРХАН) АУЫЛЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	116
Хожамуратова К.А. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ.....	118
Аубакова А.С. МАЙДАНҒЕР МУРЗАГАЛИЕВ БАРАДОС.....	133
Сисенова А.С. ЖАҢАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ.....	135
Сариева Р.С. БАТЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНҒАН ХАЛЫҚТАР.....	140
Алабасов К.Х. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРАМЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ (1991- 2019).....	147

Байбулсинова А.С., Ерсаев М.Б. МӘДЕНИ МҰРАНЫ НАСИХАТТАУДАҒЫ МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ.....	154
Сулейменова Э.А. РЕСЕЙ ҮКІМЕТІНІҢ БӨКЕЙ ОРДАСЫНА ЖҮРГІЗГЕН ДІНИ САЯСАТЫ.....	168

КУШАЕВ ОҚУЛАРЫ

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы

Сборник международная научно-практическая конференция

КУШАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Ғылыми редактор:

Кужалиева Р.Р.

Компьютерде беттеген және дизайн:

Кужалиева В.М.

Техникалық редакторлар:

Сахметова С.К.

Көлемі 10,9 б.т. Таралымы 500 дана. Офсет қағазы. Тапсырыс № 118
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің редакциялық
баспа орталығы.

Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162